

ULY DALA MURASY

ҚОЛЖАЗБАЛАР ЖӘНЕ СИРЕК КІТАПТАР ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ

ISSN 2221-8521

III/2023(XIX)



Құрылтайшысы: Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесі

Учредитель: Республиканское государственное учреждение «Национальный центр рукописей и редких книг» Министерства культуры и информации Республики Казахстан

Founder: Republican state institution «National center of manuscripts and rare books» of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan

«ULY DALA MURASY» ғылыми-танымдық журналы
«НАСЛЕДИЕ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ» научно-популярный журнал
«HERITAGE OF THE GREAT STEPPE» science-popular journal

Бас редактор: *Жандос БОЛДЫКОВ, Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының директоры, PhD докторы.*

Редакция алқасы: *Қуат БОРАШ, ҚР МАМ Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің төрағасы;*

ӘБЖАНОВ Ханкелді, *тарихшы, ҚР ҰҒА академигі;*

ДҮКЕНБАЕВА Зада, *тарих ғылымдарының докторы, профессор;*

ЖОЛДАСБЕКОВ Мырзатай, *түркітанушы, ҚР ҰҒА академигі;*

КӨМЕКОВ Болат, *шығыстанушы-арабтанушы, ҚР ҰҒА академигі;*

ӨТЕПОВА Гүлфира, *тарих ғылымдарының докторы, профессор.*

МАТЫЖАНОВ Кенжехан, *филол.ғ.д., ҚР ҰҒА корр -мүшесі;*

МУМИНОВ Әшірбек, *т.ғ.д., профессор (IRCICA);*

НҮРЛАНОВА Сағила, *ҚР Ұлттық архивінің директоры;*

САРТҚОЖАҰЛЫ Қаржаубай, *түркітанушы, филология ғылымының докторы, профессор, Халықаралық Шыңғысхан академиясының академигі;*

Главный редактор: *Жандос БОЛДЫКОВ, Директор Национального центра рукописей и редких книг, доктор PhD.*

Редакционная коллегия: *Қуат БОРАШ, Председатель Комитета архивов, документации и книжного дела МКИ РК.*

АБЖАНОВ Ханкелди, *историк, академик НАН РК;*

ДҮКЕНБАЕВА Зада, *доктор исторических наук, профессор;*

ЖОЛДАСБЕКОВ Мырзатай, *тюрколог, академик НАН РК;*

КОМЕКОВ Булат, *востоковед-арабист, академик НАН РК;*

ӨТЕПОВА Гүлфира, *доктор исторических наук, профессор;*

МАТЫЖАНОВ Кенжехан, *д.филол.н., член-корр. НАН РК;*

МУМИНОВ Аширбек, *д.и.н., профессор (IRCICA);*

НҮРЛАНОВА Сағила, *директор Национального архива РК;*

САРТҚОЖАҰЛЫ Қаржаубай, *тюрколог, доктор филологических наук, профессор, академик Международной академии Чингисхан.*

Editor-in-Chief: *Zhandos BOLDYKOV, Director of the National Center for Manuscripts and Rare Books, PhD doctor.*

Editorial Board: *Kuat BORASH, Chairman of the Committee of archives, documentation and book affairs of the ISS.*

ABZHANOV Khankeldy, *historian, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan;*

DUKENBAYEVA Zada, *doctor of historical sciences, professor;*

ZHOLDASBEKOV Myrzatai, *turkologist, academician of NAS RK;*

KUMEKOV Bulat, *orientalist-arabist, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan;*

ОТЕПОВА Gulfira, *doctor of historical sciences, professor.*

MATYZHANOV Kenzhehan, *doctor of Philology, corresponding member, National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan;*

MUMINOV Ashirbek, *doctor of historical sciences, professor (IRCICA)*

NURLANOVA Sagila, *director of the national archive of the republic of Kazakhstan;*

SARTKOZHAULY Karzhaubai, *turkologist, doctor of Philology, professor, academician of the International academy of Genghis Khan;*

МАЗМҰНЫ

СИРЕК ҚОЛЖАЗБА – РУХАНИ МҰРА

Болдыков Жандос	
<i>Кенесары ханның Құраны</i>	4
Отепова Гульфира	
<i>Обзор письменных источников фонда Национального центра и редких книг</i>	7
Сайпулла Моллақанағатұлы	
<i>XIX-XX ғасырлардағы метрикалық кітаптар: тарихи дерек ретінде</i>	12
Қиықбай Қуат	
<i>Естеліктердегі ақын тұлғасы</i>	18
Абсаликов Алмат	
<i>Знамена Золотой Орды и Казахского ханства в исторических источниках</i>	25
Бисенова Гүлсім	
<i>Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталық қорындағы қазақ даласына қатысты статистикалық шолулар; 1906 жылға арналған Жетісу облысы бойынша статистикалық шолу</i>	40

ТАРИХИ ТАЛДАУЛАР

Жәди Шәкенұлы	
<i>Түркі сарбазының айбаты мен көркемдік тұлғасы</i>	48
Ермұханова Хадиша	
<i>Ақтөбе өңірінің даму тарихы: шетелдермен ынтымақтастық жүйе негізінде</i>	52

ҰЛЫ ЕСІМДЕР: ТАРИХ, ТҰЛҒА, ТАҒЫЛЫМ

Бауыржан Мырзақұл	
<i>Белгісіз ақынның белгілі қиссасы немесе Зеренділік Ибрахим кім?</i>	56
Бегарисов Рамазан	
<i>Қайраткер Қабылбек Сарымолдаевтың қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуы</i> . 60	
Қасымбек Гүлзат	
<i>Ж. Қасымбаев зерттеуіндегі Ақмола қаласының әлеуметтік-экономикалық және мәдени аспектісіне қатысты тұжырымдарын талдау</i>	65

ҒЫЛЫМИ АҚПАРАТ

Баймұханов Мұхамедқали	
<i>Мәшһүр адамдар және ұлық – хандар</i>	71
Калиева Маусым-Мамыр	
<i>«Архив және болашақ ұрпақ» жобасы аясындағы «Ашық есік күні»</i>	75
Сая Мұратқызы	
<i>Жапон тарихшысы Ұлттық орталықта</i>	77



Болдыков Жандос Бекділдаұлы

Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының директоры, PhD докторы

КЕНЕСАРЫ ХАННЫҢ ҚҰРАНЫ

Осы жылдың маусым айында Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ ханы Кенесары Қасымұлының Құраны табылғанын мәлімдеді. Мемлекет басшысы өз сөзінде «Жиынның соңында елдің рухын көтеретін тағы бір жақсы жаңалықты сіздермен бөліскім келеді. Әйгілі Марал ишанның Кенесары ханға сыйлаған Құраны табылды. Бұл – еліміздің рухани өміріндегі елеулі оқиға. Марал ишан барша қазаққа танымал адам болған. Ол – төл тарихымызда ерекше орны бар Кенесары

ханның үзеңгілес серігі. Бұл Құран екі ғасыр бойы қолдан қолға өтіп, ақыры шетелге шығарылған екен. Оны жанашыр азаматтардың, меценаттардың көмегімен Қазақстанға қайтарып алдық. Құранда Марал ишанның және Кенесары ханның мөрі бар. Жәдігерге жан-жақты сараптама жасалды. Отандық және шетелдік ғалымдар Құранды мұқият зерттеді. Құранның, расында, Марал ишанға тиесілі болғаны және Кенесары ханға берілгені анықталды. Кез келген өркениетті ел өзінің тарихи мұраларына зор құрметпен қарайды. Оны қастерлеп, мұражайға немесе басқа да





арнайы орындарға қояды. Біз де бабалардан мұра болған әрбір жәдігерді қадірлеп, сақтай білуіміз керек», - деген болатын.

Құранды Президенттің тікелей тапсырмасы бойынша 4 шілде күні Мемлекеттік кеңесші Ерлан Карин Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасына табыстады.

Ерлан Карин өз сөзінде: «Құран қолжазбасының ортасында қазақ тілінде «Қазақ ханы Кенесары. Оған Алланың көмегі болсын. Аллаға үміт артқан (Аллаға қайтатын) кедей құлдың дұғасымен. Мулла Марал ибн Құрбан баба...» деген жазу мен Марал Ишанның мөрі бар, қасына Кенесары ханның мөрі басылған. Ұзақ уақыт бойы шетелдік жеке адамдардың қолында болған қасиетті кітап меценаттардың арқасында Қазақстанға қайтарылды. Отандық және шетелдік сарапшылардың зерттеу жұмыстары нәтижесінде Құранның түпнұсқа екендігі дәлелденді. Құранның бұл нұсқасы қазақ халқының рухани жәдігері екені сөзсіз және тарихи құндылығы өте жоғары» - деп айтып өтті.

Құранның көлемі 16x23 см, кітап ақшыл-сары түсті 744 беттен тұрады. Әрбір бетке 12 жолдан түскен, қолжазбасы қатты шығыстық мұқабамен түптелген. Көркем безендірілген парақтардың басы, ортасы және соңы қолмен жазылған. Сондай-ақ, парақтар алтын, көк, жасыл және қызыл түсті өсімдік суреттерімен әдіптелген.

Бас муфти Наурызбай қажы Тағанұлы Қасиетті Құран кітабын қабылдап, оның еліміздің халқы үшін маңыздылығы жоғары екенін айтып, Құранды қалпына келтіру (реставрация) және оның көшірмесін жасау

үшін Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығына арнайы табыстады.

Ұлттық орталықтың атынан тарихи, құнды жәдігерімізді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу және ұлттық құнды мұрамыздың ұзақ сақталуы үшін реставрация жұмыстарын жүргізуге орталықтың білікті мамандарына сенім арта отырып, үлкен жауапкершілікпен қабылдадым.

2018 жылы Ұлттық орталықта «Реставрация және консервация бөлімі» ашылған болатын. Бұл бөлім – көне қолжазбалар мен сирек кітаптарға тазалау, дезинфекция және дезинсекция, қалпына келтіру жұмыстарын, түптеу, консервация жұмыстарын атқарады. Зертхана АҚШ, Ұлыбритания, Корея, Италия, Жапония, Германия сияқты мемлекеттерде шығарылған озық технологиямен жабдықталған. Соның нәтижесінде Астанада алғаш рет жазба құжаттарды қалпына келтіру зертханасы іске қосылды. Реставраторлар заманауи материалдарды пайдалана отырып, қағаз құжаттарға реставрация жұмыстарын жүргізеді. Мұнда қолданылатын материалдар да әлемдік үрдіс бойынша шетелдерден алынады. Реставрацияға арнайы жапон қағазы Жапон елінен әкелінеді, метилцеллюлоза деп аталатын желім Германиядан, кітап түптейтін тері мен форзац қағаздары Италиядан, қылқаламдар Франциядан, тіпті картонның өзі Голландиядан алынады. Мұның барлығы жұмысты сапалы орындауға және қағазға жасалған





реставрацияның ұзақ уақытқа шыдамды болуына кепілдік береді.

Қазіргі таңда зертхана реставрация және консервация жұмыстарының толық циклін атқара алады. Зертхана қызметкерлері қазақстандық және халықаралық ұйымдарда біліктіліктерін көтеріп, конференциялар мен семинарларға әрдайым қатысып, баяндама

жасап отырады. Орталық мамандары Түркия, Ресей, Иран, Армения, Оңтүстік Корея елдерінің үздік мекемелерінде тәжірибе алмасып, білімдерін жетілдірді. Шетелден алған білімдері мен тәжірибелерін орталық реставраторлары отандық әріптестерімен де бөлісуде. Осы бағытқа арналған «Қазақстандағы жазба мұралардың реставрациясы және сақтау мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинары екі жылдан бері өткізіліп келе жатыр. Семинарға республикалық және халықаралық ұйымдардың мамандары қатысты. Ал, 2022 жылдан бастап Ұлттық орталықта құжат реставрациясы саласы бойынша арнайы оқыту курстары ашылды. Курсқа еліміздің барлық аумақтарынан мамандар қатысып, біліктіліктерін арттырып келеді.

Екі ғасыр ішінде Құран кітап биологиялық және физикалық өзгерістерге ұшырағанымен, ішіндегі парақтары мен жазулары жақсы сақталған. Қалпына келтіру жұмыстары зертханада екі ай жүргізіледі. Толық атқарылған реставрация жұмыстарымен «ULY DALA MURASY» журналының келесі санында таныса аласыздар.





Отееова

Гульфира Елубаевна

д.и.н., профессор ППУ им. А.Маргулан (г.Павлодар), эксперт Отдела организации научно-исследовательской работы Национального центра рукописей и редких книг

ОБЗОР ПИСЬМЕННЫХ ИСТОЧНИКОВ ФОНДА НАЦИОНАЛЬНОГО ЦЕНТРА РУКОПИСЕЙ И РЕДКИХ КНИГ

***Аннотация.** В статье дан обзор и характеристика законодательных источников Российской империи, которые хранятся в фонде Национального центра рукописей и редких книг. К ним относятся опубликованные издания: Полное собрание законов Российской империи, Собрание узаконений и распоряжений правительства, Свод законов Российской империи.*

***Ключевые слова.** Национальный центр, История, Казахстан, законодательные источники, Российская империя*

Сегодня в век компьютерных технологий, инноваций, глобализации и цифровизации всех отраслей человеческого общества, очень важно сохранить свое историческое прошлое, культурно-духовное наследие народа. В этом плане велика роль исторических источников, которые являются связующим звеном между прошлым и будущим, они являются носителями информации о прошлом, частью культурно-исторического наследия всех народов мира. Велика роль в сохранении исторического прошлого принадлежит архивам, музеям, культурно-научным центрам. Одним из таких учреждений, расположенным в городе Астана, является РГУ МКИ РК «Национальный центр рукописей и редких книг» (далее Центр), который располагает на сегодня фондом более 9 тысяч книг и рукописей. Кроме редких

рукописей и книг, в фондах Центра хранятся историко-документальные материалы, имеющие важнейшее значение для изучения истории Казахстана XVIII - начала XX веков.

В данной статье хотелось бы более подробно остановиться на обзоре Фонда №2, который состоит из 4 описей, первые две из которых включают списки книг, касающиеся истории и культуры нашего государства, написанные на тете жазу (178 книг) и латинице (207 книг). Опись №3 данного фонда содержит сведения о законодательных источниках Российской империи (433 издания), которые являются важнейшими источниками изучения истории Казахстана XVIII - начала XX веков. К этим источникам относятся опубликованные издания: Полное собрание законов Российской империи (ПСЗ РИ), Собрание узаконений и



распоряжений правительства, Свод законов Российской империи (СВ РИ).

Полное собрание законов Российской империи - это огромный коллективный труд, подготовленный под общим руководством известного русского реформатора, правоведа М. Сперанского, насчитывает более 150 объемных томов, в каждом томе от 800 до 1400 страниц. В Полном собрании законов собраны законодательные документы по истории Российской империи с 1649 по 1913 г. включительно. Законы, опубликованные в Полном собрании, находятся в хронологическом порядке, и каждый законодательный документ имеет свой порядковый номер и заглавие, которое позволяет понять его суть. Данная структура позволяет легко находить необходимый документ в многотомном издании. Нумерация законов, начатая с первого тома, идет в непрерывном порядке по всем томам первого издания ПСЗ РИ. Первое издание содержит документы с 1649 г. по 3 декабря 1825 г. и состоит из 45 томов (48 книг).

Законы, изданные после 1825 года, вошли в состав второго издания Полного собрания и периодически пополнялись новыми томами. В 1851 году был издан дополнительно к первому изданию ПСЗ РИ общий хронологический указатель, состоящий из двух томов. Ряд узаконений, пропущенных редакцией, были затем напечатаны в особых дополнениях под номерами с буквенными обозначениями. Дополнения за 1825-1850 гг. были изданы в 1855 году под названием «Дополнение ко второму Полному собранию законов» (две части). В дальнейшем такие узаконения помещались в приложения к очередным томам. Во второе издание ПСЗ РИ вошли документы за период с

12 декабря 1825 г. по 25 февраля 1881 г., третье издание ПСЗ РИ включает документы с 1881 г. по 1913 г.

На сегодняшний день данное издание является исторической редкостью, что значительно затрудняет работу с ним как с письменным источником XVIII - начала XX веков. Отдельные тома ПСЗ РИ разбросаны по всем библиотекам стран СНГ. Например, в библиотеке Академии наук Казахстана сохранилось лишь 16 томов первого издания ПСЗ РИ, 23 и 29 тома второго издания, в Национальной библиотеке РК – несколько томов первого и второго изданий ПСЗ РИ. Лишь в Российской государственной библиотеке, в Государственной публично-исторической библиотеке в Москве сохранились почти все тома ПСЗ РИ, правда, также из разных изданий.

Длительное время Казахстан входил в состав Российской империи, поэтому его история нашла непосредственное отражение на страницах Полного собрания законов Российской империи. Однако до последнего времени данное издание рассматривалось в основном как источник по изучению истории России. Материалы по истории Казахстана, опубликованные в ПСЗ РИ, до этого использовались фрагментарно, в основном это относится к известным законодательным документам и реформам (1822 г., 1844 г., 1854 г., 1867-1868 гг.). На сегодняшний день автором в ПСЗ РИ выявлено более тысячи документов (в данный перечень не вошли законодательные документы по казачеству).

В Фонде №2 (Оп.3) Национального центра сохранилось 57 томов Полного собрания законов Российской империи, из них: ПСЗ РИ - 1 изд. – 39 томов, т.е. практически все первое издание; ПСЗ РИ - 2 изд. – 11 томов; 3 изд. – 4 томов. Это является уникальной возможностью для непосредственной научной работы с данным собранием законов, так как во всех трех изданиях ПСЗ РИ (как было сказано выше) содержится материал по истории Казахстана. Это законодательные источники самой империи, которые регулировали общественно-политические, административные и социально-экономические отношения на территории присоединенного Казахстана, и

поэтому отражают суть официальной политики российского самодержавия.

Анализ имеющихся томов в фонде Центра показал, что в сохранившихся томах насчитывается более 270 документов, имеющих непосредственное отношение к истории Казахстана. Первый документ, в котором встречается упоминание о Казахстане, находится в пятом томе первого издания ПСЗ РИ и датируется 1714 годом. Это именной указ, данный полковнику Бухгольцу «О завладении городом Еркетом, об отыскании золотого песка на реке Дарье» [ПСЗ РИ-1, 1830, т.5, № 2811]. Всего в первом издании ПСЗ РИ автором выявлено более 140 документов, которые, так или иначе, освещают события внутренней и внешней истории Казахстана в составе Российской империи. Среди них, например, «Об определении в Оренбург двух киргизских старшин, для прекращения ссор между приезжающими туда купцами, и о принятии в российское подданство хана Большой киргиз-кайсацкой орды Юлборуса» (1738 г.); «О занятии в Сибири мест от Усть-Каменогорской крепости по реке Бухтарме и далее до Телеутского озера, о построении там в удобных местах крепостей...» (1760 г.); «Об определении суммы из сибирских доходов для угощения киргизцев и прочих азиатов, приезжающих на Сибирскую линию» (1764 г.); «Об утверждении Валия султана ханом сей орды и о построении мечети для богослужения сего народа...» (1782 г.); «О мерах для укрощения своевольства киргиз-кайсаков» (1784 г.); именной указ, данный генерал-поручику барону Игельструму «О разделении степи для киргизцев на три части, о построении городов, мечетей, школ и гостиных дворов, о разборе в пограничном суде одних судебных гражданских и уголовных дел и о заведении расправ» (1786 г.); «Об обрядах выбора и утверждения киргиз-кайсацких ханов в их достоинстве» (1792 г.); «О дозволении киргизскому народу кочевать между Уралом и Волгой и заводить по удобствам в лесных местах селения» (1801 г.); именной указ «О переходе степных киргиз на внутреннюю сторону Урала и о подчинении киргиз-кайсаков Меньшой орды Букея султана с народом его

Оренбургской пограничной комиссии» (1808 г.) и другие [1].

Наибольшее количество законодательных документов по истории Казахстана XIX века содержится во втором издании ПСЗ РИ. В Национальном центре сохранилось 11 томов (13 книг) данного издания: 6, 19, 25, 28, 29, 30, 31, 32, 40, 45, 54. В них имеется достаточно законодательного материала (98 документов) по истории Казахстана для дальнейшего изучения. Среди них: «О порядке взимания ясака с сибирских киргизов в Каркаралинском, Кокчетавском округах» (1831 г.); «О прибавке в окружные приказы по управлению сибирских киргизов по одному заседателю и журналисту» (1844 г.); «О продолжении срока облегчения, дарованное купечеству в Семипалатинске, Петропавловске и Омске, по очистке пошлиною привозных товаров» (1844 г.); «О выдаче оренбургским киргизам принайме их в работники линейными жителями, кроме билетов, особых контрмарок и об увеличении сбора за билеты» (1853 г.); «О воспрещении распивочной и дробной продажи питей на вынос в киргизских ордах» (1854 г.); «Порядок учреждения в Киргизской степи по торговым путям караван-сараев» (1854 г.); «О порядке избрания по Киргизской степи в старшие султаны» (1855 г.); «О продолжении дарованной кочующим в Астраханской губернии калмыкам и киргизам льготы в безденежном пользовании солью для собственного их продовольствия» (1857 г.); «О продолжении дарованной кочующим в Астраханской губернии калмыкам и киргизам льготы в безденежном пользовании солью для собственного их продовольствия» (1870 г.); «Об учреждении особой должности инспектора народных училищ для Семиреченской области» (1879 г.) [2].

Третье издание ПСЗ РИ характеризует положение Казахстана как национальной окраины Российской империи. К сожалению, из третьего издания в Фонде №2 Центра имеется только 4 тома (5 книг): 14, 19, 25, 32. В данных томах содержится 40 документов, касающихся истории Казахстана. Среди них: «О применении в Туркестанском крае и Семиреченской области устава о табачном сборе» (1894 г.);



«О пользовании соляными источниками в Туркестанском крае и Закаспийской области» (1894 г.); «О земских сметах и раскладках на 1899 г. в Степных областях» (1899 г.); «Об отмене запрещения вывоза и вывоза верблюдов из Туркестанского военного округа за границу Российской империи» (1905 г.); «Об образовании новых станов в Томской губернии и областях Акмолинской и Семипалатинской» (1912 г.) и другие [3].

Даже из простого перечня законодательных актов видно, как постепенно менялись тактика и суть политики, проводимой империей в отношении Казахстана, по мере продвижения ее в глубь страны и закрепления своих позиций в юридическом, политическом и экономическом плане. Следовательно, Полное собрание законов Российской империи является важнейшим законодательным источником, освещающим историю Казахстана XVIII-начала XX в.

Свод законов Российской (СЗ РИ) империи является одним из основных источников законодательства, используемого в XVIII-XX веках. В данном сборнике также содержится богатый материал по истории Казахстана, который помогает понять, проанализировать и изучить официальную политику, проводимую в крае. Свод законов Российской империи в отличие от ПСЗ РИ, был действующим законодательством, и именно, он позволяет проследить, когда был изменен, дополнен или вообще отменен тот или иной закон. Вместе с тем его изучение должно быть тесно связано с ПСЗ РИ, так как иногда значительная часть или почти весь текст законодательного документа не печатался в Своде.

Весь материал Свода законов построен по отраслевому принципу, который был разработан М. Сперанским и напечатан в течение 1832 года. В начале было выпущено 15 томов, затем в 1892 году издание было дополнено шестнадцатым томом, в который были выделены законы о судопроизводстве. Последняя редакция Свода законов, со значительными изменениями, была предпринята в 1906 г. В рамках Свода законов было выделено два уровня: общегосударственный Свод законов Российской империи, положения которого распространялись на всю территорию страны, и своды местных узаконений, действовавшие в отношении жителей строго определенных территорий. Так как территория Казахстана в середине XIX века полностью вошла в состав Российской империи, следовательно, законоположения, касающиеся этих территорий, также имеются в данном издании. Например, дополнения к положению «Об управлении областями Акмолинской, Семипалатинской, Семиреченской, Уральской и Тургайской» (издание 1892 г.), к положению «Об инородцах» (издание 1892 г.), которое определяет управление инородцев Сибири, Архангельска, кочующих в губерниях Астраханской и Ставропольской и киргизов, кочующих в степях между Каспийским морем, Уральской областью и губернией Астраханской. В томе, который посвящен налоговым сборам, поземельному налогу, различным льготам и т.д., есть главы, которые касаются налоговой системы на территории Казахстана: «О государственном поземельном налоге в областях Сыр-Дарьинской, Ферганской и Самаркандской», «О налоге с недвижимого имущества в областях Сыр-Дарьинской, Ферганской и Самаркандской» и другие.

В Фонде №2 Национального центра сохранилось 307 различных томов Свода законов Российской империи. В основном это тома издания 1842 г., 1857 г., 1906 г., 1913 г. и продолжения к этим томам различных лет. Имеются в Фонде №2 как официальные издания (СПб.: типография II отделения Собственной его императорского величества канцелярии), так и неофициальные издания 1912 г. (СПб.: русское книжное товарищество «Деятель»);

1904 г. (СПб.: товарищество «Общественная польза»); 1913 г. (СПб.: юридический книжный магазин И. Зубкова).

В общем из 16 томов СВ РИ материал о Казахстане содержится в десяти томах, т.е. это значительное количество документов, регламентирующих жизнь казахского общества от административного управления до развития пчеловодства, устройства водопроводных сооружений, о пресечении конокрадства и т.д. Следовательно, можно однозначно сказать, что Свод законов также является историческим источником по изучению истории Казахстана XIX - начала XX вв.

Собрание узаконений и распоряжений правительства Российской империи издавалось с 1863 г. по 1917 г. при Правительствующем сенате, в качестве приложения к «Сенатским ведомостям». Издание выпускалось маленькими тиражами в государственных или правительственных типографиях. В данный источник вносились все материалы, исходящие от имени Сената и помещались они не в хронологическом порядке, а по мере поступления. Все законы впоследствии должны были быть внесены в Полное собрание законов. Издание было периодическим, выходило 2 раза в неделю, потом еженедельно, иногда по 2-3 номера. Сборники нумеровались в пределах полугодия или года. По прошествии определенного времени

составлялся хронологический и алфавитный указатели. Опубликование закона в Собрании узаконений имело значение официального его обнародования. Сейчас эти книги редки и имеют большую историческую ценность.

В Фонде №2 Центра сохранилось всего несколько томов данного издания за 1879 г., 1902 г., а также алфавитный указатель к Собранию узаконений 1880 г., 1893 г. Это издание также содержит сведения по истории Казахстана и является одним из важнейших источников для ее изучения. Законодательные материалы по истории Казахстана, помещенные в данное издание, дублируются в ПСЗ РИ и Своде законов. Работа над этим изданием осложнена тем, что отдельные тома сборника разбросаны по библиотекам, не систематизированы и не учтены.

Таким образом, при изучении истории Казахстана законодательные источники Российской империи имеют первостепенное значение. Законодательные материалы важны для изучения истории казахского народа, так как они помогают проследить и понять суть официальной политики империи, проводимой на территории Казахстана. В совокупности с другими источниками они дают возможность исследовать целый комплекс проблем, касающихся истории нашего государства в составе Российской империи.

Список литературы:

1. ПСЗ РИ-1. - В 45 томах. - СПб: Типография второго отделения Собственной его императорского величества канцелярии, 1830.
2. ПСЗ РИ-2. - В 55 томах. - СПб: Типография второго отделения Собственной его императорского величества канцелярии, 1830-1881.
3. ПСЗ РИ-3. - В 34 томах. - СПб: Типография второго отделения Собственной его императорского величества канцелярии, 1885-1917.

Түйіндеме. Мақалада қолжазбалар мен сирек кітаптар ұлттық орталығының қорларында сақталған Ресей империясының заңнамалық қайнар көздеріне шолу мен сипаттамалар берілген. Оларға жарияланған басылымдар жатады: Ресей империясының заңдарының толық жинағы, заңдар мен үкімет бұйрықтарының жинағы, Ресей империясының заңдар жинағы.

Кілт сөздер: Ұлттық орталық, Тарих, Қазақстан, заң шығару көздері, Ресей империясы.

Summary. Annotation. The article reviews and characterizes legislative sources of the Russian Empire, which are kept in the collection of the National Center of Manuscripts and Rare Books. They include published editions: the Complete Collection of Laws of the Russian Empire, the Collection of Laws and Ordinances of the Government, the Code of Laws of the Russian Empire.

Keywords: National Center, History, Kazakhstan, legislative sources, Russian Empire.



Сайпулла Моллақанағатұлы

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, «Х.Б.Табылдиев атындағы Каспий өңірінің тарихы, археологиясы және этнологиясы» ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері, Атырау, Қазақстан

ХІХ-ХХ ҒАСЫРЛАРДАҒЫ МЕТРИКАЛЫҚ КІТАПТАР: ТАРИХИ ДЕРЕК РЕТІНДЕ

Түйіндеме: Мақалада Ахмет Ахун Қабылұлының өмірбаяны мен Башқұртстан Республикасы, Уфа қаласындағы Ұлттық архивте сақталған жазба мұралары туралы ақпарат беріледі.

Бұл өмірбаяндық, тарихи танымдық мақалада, ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында орталықтандырылған діни басқармада діни-рухани ағартушылықпен айналысқан бұйрықпен жұмыс жасаған (указной) молдалар туралы мағлұмат беріледі. Бабаларымыздың өмірі мен олардың ғажап өркениеті жөніндегі көптеген құжаттар ғылыми айналымға енбей жатқандығы белгілі. Ондай жазба құжаттар әлемнің көптеген елдерінің архивтерінде кездесетіндігі рас. Бұл мақалада елі үшін еңбегі сіңіп, артында жазба қалдырған сондай тұлғалардың бірі Ахмет Ахун Қабылұлының қысқаша өмірбаяны мен артында қалдырған жазбасы туралы мәліметтер қамтылған.

Түйін сөздер: қазақ, қолжазба, білім, ел, жер, дін, ислам, ру, әлеумет, жазба мәдениеті, қоғам, тұлға, тарих.

Тәуелсіздік жылдарында халқымыздың өткенін зерттеуге қатысты ауқымды жұмыстар атқарылды. Еліміздің тарихи жылнамасындағы ақтандақтарды қайта қалпына келтіруге жол

ашқан «Мәдени мұра» бағдарламасы табысты іске асырылды. Бірақ, бабаларымыздың өмірі мен олардың ғажап өркениеті жөніндегі көптеген деректі құжаттар, әлі де болса, ғылыми айналымға түскен жоқ. Олар әлемнің бүкіл архивтерінде өз іздеушісі мен зерттеушісін күтіп жатыр [7]. Қазақ халқы өзінің жазу мәдениетінде бірсыпыра уақыт бойы жазба әдеби тіл ретінде түркі тілдес халықтардың сауатты ұрпақтарына жақсы таныс болған, белгілі дәрежеде нормаланған шағатай немесе түркі аталған тілді пайдаланды. Бұл тіл барлық кезде бірқалыпты болған жоқ [6,116 б.]. ХІХ ғасырдың екінші жартысына дейін қазақ жазбаларында араб графикасына негізделген жазу дәстүрі берік орын алды, назарларыңызға ұсынылып отырған жазбалар да осы негізде жазылған.

Ахмет Ахун Қабылұлы 1837 жылы туған. 23.01.1915 жылы қайтыс болған [1], жерленген жері бүгінгі Атырау облысы, Исатай ауданындағы Бекайдар құмында. Басына кейіннен қойылған ескерткіш белгі тақта таста:

«Ілім, білім ұстаздан, Ақыл парасат ата тегінен. Бөкен Би. Ахун хазірет Қабылұлы Ахмет 1831 – 1914 жж.» деген жазу бар [5]. Ұрпағының бірі Парит ақсақал атасы туралы және ол кісі туралы естігендерін былай баяндап берді: «Бір жылдары Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне зиярат етіп бардым, мен білетін Ахмет атаулының барлығы тегін кісілер болмаған, мысалы Қонайып та Ахметұлы, шындығында кітап ашып қараған адам бұны көреді. Ахун ағамыз қайтыс болғанда кісі көп болыпты, бір жетідей ұсталған, алыстан адам шақырылған. Сағижанның бастамасымен ұрпақтар болып атаның басына түнек салып, ескерткіш тақта орнатылды. Бүгінде ол жер халық зиярат етіп, түнейтін тілеуханаға айналды. Мінәжат етіп, Алладан сұрап, дертіне дауа тауып жатқан қалың жұрт баршылық, 2014 жылы жүзге жуық ұрпағы жиналып ас бердік. Ағамыз Ахун Қазірет атанған, қажылыққа екі рет барған, Қабыл ағамыз да, Тұқпаш ағамыз да қажылықта болған [2]. Қабыл Қазірет кезінде Жәңгірханның ордасында бас мүпті болып жұмыс істеген. Ә.Ғабдуллин мен Қ.Ғабдешевтің «Нарыннан Бөкей бастап өтіп еді» деген кітабындағы Борсықтың сол жағалауынан мешіт салуға казак-орыстардан жер сұрап келетін Есентемір, хазірет Аткалтіров Қабдолла (дұрысы Қабыл) Орда қазақтарының арасында ислам дінін кеңінен таратуда ерекше еңбек сіңірген адам. Олай дейтінім, Бөкей ордасындағы ислам дінінің бас лауазымы – ахон болып жиырма бес жылдың үстінде қызмет атқарған Джапар Қаматовтың орнына «Уақытша кеңес» осы Аткалтіров Қабылды тағайындаған (Астрахан губернасының естелік кітабынан). Ислам дінінің имандылық қағидалары бойынша дарыған осы қасиетті адамның баласы Ахмет те, 1939 жылы репрессияға ұшыраған немересі Тұқпатолла да Нарынның Беғайдар құмында мешіт ұстаған хазіреттер. Олардың тәрбиесін көрген Тұқпатолланың баласы Кәрім де кешегі кеңес үкіметі заманында да сауатты молда атанып, 1980 жылдардың аяғында қайтыс болды. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей атақ, абыройы тек Атырау өңіріне емес, республикаға белгілі, талай-талай жоғары лауазымды қызметтер атқарған, күлімдеген жүзіне имандылық үйіріліп, биязы мінезі мен

кісілік те, кішілік қасиеттеріне ел риза болатын Шайдолла Каримов сол Қабыл ахонның төртінші ұрпағы [9, 49 бет.]. Қабыл қазіреттің жерленген жері де Нарын құмында, Алтықұдық-Қиямберді деген жерде, арасы шығысқа қарай 7-8 шақырым, әзірше нақтыланбады, құлпытастардағы араб жазуын оқитын адам болмады [2]. Ахмет ахунның ата тегін тарқатып айтқанда былай болады: қазақ, кіші жүз, он екі ата байұлы, Есентемір руының Тағашы тайпасы, Қожамбет бөлімінен; жеті атасы Қабыл, Аткалтір, Өтеулі, Рыскелді, Рысқұл, Бердалы, Қожас, Қожамбет; Ахмет ахуннан туған ер балалары: Ибатолла, Сиғбатолла, Зейнолла, Тұқпатолла, Ниғматолла, Пазлиден (Фазлолла. 1879 – 1955ж.) [4]. Ахмет Ахун бастапқы діни білімді өзінің әкесі Қабыл Қазіреттен алған. Одан кейін Орынбор губерниясы, Стерлибаш ауылындағы атақты медресені тәмамдаған, Мұхаммед-Харис Ниғматоллаоғлы деген Қазіреттен тәлім алған. Бұл кісі заманының өте атақты ғұламасы атанған, қазақтан да көптеген азаматтар осы кісіден білім алған, 1810 жылы туған, 1833 жылы Бұхараға білім алуға барған, 1841 жылы толық аяқтап, еліне қайтып келіп медреседе сабақ берген. Стерлибаш медресесі ресей аумағындағы ең ескі медреселердің бірі саналған, халық «Кіші Бұхара» деп атап кеткен Стерлибаш медресесі 1720 жылы ашылып, 1923 жылға дейін жұмыс жасаған. Мұхаммед-Харистің әкесі Ниғматулла Қазірет 1813 жылы басқарған. Ол кезде де Қазақ даласынан көптеген шәкірттер оқыған. Татар-башқұрт арасынан шығып түркі әлеміне танылған тұлғалар Салауат Йұлайев, Ақмолла Мифтахуддин, Мирсалих Бекчурин, Зәки Уәлиди Тоған сықылды оғандар да Стерлибаш медресесінде білім алып, рухани тәрбиеленген азаматтар. Орынбор Ислам Қоғамының төрағасы әрі алғашқы мүфтиі Мұхаммеджан Хұсайнов та сол медресенің түлегі. Қазан төңкерісінен кейін НКВД қызметкерлері тарапынан оқу орнының базасындағы араб қарпіндегі кітап-қолжазбалар жойылған.

Ахмет Ахун, 1904 жылы Қанайбек құмындағы Орталық мешіттің указнойы, әрі Ахуны болып тұрғанда жасы 67 деп көрсетілген. Дәл сол кезде баласы Молда Тұхфатолла азаншы және мұғалім, 40 жасында деп тіркелген. Көмекші

имам және азаншысын таныстырған жазбада өзін «Қажы Ахмет Қабылұлы» деп көрсеткен, яғни Қажылықта да болғандығын көрсеткен. Указдыққа №3617, 1865 жылы 30 шілдеде бекітілген. Ахундыққа №3189, 1894 жылы бекітілген. Ахун ислам діні қызметшілерінің лауазымы, мүфтиден кейінгі діни атақ. XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ даласында дін қызметшілері тексеруден өткізілгеннен кейін, үкімет тарапынан тағайындалып отырды. Бұхар хандығында ислам діні мамандарының ең жоғары лауазымы ахун болды. Мүфтидің шарифат негізінде айтқан шешімі ахунның келісімінсіз жүзеге асырылмайтын [3]. Ахмет ахун Орынбор Губернасы, Стерлибаш ауылында, Мұхаммед-Харис Неғматоллаоғлы қазіреттен тәлім алған. Тұрғылықты жері Бірінші округ, 9 нөмірлі Есентемір руының ауылы деп аталған, кейін халық арасында бұл ауыл «Қабыл» ауылы деп аталып кеткен. Құмдағы бөлек-бөлек отырған ауылдар Қабыл ауылының мешітіне қараған, әрі 4-5 шақырым жерден діни рәсімдерге қатысуға және өздерінің жеке рухани шаруаларымен келетін болған. Бұл мешіт Бөкейұлы Жәңгір хан заманында салынған. Мешітті, 1833 жылы, 9 саратанда №74 бұйрық бойынша салдырған марқұм Қабыл Қазірет Аتكелтірұлы яғни Ахмет Ахунның әкесі. 1904 жылы осы мешітке қараған тұрғындар, көрші ауылдарды қосып санағанда 640 жан болған, оның ішінде 350 ер кісі, 290 әйел кісі. Бұл кезде ауыл Қажытархан Губернасына қараған. Ауылда мешіт жанынан ашылған медресе болған, 20-30 шақты шәкірт оқыған. Оқу құралдары бастауыш шәкірттер үшін «иман шарт», «әптиек», «кәләм шариф» болған. Илми фикһтан «тағаллұм тариқ», «бұхарзада», «Мұхтасар Уикая» кітаптары оқытылған. Ахмет Ахунның ұрпағы да қоғамдық, рухани-ағарту жұмыстарына белсене араласқан, кейін дінге қарсы саясаттың кәріне ұшырап, қилы тағдырды бастан кешірген. Мысалы жоғарыда аталған Тухфатолла Ахметұлы бір кездері әкесінен білім алып, ресми түрде 37 жасында, 30 мамыр 1899 жылы «муэззин-муғаллим (азаншы – мұғалім)» және бас имам көмекшісі болып бекітілген. Кейін халық арасында Тұқпаш Қазірет атанған. Ол кісінің зираты жоқ,

1937 жылдары жала жабылып ұсталған, Гуриев түрмесіне жабылып, кейін Орал түрмесіне айдалған, одан кейінгі тағдыры бүгінге дейін белгісіз. Ұрпағының естелігінде «әкесін түрмеге алып кеткенде, бір баласы әскерге бара жатқан» деген керемет тарихи сөз қалыптасқан. Кейін бір баласы Мұтиғолла әкесін ақтап алады, газетке шығарады [2]. Тұқпаш қазіреттен туған ер балалары: Шапау, Файзолла, Ғаллем, Кәрім, Мүти, Қален, Қалеш, Қабден[4]. Қален молда, ата жолын қуып, заманның қысымына қарамастан халқына өмір бойы рухани қызмет көрсетіп, елінің алғысын алған кісі. Ниғмаш деген баласы молдалық құрмаған, Жәңгірдің ордасына барып Старшина әкім болған [2].

Бүгінде Ахмет Ахунның Уфа архивінде сақталған 8 метрикалық журнал-кітабының қолжазбасы анықталып, Қазақстанға көшірмесі әкелінген. Бұл жазба мұралар 1866, 1867, 1869, 1871, 1875, 1880, 1892 және 1904 жылдары жазылған. Әр жыл үшін бір метрикалық кітап арналған, әрі жаңа жылдың басында Орынбордағы діни басқармаға барып толтырған журналын тапсырып, жаңа жылдық жоспармен танысып, жаңа журнал алып отырған. Ресми Имам бара алмай қалған жағдайда сенімді өкілдері арқылы есебін тапсырған. Қолжазба архив құжаты ретінде әр түрлі өңірлерден сол жылғы жиналған метрикалық кітаптармен бірге түптелген. Метрикалық кітаптар бүгінгі Қазақстанның, Семейден Жетісуға дейінгі аймағында, Орталық Қазақстанның кейбір аймақтарын және Солтүстік Қазақстан мен Торғай және Бөкей Ордасының аймағын қамтиды, яғни осы өңірдің имамдары жүргізіп отырған. Түптелген құжаттың қатты қағаздан мұқабасы бар.

Мұқабә бетінде сақталған қордың нөмірі, тіркеу нөмірі және істің нөмірі жазылған. Үлкен қаріптермен мөр етіп басылған ұйымның орысша атауы «Орынбургское Магометанское Духовное Собрание» деп басылған. Орта жағында Метрикалық кітап, 1866 жыл, с №1 по № 129, том I деген жазу орыс тілінде орын алған. Әр кітаптың өзінің нөмірі болады, мысалы №69, қай жылға арналғандығы мысалы, 1866 жыл, қай мекеме тарапынан жүргізілгені «Орынбор ислам заңы қоғамы» мұсылмандар

үшін метрикалық кітап деп берілген. Және қай өңірде жүргізілгені жазылады мысалы «ішкі қазақ ордасы теңіз жағалауы округі, бірінші округ есентемір руы деп берілген, кейінгі жылдарда Есентемір ауылы №9 старшындық деп бекітілген. Бұлармен қоса метрикалық кітапқа жауапты имамның аты-жөні толық көрсетіледі. Кітап мұқабасындағы жазуларда тіркеу кітабы қанша беттен тұратындығы жазылған, әр түрлі жылдарда 10-24 бетке дейін өзгеріп тұрады. Одан соң кеңеске мүше қази-молданың аты-жөні жазылып, қолы қойылады. Әрі қарай арнайы тігіспен, басылған мөр орын алған. Тіркеу кітабы араб қарпімен жазылған, түркі тілінде. Араб-парсы сөздері араластырылып жазылған жерлері де бар. Басты діни терминдер араб тілінде қалдырылған. Жазба кесте түрінде жасалып, толтырылған, бастапқы жылдары кесте қолмен сызылған, кейінгі жылдары баспаханадан шығарылған журналдар түрінде үлестірілген, соған қарап толтырған.

Әр жылдағы журнал-кітап төрт бөлімнен тұрады, бірінші бөлім – туылғандар, екінші бөлім – некелескендер, үшінші бөлім – ажырасқандар, төртінші бөлім – қайтыс болғандар туралы ақпарат жазылған. Әр түрлі жылдарда бұл рет те ішінара өзгеріп тұрады. Жазба араб графикасы негізіндегі түркі әліпбимен жазылған. Тілі де түркі тілінде, яғни кітаби тіл.

Бірінші бөлімі «туылғандар туралы». Бұл бөлімде, ер бала не қыз бала екендігі жазылған ұяшыққа рет саны жазылады, одан соң жынысы мен есімі жазылады. Қай күні, қай айда туылғандығы жазылады. Айлар григорияндық ай атаулары бойынша берілген, мысалы 5 ғенуарда яғни, 5 қаңтарда. Одан кейінгі бөлімде баланың әкесі кім екендігі, руы, тайпасы, бөлімі, ұлты, кімнің баласы екендігі және шешесінің аты жазылады. Соңғы бөлімде баланың туған жері, қандай ауылда, оның қай жерінде туғандығы жазылған. Құмда отырғандағы кейбір ауыл атаулары мынадай болып келеді: Ару құмы, Текей ауылы, Абдолла ауылы, Баянкер ауылы, Баян құмы, Бекайдар құмы, Толыбай ауылы, Нысанғали ауылы, Атақозы ауылы, Алдаберген ауылы, Қыдырбек ауылы, Гуриев қаласы, Қанайбек құмы, Жайылмас ауылы, Жашке ауылы, Шәкінұн ауылы, Қилыбай ауылы, Өзек

құмы, Қосан ауылы, Аймұхаммед ауылы, Ақбай ауылы, Қожбан ауылы, Тамшы құмы, Құлмұхаммед ауылы, Хан ордасы, Теңіз жағасы.

Екінші бөлімі, «некелескендер туралы». Бұл бөлімде бірінші рет саны жазылады, одан кейін қай ауылдың тұрғыны және оның руы қандай, рудың ішіндегі тайпасы және оның ішіндегі қай бөлімінен, ұлтының атауы, кімнің қызы кім екендігі, қанша жасында екендігі, күйеу жігіттің руы, тайпасы, бөлімі, кімнің баласы кім екендігі, қанша жасында неке қиылғаны жазылады. Үшінші бөлімінде қайсы айдың нешесі күні неке қиылғандығы жазылған. Одан кейінгі бөлімде қыз жақтан кім уәли уәкіл болғандығы, және туыстық қатынасы, және таңбаларын салады, кейінгі жылдары таңбаның орнын қол қою сөзі ауыстыра бастайды. Сосын жұптар, өздерінің келісімдерімен үйленіп жатқандығына куәгер болған кісілердің аты-жөні, ұлты, салған таңбасы орын алады. Бұл куәлар екі кісі болады. Одан кейінгі бөлімде қалыңмалы көрсетіледі. Қалыңмал түйе, боталы түйе, жылқы, сиыр және бұзаулы сиыр, тайөгіз, қой сияқты ірілі-ұсақты мал түрінде және манат, сом деп аталатын күміс ақшалар түрінде белгіленгені, нақты берілгендігі мен несиеге қалдырылғаны, қалыңмалды алушының аты-жөні, туысқандық қатынасы, жазылады әрі таңбасы салынады. Қалың малдың мөлшері де (1866) бір бас жылқы, бір құнажын бие не екі қозылы қой, яки 30 қой, 8 сиыр, я 40 қой, не 1 бота тайлақ, 1 қой, я болмаса 1 бас жылқы, не 1 түйе, 6 қой я 3 бас жылқы, не 1 бота тайлақ яки 40 қой, 2 ат не 13 сиыр, немесе жүз манат, я 60 манаттай болған. Соңғы бөлімінде, тағы да ауылдың атауы, рудың атауы, лауазымы, қайсы мешіттің қызметкері екендігі, неке қию рәсімін қалай жүргізгендігі яғни, куәлар мен қалыңмалдың аталғанын, рәсімді куәландырып неке қиған өзінің дәрежесі мен аты-жөнін жазып қолын қойып отырған. Неке бөлімінде әлімұлы, жетіру және байұлы бірлестігіне кіретін көптеген рулар аталады. Бұл үйленетін кезде алыстан алу дәстүрін ескергендігінің көрінісі болар. Ауылдың негізгі тұрғындары есентемірлер, оның ішіндегі көн, сулықөз, тағашы тайпалары, адай руы, тобыш тайпасы, кете руы қыпшақ тайпасы, адай руы жаман адай

тайпасы, кете руы естек тайпасы, беріш руы құлкеш тайпасы, жаппас руы қаракөз тайпасы, адай руы, таз руы, жастабан тайпасы, таз руы жарға тайпасы, тама руы, беріш руының бегіс тайпасы, беріш руы есенгүл тайпасы, беріш руы себек тайпасы, беріш руы есен тайпасы, адай руы тоқпанбет тайпасы, жағалбайлы руы.

Үшінші бөлімі «ажырасқандар туралы». Бұл бөлім де рет санымен басталады, одан соң ауыл атауы, руы және тайпасы, оның ішіндегі бөлімі, ұлты, кімнің әйелі кім екендігі, әйелдің қай ауылдан екендігі, талақ айтылғандығы және оның қандай түрімен ажыратылғандығы жазылған. Одан соң қай күні, қай айда ажырастырылғандығы, кейбірінде аптаның қай күні екендігі жазылған. Бұл кісі кім кімнің баласы, әйелі кім, және кімнің қызы, не үшін ажырасып жатқандығы, кейде талақтың қай түрімен ажырасқандары жазылған. Осыны растап таңбаларын салады. Кейде қалыңмалды қайтару мәселесі, не әйел тарапынан ажырасу талабы қойылған болса, күйеуіне беретін дүниенің мөлшері жазылған. Әдеттегідей соңғы бөлікте ауыл атауы, руы, және талақты жүргізген кісінің дәрежесі, тексеріп тіркегені жазылып, ажырастырғаны туралы растап қолын қойғандығы жазылады. Бұл кестелердің бөлімдері кейбір жылдары өзгеріп отырады.

Төртінші бөлімі, «қайтыс болғандар туралы». Бұл бөлімде, ер кісі немесе әйел кісінің реттік саны, жынысы, қайтыс болған кісінің есімі мен әкесінің аты, қай күні және қайсы айда қайтыс болғандығы, неше жасында қайтқаны, не себептен қайтыс болғандығы және қай жерге жерленгендігі жазылған. Қайтыс болу себептері ретінде бас ауруы, жунун ауруы, жүрек ауруы, кәрілік, мыраз ауруы, шекөтке ауруы, іш ауруы, бала үстінен, сүзек ауруы, қызылша ауруы, көкжөтел ауруы, құрт ауруы, шешек ауруы, кезік ауруы т.б. себептер көрсетілген.

Жерленген жері жазылған бөлімде де жер-су атауларына байланысты көптеген деректер кездеседі. Жерленген кісінің ауылдың шығыс не батысындағы, арқа не төменгі жағындағы орындарға жерленгендігі де ерекше құндылық.

Қорыта айтқанда, Башқұртстан архивінен әкелінген бұл қолжазбалардың және онда сақтаулы тұрған Қазақстанның Батыс, Торғай, Солтүстік, Орталық Қазақстанның кейбір аймағы және Семейден Жетісуға дейінгі аралықты мекендеген қазақтардың XIX-XX ғасырлардағы қоғамдық өмір салтын қамтитын бұл қолжазбалар болашақта ең құнды рухани мұраларымыздың біріне айналары хақ, оның үстіне Қазақстандағы ислам мәдениетін дәстүрлі негізде қалыптастыруда бірден-бір жазбаша дерек көзі деп бағалауға тұрарлық. Бұл жазбалардан әр түрлі сала зерттеушілері мол мағлұмат ала білетіндігіне сенімім кәміл. Жазбалардағы жер-су атаулары, кісі есімдері және олардың туыстық байланыстары, адамдардың туылып және қайтыс болғандағы нақты даталары өз басына бір төбе. Қазақтың басынан қилы-қилы заман өткен, ең соңғыларын сұрапыл екінші дүниежүзілік соғыс десек, осы аралықта қаншама қазақ дәстүрлі тектік тізбектен алыстап кетті, тіпті туған ата-анасының кім екендігі ұмыттырылған кез де болды. Соның салдарынан қаншама қандастарымыз тегін білмей, о дүниелік болып кетті, бүгінде көзі тірілері өздерінің туыстық қатынастарын реттегісі келіп жүргендері қаншама? Міне, бұл жазбалардың осы тұрғыдан да азаматтардың тегін анықтап, қалыптастыруларына зор әсерін тигізетіні рас. Бұл тіркеу кітаптары – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас жағындағы қазақ қоғамының жазба мәдениетінен, әлеуметтік, саяси, экономикалық және т.б. өмір салтынан хабар беретін орны ерекше ұлттық құнды мұра.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құжат сақталған мекеменің атауы: ГКУ Национальный Архив Республики Башкортостан 450000, г. Уфа, ул. К. Маркса, 4. Тел./факс: (8347) 272-04-13. cgiarb@gasrb.ru
2. Үнжазба. Ахмет Ахунның шөбересі 1938 жылы туған Хұсынұлы (Хұснәддин) Парит (Ғабдолфарид) ақсақал, 2018ж.

3. Энциклопедия «Ислам»/Бас редактор Р. Нұрғалиев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995.
4. <https://tumalas.kz/shejire-view/>
5. Ескерткіш тақта. Суретке түсірген Моллақанғатұлы С., 2018ж.
6. Әбілқасымов Б. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. (Баспа нұсқалар тілі негізінде). – Алматы: Ғылым, 1982. – 224 б.
7. Нұрсұлтан Назарбаев, Қазақстан Республикасының Президенті, Ұлы даланың жеті қыры <https://aikyn.kz/2018/11/21/73794.html>
8. <https://kitap.kz>, №51.
9. Сайфулла Сүйінов. Бөкей ордасы. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2000 ж. – 184 бет.

Резюме: В статье дается обзор биографии и наследия Ахмета Ахуна Кабулова из Национального архива Республики Башкортостан, Уфа.

В этой биографической историко-познавательной статье рассказывается о муллах, работающих в централизованном религиозном управлении в конце 19-го и начале двадцатого века, занимающихся религиозным и духовным просвещением. Общеизвестно, что многие документы о жизни наших предков и их замечательных цивилизаций не поступают в научный оборот. Это правда, что такие записи находятся в архивах многих стран мира. Эта статья содержит краткую биографию Ахмета Ахуна Кабулова, одного из тех людей, которые работали на его страну и оставили запись за этим.

Summary: The article provides an overview of the biography and heritage of Ahmet Ahun Kabulov from the National Archives of the Republic of Bashkortostan, Ufa.

This biographical historical and educational article tells about the mullahs who worked in centralized religious management in the late 19th and early twentieth centuries, engaged in religious and spiritual education. It is well known that many documents about the life of our ancestors and their wonderful civilizations do not enter into scientific circulation. It is true that such records are in the archives of many countries of the world. This article contains a brief biography of Ahmet Agun Kabulov, one of those people who worked for his country and left a record for this.



Қиықбай Қуат Қазезұлы

Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік музей-қорығының аға ғылыми қызметкері

ЕСТЕЛІКТЕРДЕГІ АҚЫН ТҰЛҒАСЫ

Түйіндеме: Бұл мақалада хакім Абай Құнанбайұлының өмір белестері мен шығармашылығы туралы айтқан ақын замандастарының естеліктері ғылыми негізде сараланып, зерттелген.

Кілт сөздер: Абай, Құнанбай, ақын, естеліктер, поэзия,

Абайды тану – адамды, адамзат баласын яғни зер салған адамның өзін тануы деп ұқсақ, онда абайтану ғылымы да биік белеске көтерілген болар еді. Жиырмасыншы ғасырдың аяғынан бастап, әлемдік деңгейде Абай тойы аталып өткен Тәуелсіздік жылдарынан бері Абайға және оның айналасына деген көзқарас жаңаша бағыт алды десек артық сөз емес. Себебі кейінгі жылдардағы Мәскеу мен Омбы қалаларындағы ақынның және оның маңындағы жандарға қатысты архив деректері ғылыми айналымға қосылды. Бұған қоса Абай музейі қорындағы ақынның көзін көрген замандастары қалдырған қолжазбалар мен Ұлттық архивтегі материалдар қоры жалпақ жұртқа жарияға шығуы Абайды тануға жалпы абайтану ғылымына қосылған өлшеусіз үлес.

Біз хакім Абай Құнанбайұлының туған-туыстары мен оған жақын жүрген жандардың естелігінен өзіміз осы күнге дейін көркем туындылардан танып келген Абайды басқа арнадан кездестірсек онда Абайға жақындап, оның жыры мен сырына терең үңілгеніміздің

үлгісі осы. Бұған себеп естеліктердегі Абайдың мінез-машығы, қарапайым тіршіліктегі адамгершілік пен адалдыққа негізделген өсиеті, одан бөлек сан-салалы ғылым мен өнерге өресі жетіп, әлем халықтарының мәдениеті һәм әдебиетінен хабары болғанын ұғып сан қырлы Абайдың тарихи тұлғасының жұмбағы мен құпиясы ашылады.

Ал, бұл дүние ғылыми негіз бола алатындықтан абайтану ғылымы жалған пафос пен жасандылықтан ада болып бізге тым жақындай түсетіні кәміл. Бүгінгі ХХІ ғасырдағы абайтану ғылымының ақсақалы һәм асқан білгірі Мекемтас Мырзахметұлының пайымына сүйенсек: «Абай өмірбаяны – абайтанудың іргелі саласы» [4. 12]. Демек, Абай туралы естеліктер де абайтану ғылымының іргелі саласының іргетасын қалайтын яки қалауға тұрарлық ерекше дүние екенін ескерген жөн.

Бар саналы ғұмырын Абайды білмекке арнап, адалдық жолынан айнымай адамдық борышын өтеген ғұлама ғалым, кемеңгер жазушы Мұхтар Әуезов Абайға қатысты жайттарды жете

білу үшін зертеушілер мен Абайдың ғұмыр жолына қызығушылық танытқан жандардың әр деректі жинау мен білуін «Абай Құнанбаев» монографиялық зерттеу еңбегінің «Абай жайын зерттеушілерге» тарауында да өсиет етіп, осы іске таным-түйсікке сүйеніп келуді айтқан еді. Онда ол: «Абай кешкен өмірді, Абай қалдырған мұраны тану керек, зерттеу керек дегенді бәріміз түсіндік. Күннен-күн, жылдан-жыл өткен сайын осы істерге көңіл бөліп, зер салушы саны молайып келеді. Осы ретте көбіміз ескере жүретін бірнеше соны жайлар тағы бар. Ол Абайдың өзі ғана емес, сол Абайдың заманын, ортасын, үй тұрмысын, салт-дәстүрін, машық-мерзімін білу деген сөз. Бұларды жалғыз Абайдың басына ғана байланысты түрде ескеру емес, жалпы сол кездің бір кескіні, бір бұйым белгілері есепті ескеру керек» [2. 254-255] - деп нақты дерек пен дәйектің ақ-қарасын айыруды айтады.

Абай сүрген ғұмырды өзінің естелігі етіп қалдырған өресі биік жанның бірі данышпан ақынның інісі Ысқақтың немересі Әрхам Кәкітайұлы. Ол «Абайдың өмір жолы» еңбегінде: «Мен үш бірдей дәуірді: ру-феодализм, капитализм, социализм дәуірін көзіммен көріп, басымнан атқарған адам бола тұрып, кешегі өмірде, әсіресе Абай өмірімен байланысты көріп-білген шындығымды аузына қара құлып салған темір сандықтай ол дүниеге алып кетсем, ұрпақ менің ол ісімді кешірімес еді. Міне, мен сол өмір шындығынан өзегіме түскен, сары майдай сақтап келген азды-көпті байлығымды ұрпағыма өткен дүниеден әкелген базарлық ретінде қалтықсыз қалдырып кеткім келеді» - дей келе, Абайдың ғұмырбаянын арнаулы тақырыптарға бөліп баяндап береді. Абай ғұмыр кешкен дәуірді бейнелі тілмен баяндай келе, ақынның өмірге келген күні мен ең алғаш азан шақырып қойған есімін тайға таңба басқандай етіп әңгімелейді. [5. 29]

Семейдегі сексен жылдам астам тарихы бар Абай музейінің қолжазбалар қорында сақталған естеліктің түпнұсқасында: «Құнанбай ауылы Қасқабұлаққа келіп қонғаннан кейін 1845 жылы ескіше 10 август күні Құнанбайдың екінші әйелі Ұлжан толғатып, бір ұл дүниеге келеді. Мынау үшінші ұлының атын Ибраһим деп арабшалап



1-сурет. Абай музейі

қояды. Ибраһим Мұхаммед пайғамбардың ұлы атасы, өзі де пайғамбар атағын алған адам екен. Бұл атты баласына қоюы Құнанбайдың өз ортасынан ерекше дін жолына берілгендіктің белгісі сықылды» - дейді. [2. 31-32]

Абайдың немере інісі Әрхам Кәкітайұлының өзінен 1958 жылы алынған жазбада қазақтың көшпелі мәдениеті, аттың жалында түйенің қомында тірлік кешкен сайын дала төсін мекен еткен халықтың дәстүрі, мұсылман дінін ұстанған Құнанбайдың діннен хабары бар адам екендігі ерекше көзге түседі.

Әлди-әлди Абайым,

Атқа тоқым жабайын.

Тыста жүрген апасын,

Қайдан іздеп табайын, - деп аналық мейір-махаббатын төгіп, бесік жырын айтып отырған Зере әже бейнесі де сондай бір ыстық, сондай бір мейірлі болып сезіледі. Бұдан бөлек, Құнанбайдың қоғамдық келбеті, Ұлжан ананың арғы тегі мен мінезі, жасынан мұсылманша сауат ашып, білімге талпынған зерек, ұғымтал болған бала Абайдың қасиеті, Семей қаласындағы медреседе үш жыл оқып, одан кейін «Городская приходская» дейтұғын орысша мектепке түсіп, өте жақсы деген бағалау қағазын алып қайтқандығы жайында да майдан қыл суырғандай етіп айтылады.

Ә.Ысқақов әңгімелейтін естеліктің қалған бөлімдерінде де хакім Абайдың сан қырлы екендігіне көз жеткізесіз: «Әкесі Құнанбайдың Ғабитхан деген татар молда ұстап Ескітам деген жерден медресе салғызып, бас болып Құдайберді, Тәңірберді, Абай, Ысқақ, одан кейін Құнанбайдың кіші әйелі Айғыздан

туған баласы Халиолланы ескіше дін оқуын оқытады. Абайдың қолдауымен ендігі орысша оқуға жіберсем деп ойлағаны – дін оқуын оқып жүрген екі інісі Ысқақ пен Халиолланың біреуі болатын. Елдің сынынша Ысқақ пысық, ұғымтал, ақкөңіл болады. Халиолла сабырлы, көп сөйлемейтін тұйық болатын дейтін. Омбы қаласына барып, Омскідегі «Кадетский корпуске» оқымақшы болған екен. Енді мына Халелді соған апарып беруге талаптанады. Абай барлық жол жабдығын дайындап, Семейге өзі ертіп барып, жетерлік ақша беріп, Халиолланы моллаға ертіп аттандырады [5. 43].

Абай хақында толымды әрі көлемді естеліктер саны төртеу десек. Соның біреуі осы Әрхам Ысқақов жазған естелік. «Ақынның балалық шағы», «Ақынның жастық шағы», «Отау иесі», «Өмір талқысында», «Халық камқоры», «Өмір соққысы», «Соңғы сапар», «Ақынның мұрасы» деп аталатын тарауларында Абайдың бала күнінен бастап, жалын атқан жастық қуаты, шаңырақ көтерген шатыққа толы



*1-сурет. Абай Құнанбайұлының ұлдары
Ақылбай мен Турағұл*

сәттері, өмір талқысына түсіп халық камқорына айналған тұлғаның өмір соққысына тап болып, жарадар күй кешіп соңғы сапарға аттанғаны, артында қалған мұрасының халық арасында насихатталуы бәрі-бәрі жіпке тізілген мөлдір моншақтай болып, Абай кескінін айшықтап, анықтап көз алдымызға елестетіп береді.

Ақын жайындағы екінші көлемді дүние Абайдың ақындық мектебінің көрнекті өкілі, сонымен бірге баласы Турағұл Абайұлының естелік-әңгімесі. Бұл еңбек «Әкем Абай туралы» деп аталады. Туындының кіріспе сөзінде ол: «Менің әкемнің биографиясына керекті сөздерді жинамақшы болған азаматқа әкемнің әдепті мінезін, салтын көрсетуге замандасының бір жолыққандағы қалпын, түрін, киген киімін, отырған-тұрғанын, сөйлеген сөзін, қуанған я ашуланғанын жазбағы қажет екен. Менің әкемнің замандасында қаламға үйір, көрген-білгенін қағазға түсіре білері аз болғандықтан, амалсыз өзім жазбақты мойныма алдым. Әйтпесе, әкесінің әдет-ғұрпын баласы жазбағы, менің білуімше, солақай секілді» - деп ағынан жарылады. Т.Абайұлы әкесінің мәжілісі қызықты, сауықшыл, дастарханы аса мол болғанын мәлім қылады.

Бұл естелікте Абайдың бір істі ғана қызықтамай, малай, малшы болсын, ия үйіндегі қызметкер адамның болса да, бір тәуір мінезін, қылығын тауып, жақсы көріп, ойнап-қалжындап отыратынын ойға алады. «Қазақ ойнайтын ойындар: дойбы, карта сықылды ойындардың бәрін де ілгергі қазақтың ойыншылары ретті ойнаушы еді. Сөйтсе де, мен білген кезде салынып қызықтанып ойнайтын ойыны тоғызқұмалақ еді. Қай-қайдағы Тобықты ішіндегі ойыншы шалдар келіп, ай жатып ойнап қайтатұғын. Сондай ойыншы шалдардың дәулеті нашарлары, кейде соғымдық қой, тай, тайынша алып, я атқа мініп қайтқаны да болды. Құмалақта әкемді жеңген адам көргенім жоқ» - деп әкесінің сан қырын ашады [5. 177-178].

Осы естелік арқылы Абайдың қас қарайғанда әмісе біреуге ертегі айтқызып, не өзі айтып отыратын әдеті болғандығын, біреуге айтқызғанда, бұрын есітпеген кісіше ынтасын сала тыңдап, әбден айтып болған соң, айтушының адасқан жері болса түзетіп беріп

және ақынның жас шағында парсы жұртының ертегілері Иماشіт, Қаһарман сықылды кітаптарын да көп оқығанынан хабар алып, Абай ауылы адамдарының «Мың бір түннің» кітабын оқып, одан соң орыс романдарына әуестенгенін ашық аңғарамыз.

Бізге жеткен Турағұлдың есінде тұтқан әңгімесінен әкесінің жасында атқа мінсе шалдықпайтыны, алысырақ жерге арба жегіп, 30-40 шақырымдық жерге салт атпен жүргенін, жасында жылқы бағып отарға да шыққанын, жалпы ақын Абайдың атқұмарлығы жайында да біраз сөз болады. Н.И.Долгополовтың 1885 жылы Абай ауылында қонақ болғандығы мен ақынның туған-туысқандары, Абай айналасы, ойшыл ақынның қоғамдық қызметке араласуы, ел билеуі туралы деректерге де осы Турағұл Абайұлы қалдырған естелік арқылы қанығамыз.

Бұған қоса жоғарыда аталған естеліктің ерекшелігі Абай өлеңдерінің жазылу тарихы мен мерзімі, кімдерге арналып, қандай жағдайда туғандығынан мағлұмат алуға болады. Бұл еңбек абайтану саласына үлкен бағыт-бағдар сілтеп, Абайдың өмірі мен шығармашылығына арналған хронология мен ақын ғұмырнамасының айқын таңбалануы дер едік. Баланың санасында қалған білім мен ғылым жолында ештеңе аямаған әкенің мінезі, біз үшін сан қырлы Абайдың артық қасиеті суреттеледі.

Абай туралы, ақынның шығармашылығы мен ұстаздығы жайындағы татымды туындылардың бірі Абай Құнанбайұлының ширек ғасырға жуық досы әрі шәкірті болған Көкбай Жанатайұлының «Мен енді өлеңімді өзім аламын дейді» атты естелігі. Мұнда хакім Абайдың ақын шәкірті ең алғашқы рет жақындасып кетуі мен таныстығын тілге тиек етіп. Абайдың өтірік айтпай, шынын айтатын болса, мал ұрлайтын ұрыны болса да жақын тартқанын, ұрыдан алатын парасы – тек қана шындық екені, шындық пен дұрыстыққа құмарлығын, жолдағы елден ерекше мінездерінің барлығын билікте анық көрсеткен, билікке келгенде Абайдай әділ таза би болғандығы, қоғамдық қызметін барынша шыншыл суреттеуге тырысады. «Жаз» өлеңінің туу тарихы, ақынның жанына жақын тұтқан шәкірттеріне әр алуан тақырыпта шығарма

жаздырғаны, Абайдың оларды сынға алып, олқы жерін түзетуге шақырғаны айтылып, Абайдың алғашқы жазған жырларының да Көкбай атынан жарияға шығып, көпке таралғаны, ақынның өз маңындағы ауылдастарына, туыстарына бағыттап жазған эпиграммалар олардың туу тарихы, кімдерге арналғандығы сөз болады.

«1880 жылдан бастап 1886 жылдарға шейін Абай әрбір өлеңді жазып жүрді. Бірақ бұл уақытта сөздерінің барлығын Көкбай сөздері деп жүргізді. Кейін Омбыда «Дала уалаяты» мен «Серке» газеті шыққанда, бірер өлеңін тағы да менің атыммен жіберді. «Сорлы Көкбай жылайды, жылайды да жырлайды» дегенді менің атымнан айтып еді» - дейді Көкбай ақын естелігінде.

Абай музейінің қолжазбалар қорындағы Абайдың ақын шәкірті Көкбай Жанатайұлы тұңғыш рет Абай Құнанбайұлының 1933 жылы шыққан толық шығармалар жинағында басылған естелікте: «Ұдайы жолдас болған уақытымда көп байқаған бір нәрсем бар: орыс болсын, қазақ болсын, жақсы-жаман болсын, әрқашан мінезінде бояма болмай шынымен келген кісіні жақтырушы еді. Бойын бағып, қымтырылып, пәлен көрінем, түлен көрінем деп, қолдан пішін жасайтын мінезді көре бастаса, қытығына тигендей жақтырмай қалатын. Ондайды кекетіп, мысқыл қылып, қалжыңмен өлең айтып жіберетін. Қалжың өлеңнің көбі маңындағы жұрттың осындай мінездерінен туады» - деп сөз өрбітеді [5. 207].

Осы естелікте ойшыл ақынның саятшылық пен аңшылық қылу, бәйгеге ат апарып қосу, жиын-тойға палуан апарып күрестіру, қаршыға, лашын салғызу, жүйрік ат пен мықты жігіт сақтап, ұры түсірту, қасқыр соққызу, ақын, әнші, күйшіні сақтап өнерді қызықтау сияқтының барлығын өзі көріп қана қоймай інілері мен балаларына үлгі етіп көрсеткенін ұғамыз. Осындай көп әдеттері маңайына өнеге болып жайылғаны, Абай айналасының да көп кісі мен жақсы құсбегі, мерген сияқты жақсы аңшылармен қостап шығып, бірнеше үймен, көп соғым-сойыспен барып бір ай, екі ай жүріп қайтатыны, бертін келе аңшылықты қойып, жоғарыда саналған өзге түрлі сауықтарға көбірек ауысқанын түсіну қиын емес. Алайда,

бұл істердің қайсысы болсын Абайдың жалпы тыңдаушыға айтып отыратын өсиет үгітіне, келелі мәжілісіне, кітап оқып, білім табуына бөгет болмағанын, барлығына бөгет болатын нәрсе болса, ол ел сөзі, ел ішінің тартысы болғанын ақынның шәкірті әрі досы айқын әңгімелеп береді. Өмірінің соңғы жылдарында қажылық парызын өтеп, өз елінде мешіт-медресе ұстап, Тобықты елінің ғана емес барша қазақ баласының мұсылманша сауатын ашуға характер қылған, Семейдің әскери-губернаторының үкімімен сайланып моллалық қызмет атқарған Көкбай Жанатайұлы Абайдың мұсылмандығы мен ислам дініне көзқарасын әңгімелеп, Абайдың діні «таза ақылмен табылған дін» екенін ескертіп өтеді.

Халық ақыны Төлеу Көбдіков «Абайды көріп, есте қалғандар» деген естелігінде Абайдың ел арасында дау-шарды өте әділ шешетін би болғандығын, ақын ауылының қонақты қарсы алу мен күту жағын баса көрсетеді. Бұған қоса өмірінде қайғылы-қасіретке толы таңба-із қалдырған оқ атып, қылыш шауып тұрса да қайтпайтын жүректі, есіктен бір қайыршы, мүсәпір адам кіріп келсе, орнынан атып тұрып, соған «жоғары шық» деп орын беретін кішіпейіл болған ақынның ұлы Әбдірахманның мінезі мен қазасы сипатталады. Сонымен бірге Төлеу ақын айтатын Абайдың протез тісі жайындағы сөзі оқырманын бей-жай қалдырмайтын мағлұмат деуге келеді.

1944 жылы 2 қыркүйекте Әрхам Кәкітайұлы жазып алған Абай туралы халық ақыны Төлеу ақынның есте қалғандарында: «Абай қартайған адамдарға Семейде осындай тіс салдырып алуға болатынын, бұл да өнер-ғылымның көп пайдасының бірі екенін, отарба, шойынжол, суда жүзетін кеме, не керемет ғылым жайын ұзақ әңгіме қылып кетті. Басқа өнерлі елдердің бізден артық тіршілігін де сөз қылды. Мұндай ғылым әңгімесіне келгенде Мырзақаннан бастап, мәжілісте отырған барлық жұрт ұйып тыңдаудан басқа бір ауыз сөз айтқан жоқ» - деп Абайды Алатаудай биік, ақылды, дүниенің барлық сырын білетін адамдай тұтқанын сөз қылады. [5. 219]

Абай елінің шежіреші ақсақалдарының бірі Ниязбек Алдажаров қалдырған Абай туралы

естелігі де абайтану ғылымының ішінде Абай тұлғасын айшықтай түсетін таңдаулы туындылардың бірегейі. Мұнда да сан қырлы Абайдың сыры ашылып, сан-салалы өнердің бастау бұлағы болған хакім Абайды танимыз. Қазақтың ұлттық ойын түрі тоғызқұмалаққа бейім болған ақын бейнесі, Абай ауылына жиі келетін ойыншылар жайы, тоғызқұмалақшы Көрпембайдың ойын тақтасын қанжығасына байлап алып, ел аралап қонақтап жүріп ойнайтын әдеті бары қағаз бедеріне түскен. Кемеңгер ақын айналасындағы Көкбай, Ермағамбет сынды өнерпаздар туралы тың мағлұматтарға да осы естеліктен қанығуға болады.

Шежіреші Ниязбек ақсақал естелігінің «Әйгерім балалары» деп аталатын тарауында Абай балалары Турағұл, Мекайыл, Зікайілдер туралы да әңгімелейді. «Мен өз басым осы күнге дейін ер адамда Турағұлдай сымбаттыны көргем жоқ. Мен көргенде ол кісі ұзын бойлы, денелі, қызыл шырайлы, қою кара сақалды, кара мұртты, өте сымбатты кісі. Үлкендерден естігенім шешесіне тартқан деуші еді. Турағұл сөзге шешен, майда тілді, биязы сөйлейтін өте қабілетті болған» – дей келе Абай баласы Тураштың орысша, ескі мұсылманша сауатты болғанын, М.Горькийдің «Челкаш» деген еңбегін орысшадан қазақшаға аударғанын, ауыз екі тілде орысшаға тәуір болып, орыстың және шетелдің де классиктерін білгендігі әңгімеге арқау болады.

1985 жылы Абай музейінің қорына әкеліп тапсырған естелікте Н.Алдажаров Абайдың Әйгерімнен туған балаларының үлкенді – аға, кішіні – іні дейтін майда тілді, кішіпейіл болғандығынан да Абайдың бала тәрбиесіне зер салғанын пайымдау қиынға түспейді. «Семей қаласында орыс мектебінде оқыған. Орысша, қазақша жақсы сауатты болған. Жебеш ағаның Ахмет Әуезовтің «Бала Мұхтар» деген кітапша-естелігінде Мұхтар Әуезовтің семьясымен түскен фотосуреті бар. Жебеш аға ақ жарқын, аңқылдаған, жылдам сөйлейтін, орта бойлы қағылез, кара сұр еді. Абайдың «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» деген өлеңін әнімен айтатын – деп келетін естелікте де көп нәрсеге қанығуға болады. [5. 309]

Содан кейін осы естелікте тағы да: «Әубәкір

мұсылманша сауатты, қақ-соқпен шаруасы жоқ... Ұнамаған адамын өлеңмен оқанда тілі қанжардан өткір еді. Ел арасындағы дау-жанжалдан аулақ болған. Суырып салма ақын болған. Онысын қағазға жазбаған. Әубәкірдің ақындық ерекшелігі сонда, ол кісі айтқанда бір кісі үлгеріп жаза алмаған, екі кісі алма-кезек жазған. Ал енді, бір қызығы, бір айтқан өлеңін өзі жадында ұстамаған, ұмытып қалатын. Біреудің көңіліне келеді-ау демейді, айта салады» – деп Абайдың немересі Әубәкір ақын туралы да өте бағалы сөз саптайды.

Шежіреші қалдырған естелікте «Балгер Боқамбай», «Сары құданың құраны», «Ғабитхан», «Ызғұтты», «Мырзағұл», «Шәукімбай», «Намыс», «Оспан мен Смағұлдың егесі», «Саятшы Тарпанбай», «Абайдың құрдасы – Қыздар», «Күлбадан», «Қара шана», «Торшолоқ ат», «Абайдың өлерінде айтқаны», «Әмір мен Мұқаметжанның салдығы», «Еңлік-Кебек», «Кербесті», «Дойбышы сарт» тарауларында Байғұда палуан мен Дұтбай сынды Абайдың замандастары мен туыстық айналасы жайында мол мәлімет алуға болады.

Абай өмірбаянына қатысты тағы бір құнды естеліктердің бірі Ибади Матақов жазып алған «Абайдың келіні Кәмәлияның айтқаны» деп аталатын еңбек. Абайдың немересі Әубәкірдің әйелі Кәмәлия (Кәмәш) ақынның ас-суын қамдап, киім-кешегін тігіп, шығармашылықпен айналысуына жағдай жасаған жандардың санатында айтылады. Абай музейі ашылғанда Абай ойнаған тоғызқұмалақтың тақтасы мен тастарын, тері қалташасын, үш жасанды тісін (протезін) жәдігер ретінде тапсырған. Мұнда естелік авторы ақынның кенже інісі Оспанның үйіне яғни Еркежан бәйбішенің қолына 17 жасында келін болып түскен кезінен бастап Хакім Абай қайынатасы есебінде емес, туған әкесіндей болып ерекше мейірім танытқанын, жаңа үлгімен тігілген сәнді киімнің үлгісін Тобықтыға Абай ауылы таратқанын, ақынның балалары мен туғандарының шолақ бешпет, сым шалбар, әмерқан етікті ең алдымен кигенін әңгімелейді.

Абай үлгісімен өлең жазған сатирик ақын Әубәкірдің әйелі Кәмәлия осы естелігінде Ырғызбай ішіндегі Ысқақ есімді жігіттің:

«Ырғызбайда бес сағат, Көтібақта қос сағат, Топайда бір сағат, Торғайда жоқ сағат», - дегенін келтіріп, Абайдың өзі мен ауылдастарының ерекше өнер мен ғылым-білімге ден қойғанын айтады [5. 387].

«Тарантас арба да көп жайылды. Әкем бағзы уақытта пауеске арбамен жүретін. Бәйбішелері де арбамен жүретін еді. Оны көрген басқа бәйбішелердің де қолы жеткені арба алғызып, арбаға мінетін болды» дейді естелік авторы. Одан соң ойшыл ақынның жесір әйел мен жетім балаға қарайласақанын, қызықты, думанды, әзіл-қалжыңды өте жақсы көрген Абайдың өз заманында ел аузына ілініп, атағы шыққан әнші, күйші, өнершілердің Абайдың алдын көріп, үлгі алғанын, балаларын жинап алып, ән, күй тыңдатып, биді тамашалатқанын, Абайдың ән салмайтынын, домбыра мен скрипка да тартпайтынын, алайда, өзінің ән шығарғанын: «Әкем әндерін халыққа көп таратқан әншінің бірі – Мұқаметжан» деп ескі күндерді елестетіп, есіне алған Кәмәлияның сөзінен қанығамыз.

Шыңғыстауда туып, Көкбайдың медресесінен сауатын ашқан қаламгер Ибади Матақовтың хатқа түсірген тағы бір дүниесі «Уәсила Мағауия қызының естелігі». Бұл естелікте Абайдың баласы Мағауиядан туған немересі Уәсила бала жасынан кемел ойлы кемеңгердің шаңырағында бірге тұрып, өзге балалары сияқты «әке» дегенін, Абайдың мінез-құлқын, күнделікті тіршіліктегі жүріс-тұрысын, әдет-машығын жеткізеді. «Әкем өлгенде, мен 13 жаста едім. Әкемнің түрі-түсі, отырыс-тұрысы, бізге, балаларға айтқан нақылы әлі көз алдымда тұр» деп әлқиисасы басталатын естелікте Абайдың балаларды жеті жастан сегізге шығарында оқуға беретіні, еркек балаларымен қабат қыздарды да қатар оқытқаны және ауыл молдасына тапсырып өзі жазған қара сөздерін де оқытқаны айтылады. «Маған ұрлығыңды берші, кедейдің бәрі ұры ма» деп Абайдың Қорамжан деген ұрыға жаман әдетін қойдыртқаны, артынша ел сөзіне араласып, қабырғалы, инауатты адам болғаны да естелік айтушының қаперінен тыс қалмайды.

1948 жылы 12 наурызда Қазақ ССР Ғылым Академиясынан алынып, бүгінде Абай музейінің қорында сақтаулы қолжазбада: «Ауыл үдере көшіп сыртқа (жайлауға) шықты.

«Қырық ошақ» деген жерге көшіп қонды. Үш күн ауырып, Мағаш өліміне қырық күн толған күні таң ата дүниеден қайтты. Әкем өлген соң біздің жарқырап тұрған күніміз сөнгендей болды» деп ақын өмірінің соңғы сәтін, демі таусылар соңғы сағатын, қырық күн аралатып Мағауия мен Абайдың, содан соң Семейде Ақылбайдың қайтыс болып, Құнанбай әулетінің қасірет жамылғанын суреттейді. Осы естелікте де оқырманға ой салып, зерттеушінің зердесіне тұтуға тиісті, Абай өмірбаянына қатысты тың деректер менмұндалайды.

Одан соң ойлы оқырман үшін, Абай ғұмырбаянын жете білуге ынта білдірген жандар үшін Қ.Құсайыновтың «Абайдың қамқорлығы», М.Қожанұлының «Абай барған Қарамола съезі жайында», А.Малдыбаевтың «Көкше дауы», Ғ.Шәкерұлының «Абай ағаны көріп, қолын ұстадым», Дәулетиярдың «Ақыл дәулетке бітпейді, ақылға дәулет бітеді», С.Қияқбаевтың «Зұлымдықтың бетін әділет ашады», Л.Әзімжанованың «Атамыз аузынан тастамайтын» және Абай өмірбаянына қатысты деректер қатарында сақталған «Мүсірәлі

ақсақалдың айтқаны» мен «Әлмағанбетұлы Шәбденнің әңгімесі» деген атпен Абай музейінің қорында сақталған осынау естеліктер, құнды қолжазбалардың берері көп.

Жоғарыда айтқан сөзімізді түйіндей келе, аталған естеліктер «Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла» деп өлеңге сыр ашып, өзгеше мазмұндағы ақыл-білімнің қайнары Абай Құнанбайұлының өмір белесіне сапар шектіріп, даңғайыр даламыздың данышпаны Абайға жақындатады деп сенеміз. Ақын Абайдың ғылыми өмірбаяны мен Абай туралы естеліктердің ара-жігін ажыратып, анықтап алған дұрыс. Өмірбаян аты айтып тұрғандай ғылыми негізге сүйенсе, ақын жайындағы естеліктер бір ғана адамның әр кездердегі ақынның көңіл күйін, бір немесе бірнеше рет кездескендегі естелік қалдырушы автордың ақын турасындағы пікірі десе де болады. Бұл естеліктер Абай өмірбаянын толық білуде, Абайды тануда қосалқы, қосымша құрал есебінде пайдамызға жарайтыны басы ашық мәселе.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының екі томдық шығармалар жинағы.
2. М.Әуезов. «Абай Құнанбаев» монографиялық зерттеулер мен мақалалар. – Алматы, «Санат», 1995. – 320 бет.
3. М.Әуезов. «Абайтанудан жарияланбаған материалдар». – Алматы, «Ғылым», 1988. – 368 бет.
4. Мекемтас Мырзахметұлы. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 296 б.
5. Абай туралы естеліктер. – Алматы: «Қаламгер» баспасы. 2018 – 504.
6. Абай. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра. – 1995 жыл.
7. Семейдегі Абай мұражайының қолжазбалар қоры КП-17/3.
8. Семейдегі Абай мұражайы қорында сақтаулы КП – 57.

Резюме: В этой статье на научной основе были проанализированы и исследованы воспоминания современников поэта, рассказавших о жизненных вехах и творчестве Абая Кунанбайұлы.

Summary: In this article on a scientific basis were analyzed and studied the memoirs of contemporaries of the poet, who told about the life milestones and the work of Abai Kunanbayuly.





Абсаликов

Алмат Амантаевич

Главный эксперт отдела организации научно-исследовательской работы Национального центра рукописей и редких книг, магистр истории

ЗНАМЕНА ЗОЛОТОЙ ОРДЫ И КАЗАХСКОГО ХАНСТВА В ИСТОРИЧЕСКИХ ИСТОЧНИКАХ

Резюме. В данной статье приводятся данные, выявленные в результате исследований различных исторических источников, касающиеся знамен периода Золотой Орды и Казахского ханства. В частности в статье приводятся ссылки на карты Далорто, Крескесов и братьев Пиццигани, приводятся миниатюры из средневековых рукописей, и дается общее их описание. Вопросы, связанные со знаменами эпохи Золотой Орды и Казахского ханства являются малоизученными т.к. исследовано недостаточно исторического материала по данной тематике. Так в частности, практически не исследовано в советской и постсоветской исторической науке произведение «Маджму ат Таварих» Хафиза Аbru. В частности раздел посвященный жизни и деятельности Тамерлана и его противостояния с Токтамышем¹. Также не исследованы многие другие исторические тюрко-персидские хроники, в которых есть много полезной информации периода Золотой Орды и Казахского ханства. В данной статье были рассмотрены только некоторые исторические хроники, на основании которых делается общий вывод о флагах Золотой Орды и казахского ханства

Ключевые слова: Знамена, казахское ханство, карты, Далорто, Крескесы, Пиццигани, Золотая Орда, Алам Араи Сафави, Урус хан, Бахр аль Асрар, Таварих Хамса Шарки, Курбанали Халиди, Зафар Нама, Али Йазди, Хондемир, Хабиб ас Сийяр, Рашид ад Дин, Джамии ат Таврих

Введение

Исторические источники, которые дают прямые или косвенные данные о знаменах Золотой Орды и Казахского ханства, являются ценным материалом для казахстанской исторической науки. Из-за отсутствия исторических сведений, или вернее их

ограниченного количества, тема, связанная с флагами Золотой Орды и Казахского ханства не имеет полного исторического обоснования. Поэтому, исторические исследования этой темы практически не проводились. В данной статье автор сделал попытку используя некоторые источники, дать общее описание знаменам,

¹Нам не удалось исследовать данную книгу, чтобы на основании приведенных в ней данных сделать какое-либо заключение, в частности касательно передача Тимуром сыну Урус хана – Койричаку предметов и символов власти.

начиная с периода Золотой Орды включая период и Казахского ханства. Эти сведения главным образом даются со ссылкой на тюрко-персидские источники с использованием некоторых миниатюр в данных хроника.

Материалы и методы исследования

Основными источниками для исследования послужили следующие исторические источники:

Портуланы и карты Далорто, Крескесов и братьев Пиццигани, рукописное и печатное издание книги «Алам Араи Сафави», рукопись «Тарих» Шах Махмуда Чураса. Также мы использовали «Хабиб ас Сияр» Хондемира, «Зафар Нама» Йазди, «Дафтар Чингиз Нама», «Зубдат ат Таварих» Хафиза Абру, «Таварих Хамса Шарки» Курбанали Халиди и другие источники. Мы использовали также миниатюры из парижского списка рукописи Рашид ад Дина «Джамиу ат Таварих» и данные нумизматики. В данной статье были использованы нарративный и сравнительный методы исследования.

Степень изученности темы

Образование казахского ханства и этногенез казахов тесно связан с Золотой Ордой (Улусом Джучи). Государственные символы власти, в том числе и флаг, обычно связывают с сакральными традиционными народными символами и ценностями. Рассмотрение данной темы на основании исторических хроник эпохи Золотой Орды, так и Казахского ханства, имеет большое значение. Флаг—это один из важнейших символов государства. На территории Казахстана в период образования Улуса Джучи, флаг становится основным символом государственности и власти. В казахстанской исторической науке, государственные символы казахского ханства, до сих пор остаются мало изученными. Данная проблема является следствием того, что многие исторические источники мало исследованы. Многие ценные исторические хроники не введены в научный оборот и не изучены. Данная проблема нуждается в своем скором разрешении.

Анализ

Как известно Золотая Орда была фундаментом и основой для сложения казахской народности и казахской государственности. Одним из

символов и признаков государства принято считать наличие публичной политической власти, также территориальную организацию населения и государственный суверенитет [1]. Другими признаками государства принято считать наличие символики — государство имеет свои признаки государственности — флаг, символы власти – герб, сюда можно отнести трон и корону. В «Алам Араи Сафави» в описании казахского хана Касыма приводится: «Что касается трона, то он создан ханом (Касым ханом) из чистого золота, с четырех сторон (углов) он украшен головами льва, тигра, леопарда и дракона, а также кречетами (соколами). Касым хан одел на голову, головной убор Чингиз хана, ценой 70 тысяч иракских туманов, состоящий из ценных украшений» [2]. Среди всех этих атрибутов флаг являлся важным символом независимого правления и значимым атрибутом власти и государственности. То, что знамена представляли в XVI веке в Центральной Азии исключительно предметы власти можно найти сведения в «Мусахир аль Билад» Мухаммадияра ибн Араба Катагана, где мы читаем: «Абд аль Гаффар султан передал указанным правителям предметы власти [асбаб султанат] величия и доблести, такие как барабан, знамя ...» [3].

Государство Золотая Орда (Улус Джучи) являлась колыбелью казахского ханства, именно поэтому важность золотоордынских символов, представляются ценными и значимыми для исследователей символов казахской государственности периода казахского ханства.

Важным источником по периоду Золотой Орды является портулан Анджелино Дульсерта (ок. 1339 г.) или Анджелино де Далорто [4]. Он является автором двух ценных карт-портоланов первой половины 14-го века: карты «Далорто» 1325 года и карты «Дульсерт» 1339 года. Он также считается автором третьей недатированной и неподписанной карты, хранящейся в Лондоне. Нам практически ничего не известно об Анджелино Далорто. Распространено предположение, что он был итальянцем из Лигурии, или же выходцем из Каталонии. Он некоторое время обучался в Генуе и впоследствии эмигрировал на Майорку примерно в 1320-х или 1330-х годах. Считается,



Рис.1




Рис.2



Рис.3

что Анджелино Далорто был тесно связан с известной генуэзской семьей «Делл'Орто». Последние были известны своей активностью в черноморской и азиатской торговле. На карте Далорто 1325-30-х годов, обозначена часть Улус Джучи (с.м. рис №1), изображение хана Узбека (рис. № 2), также обозначены символы государства Улуса Джучи (Золотой Орды) - флаг в виде тамги и полумесяца. с.м. рис. № 3.

Также символы Золотой Орды мы можем видеть на известном Каталонском атласе 1375 года [5]. Данный атлас, считается лучшей картой в каталонской школе картографии. Период изготовления карты относится приблизительно к 1375 году. Авторы карты испанские картографы иудейского происхождения Авраам и Ягуда Крескесы. При подготовки своего атласа, они использовали труды, исследования, отчеты также чертежи Марко Поло, Джона Мандевиля, и других путешественников, также работы арабских географов, в частности перевернутую карту Идриси XII века. Одной из особенностей каталонского атласа, является то, что на карте обозначены некоторые символы европейских и азиатских государств, в частности флаг государства Улуса Джучи – Золотой Орды. Каталонский атлас 1375 года, являлся одним из редких европейских карт, XIV века, на которой представлен в полной мере Улус Джучи (Золотая Орда). Ибн Батута известный географ и путешественник причисляет правителя Улуса Джучи к семи великим царям мира [6].

На каталонской карте, где восточная Европа граничит с Золотой Ордой, обозначены флаги золотоордынских ханов, приводится миниатюра самого Джанибек хана.

По мнению некоторых исследователей

у батуидского клана чингизидов не было единой тамги, но указанные символы на флаге Золотой Орды, (в том числе и на Каталонском атласе), скорее указывают на личные символы власти самого Джанибек хана. Однако данное утверждение не соответствует приведенному выше портулану Далорто 1325 года в сравнении с картой Крескесов 1375 г. Мы видим на обеих картах одинаковые символы Улуса Джучи которые существовали как при Узбек хане, так и после него.

Кроме того, данные нумизматики показывают, что тамга батуидов ставилась на монеты и флаги еще до правления Узбек хана. Ниже приводится монета периода батуидов эпохи правления Тохты (период правления примерно 1291-1312 (3) г). Данная монета была найдена в Крыму и относится к концу XIII века т.е. 1291 год, начало правления Тохты.



Л.с.: Хан// Справедливый //Тукта [Токта] خان العادل توقتتا

О.с.: вокруг тамги: Чекан Крыма 69 (=690 7] ضرب قريم 69].

Как мы видим на лицевой стороне монеты указано имя правителя т.е. Токты, а на оборотной стороне монеты обозначена тамга клана батуидов также время и где отчеканена данная монета. Следовательно, мнение, что у батуидов не было единой тамги, не совсем верное утверждение. Тамга ставилась на монетах, так и знаменах как символ власти и господства

чингизидов. Символы власти в виде тамги, батуиды использовали как символ Улуса Джучи (Золотой Орды). Мы можем сказать, что данное знамя было символом Улуса Джучи (Золотой Орды) не только в период правления Узбека или Джанибека, изображение которого обозначено на Каталонском атласе, но и в последующие периоды.

Здесь интересно то, что на знамени Золотой Орды была использована тамга чингизидского клана Батуидов. Другими словами, традиция использования тамги на знаменах, была положена еще в период зарождения и расцвета Золотой Орды, что является важной особенностью, которая будет полезной исследователям знамен период Золотой Орды и Казахского ханства.

Также интерес представляет карта (портулан) братьев Пиццигани. Карта размером 138 на 92 см предназначалась для торговцев и мореходов и содержала подробные комментарии маршрутов, географических объектов и исторических мест. Карта хранится в Палатинской библиотеке города Парма (Италия).

Несмотря на широкую известность карты, об её составителях известно очень мало. Предполагается, что они были купцами. Братьям Пиццигани приписывается ещё несколько портуланов, хранящихся в Парижской национальной библиотеке, Амброзианской библиотеке и библиотеке музея Коррер. Портулан в стиле Каталонской картографической школы венецианцев Франческо и Доменико Пиццигани был изготовлен в 1367 году. На карте братьев Пиццигани 1367 года особое внимание уделено улусу Джучи, о городах которого, судя по топонимической нагрузке, были неплохо информированы ее авторы. На карте указано более 40 золотоордынских городов. Около крепости Дербент, увенчанной флагом со стилизованной тамгой, имеется надпись: «Вот град Дербент, который является пограничной охраняемой крепостью (хана) Узбека [derbent hic est custodia Nusbeco]». Над столицей Сараем возвышается черный флаг с белым (светло-желтым) квадратом (тамгой) в центре с.м. рисунок № 4. Данный флаг относится к расцвету Золотой Орды т.е. периоду правления ханов Узбека или Джанибека.

Причины разных описаний знамен Золотой Орды на картах Крескесов и карты Далорто с одной стороны и Пиццигани с другой, вероятно стали разные источники, которыми пользовались авторы карт. По мнению некоторых исследователей в Золотой Орде использовали именно эти два флага белый и черный, указанные на данных картах. Так или иначе, эта тема нуждается в отдельном дополнительном исследовании.



Рис.4

На одной из миниатюр рукописи эдинбургского списка «Джамиу ат Таварих» Рашид ад Дина, изображена осада города могулами (монголами) с.м. рисунок № 5.

Фолио из Эдинбургской коллекции с миниатюрой, изображающей осаду города могулами.

Эдинбургская рукопись, это один из первых переводов летописи Рашид ад Дина с фарси на арабский язык. Рукопись датирована примерно



Рис.5



Рис.6



Рис.7

1306–1307 годами. Рукопись была обнаружена в 1800-х годах Дунканом Форбсом, который, нашел ее среди документов и бумаг полковника Джона Бейли, поэтому данная рукопись получила название как рукопись «коллекцией Джона Бейли». Миниатюры представляют собой рисунки тушью с добавлением акварельных красок – техника, используемая в Китае. Также можно увидеть некоторые заимствования из христианского искусства. На данной миниатюре (с.м. рис. № 9) мы видим осаду города могулами, при этом знаменем их был красный стяг [8].

В рукописи Рашид ад Дина «Джамиу ат Таварих» парижской национальной библиотеки [9] представлены интересные миниатюры.

На одной из миниатюр представлен Чингиз хан и его войны, один из которых держит красное знамя (с.м. рис № 6).

На другой миниатюре этой же рукописи, представлены войны Чингиз хана атакующие своих врагов в руках некоторых из них, красные знамена (с.м. рис. № 7).

На другой миниатюре рукописи «Джамиу ат Таварих» Рашид ад Дина, (парижского списка), мы видим Хулагу хана в окружении своей свиты, двое из которых держат красные флаги (с.м. рис. № 8).

Интересная миниатюра заслуживающая своего внимания приводится в рукописи Масуда ибн Усмана Кухистани «Тарих Абулхайр хани» XVI века. (с.м. рисунок № 9)

На данной миниатюре, изображен хорезмшах Джалал ад Дин, переправившийся через реку и бежавший от преследования Чингиз хана. На миниатюре изображен знаменосец армии Чингиз хана, который держит знамя красного цвета. Списки рукописи «Тарих Абулхайр хани» имеются в фонде института восточных рукописей Санкт-Петербурга, в центре восточных рукописей им. Абу Райхана ал-Бируни при Ташкентском институте востоковедения.

В «Таварих Гузида Нусрат Нама²» есть миниатюра со следующей надписью:

بولدى ضالغ بولدى اوروس دين قولولغان قالدی

Транслитерация: «Buldy zaya [zalg] buldy Urusdyn kylgan kaldy».

Перевод: «Было [данное дело] потрачено в пустую, ибо попал [он] в руки Уруса»[10].

На миниатюре представлен Урус³, сидящий на коне с группой всадников, держащих знамена трех цветов. Красное знамя с белым бунчуком, желтое с синим, и белое с красным бунчуком. Также приведен пленный, поставленный на



Рис.8

² «Таварих Гузида Нусрат Нама», рукопись первой половины XVI века, (т.е. была завершена примерно между 1504- 1510 г) написанная неизвестным автором. Данная миниатюра из британского списка.

³ Урус хан или вероятно Урус бек, один из сторонников Мухаммада Шибани.



Рис.9

колени перед Урусом (с.м. рис. 10).

«Таварих Гузида» рукопись анонимного автора 1502 года на староказахском языке⁴. Редкая и ценная иллюстрированная история Чингисхана и его потомков вплоть до Шайбани-хана. Автор произведения, неизвестен. Сочинение известно в двух списках. Один список хранится в институте Восточных рукописей Санкт Петербурга. Второй список рукописи хранится в Британском музее Rieu. Catalogue of the turkish Manuscripts in the British Museum. London, 1888, pp. 276-280. Данная рукопись (т.е. британский список) был переписан с оригинала и датируется 970 г. хиджры (т.е. 1563 г). На том основании, что в «Таварих Гузида Нусрат Нама» помимо генеалогии потомков Шибана, Тукай Тимура, и истории Шибанидов, также приводится описание истории Огуз хана, Чингиз хана, тимуридов вплоть до времени периода написания книги, мы можем предположить, что

под Урусом на миниатюре может изображаться как Урусбек (Урус бахадур сын Дурмана Сайфал Бека, один из сторонников Мухаммада Шибани) [11], так и сам Урус хан, предок казахских ханов. Т.к. Урус-бек не был значимой личностью, в сравнении с Урус ханом правителем Золотой Орды, мы можем осторожно предположить, что на миниатюре изображен именно Урус хан, правитель Улуса Джучи. Однако отсутствие титула «хан», в надписи под именем Урус на миниатюре, все же ставит под сомнения факт того, что на миниатюре изображен именно Урус хан. Так или иначе, помимо свидетельства пересказчика о красном знамени Урус хана в работе Курбанали Халиди⁵, есть указание (которые нуждаются в дополнительных исследованиях и проверки) миниатюры из «Таварих Гузида», о красном, белом и желтом знаменах Уруса.

Бимендиев А.Ш. указывает, что данная миниатюра относится к Абулхайр хану шибаниду так он пишет в комментарии к миниатюре, что: «навершие знамени Шибанида Абулхайр хана XVI вв.» [12]. В другом месте, описывая данную миниатюру, он пишет: «Сражение войска Мухаммед-Шейбани хана с войском Султан Махмуд-хана и Алача-хана». [12, с. 33].

Однако сама надпись над миниатюрой указывает, если предположить что на рисунке изображен Урус-бек, а не Урус хан, то как минимум на миниатюре изображен сторонник Мухаммада Шибани, но не сам Абулхайр хан, хотя вероятно, что знамена могут относиться к обоим правителям.

В рукописи Абд ар Раззака Самарканди «Матлаи ас Саидайн» мы читаем: «Посланник Токтамыш хана прибыл к ставке Хамаюна (эпитет Тамерлана), и увидел армию победителей мира, имевших черные знамена. Он сразу же сообщил в ставку Токтамыша, что Сахиб Киран (Тамерлан) прибыл с большим войском» [13].

В данном отрывке, указывается на важный государственный символ власти тимуридов т.е. черные флаги Амира Тимура.

О существовании знамени у Койричак оглана (сына Урус хана), мы можем найти сведения в «Хабиб ас Сияр» Гияс ад Дина Хондемира,



Рис.10

где мы читаем: «Сахиб Киран [Амир Тимур] после того как узрел плоды своей победы, продвинулся вслед за своими врагами до реки Итиль. В это время он обратил свое внимание на Куйзичак оглана [Койричака] сына Урус хана, возвысив предметы его власти (асбаб султанат), он [Тимур] сказал, чтобы тот [Койричак оглан] переправился через реку и взял в руки Ил Улуса, наследовав тем самым власть в государстве. Куйзичак пройдя переправу Тур Ату поднял в Дашт и-Кыпчаке знамя славы и величия» [14]. В данном отрывке «знамя славы» как и «предметы власти» можно толковать иносказательно, однако этот же отрывок приводится в «Зафар Нама» Шараф ад Дина Али Йазди, из которого мы понимаем прямое значение слов о предметах власти. Так в «Зафар Нама» Йазди данный отрывок о назначении Койричака оглана, правителем левой стороны Улуса Джучи со стороны Амира Тимура, приводится следующее: «Он [Тамерлан] достиг берегов Итиля, переправа через которую называется Тура Тур. Сын Урус хана по имени Койричак оглан был среди людей Сахиб Кирана [Тамерлана] с группой узбекских войнов [бахадуров], которые были предоставлены ему [Койричаку]. Он [Тамерлан], удостоил его средствами [инструментами]

царствования [асбаб падшахи]. Из них [средства царствования]: обшитый золотом халат и драгоценный пояс из золота. [Тамерлан] сказал тому переправиться через Итиль, и передал ему ханство Улуса Джучи» [15].

Из данных извлечений книг «Хабиб ас Сияр» Хондемира и «Зафар Нама» Шараф ад Дина Йазди⁶, мы видим, что Койричак оглан получил от Амира Тимура добро на управление левым крылом Улуса Джучи. Он также получил символы власти в виде определенных предметов (халата и пояса) и таким образом поднимает знамя своего отца в Ак Орде⁷, как сказано у Хондемира в «Хабиб ас Сияр»: «(Койричак) поднял в Дашт и-Кыпчаке знамя славы и величия» [14, с. 465].

В «Зубдат ат Таварих» Хафиза Аbru мы читаем о подняттии «знамени власти» сыном Койричака т.е. Барак огланом (отцом Джанибек хана, основателя казахского ханства), где сообщается следующее: «Нукеры Амир Шаха прибыли из Хорезма и сообщили [Улугбеку], что Барак оглан взял под контроль Орду Мухаммад хана [т.е. Улус Джучи], и в той стране [он] поднял знамя своего правления. Большая часть Узбекского Улуса [т.е. Дешт и Кыпчак] подчинилась и повиновалась его власти» [16].

О дипломатических отношениях между тимуридами и Барак ханом, можно найти интересные сведения в книге «Хулд Барин» где мы читаем: «...Один из амиров его святейшества по соглашению с ним [Улугбеком] прибыл в Дешти Кыпчак к Барак хану, предоставил тому ценные подарки среди них: обшитый золотом халат, ценная одежда, корона, пояс, драгоценности и мечи с ценными отделанными золотом перевязями и ножнами, скакуны,

⁴ В.П. Юдин указал на то, что рукопись написана на староказахском языке, или чагатайском с значительным количеством кыпчакских (казахских) элементов. (с.м. «Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков» стр. 14-15).

⁵ С.м. ниже

⁶ В «Зафар Нама» Шами, данный отрывок о переправе Тамерлана через Итиль и разорения им вилайята Укека, приводится без упоминания Койричака, но книге «Хулд Барин» Мирза Мухаммад Йусуф Валлахи Исфакхани только вместо Койричака упоминается другой сын Урус хана по имени Губрай хан (?) и соответственно «средства и предметы власти» переданные ему Тимуром. (с.м. «Хулд Барин» том 1 стр. 216).

⁷ Тема борьбы шибанидов и урусидов (ордаидов – потомков Орда Ежена) за власть в Дешт и-Кыпчаке в период между XIV-XVI веками, нуждается в отдельном историческом исследовании с привлечением дополнительных исторических источников.

вьючные животные, шатры (убранства для юрт), покрывала, также барабан, знамя и динары и другие символы власти и управления миром [асбаб султанат ва джахандори]» [17]. Здесь среди символов власти переданные тимуридами Барак хану указан барабан и знамя. Эти символы власти, переданные Улугбеком были в знак признания авторитета и могущества нового правителя Дешти Кыпчака.

Далее мы читаем: «Когда же он [Барак хан] поднял и установил знамя своего превосходства и мощи над Ордой Мухаммад хана [в Деште Кыпчаке], он стал управлять Улусом, и проявлять неверие к его [т.е. Улугбека] благодеяниям» [17, с. 502].

Из выше приведенного, мы можем констатировать факт поднятия знамен как символов власти в Дешти Кыпчаке детьми и внуками Урус хана, приведенные в исторических летописях.

Что касается периода Казахского ханства, то можно упомянуть работу неизвестного автора под названием «Алам Арай Сафави» где упоминая о подготовки к сражению между узбеками и кызылбашами, приводится следующая информация: «Когда посол ушел, с вестью для Абулхайр хана⁸, с лагеря Абулхайр хана поднялся стук барабанов, возвещающий о будущем сражении. Сорок два узбекских поверенных находясь в лагере с барабанами и знаменами, [своими призывами] готовили людей к предстоящему сражению» [2, с. 439]. В другом месте «Алам Арай Сафави» мы читаем: «Абулхайр хан сказал: «Сейчас и в это время я [готов] атаковать в одиночестве врага, схватив за шиворот [за грудки] шейха углы [Шаха Исмаила] и бросить его пред знаменем Чингиз хана» [2, с. 442]. Таким образом, данные сведения, которые нуждаются в дополнительных исследованиях, указывают на то, что у сына казахского хана Касыма – Абулхайр хана, было знамя Чингиз хана. С другой стороны, миниатюры, приведенные в Эдинбургской и Парижской рукописях с красными флагами Чингиз хана, могут свидетельствовать о том, что Абулхайр хан имел знамена красного цвета. Не доверять миниатюрам и текстам рукописей Рашид ад Дина начала XIV века,

нет никаких оснований. Подтверждение этому можно найти в миниатюрах сражения сефевидского правителя Шаха Исмаила Хатаи и казахского султана Абулхайра. Так в персидской рукописи 1675 года под названием «Алам Арай Шах Исмаил Сафави⁹», приводятся ценные миниатюры. Как пишет Н.А. Атыгаев: «мы не раз обращали внимание на сведения ряда персидских сочинений о сражении в районе Амударьи (в источниках Джейхун) казахско-узбекского объединенного войска с войском Кызылбашского Сефевидского государства» [18].

«Алам Арай Шах Исмаил» с введением, исправлением и комментариями Асгара Монтазера Сахиба представляет собой персидское произведение, где дается описание прихода к власти шаха Исмаила I и дается описание его сражениям и храбрости. Автор книги неизвестен. Название книги также точно неизвестно. В рукописи дается описание генеалогии шаха Исмаила от Шейха Сефи, также дается описание ханов Туркестана, тимуридских и османских султанов. Одна из ценных рукописей с редкими и ценными миниатюрами хранится в Национальном музее азиатского искусства (Галерея искусств Смитсоновского института Фрира и Галерея Артура М. Саклера) в Вашингтоне США (с.м. рисунок № 11- 12).

На миниатюре изображено сражение между Шахом Исмаилом Хатаи и Абулхайр ханом сыном казахского хана Касыма. К миниатюре дается следующее описание:

«Фолио из «Тарих алам-арай Шах Исмаил» («Украшающая история мира Шаха Исмаила»); Битва между Шахом Исмаилом и Абулхайр-ханом. Отдельный фолиант из разрозненного экземпляра «Тарих-и алам арай-и Шах Исмаил» автор миниатюры Биджан; Битва между Шахом Исмаилом и Абул-Хайр-ханом с двумя линиями каллиграфии персидским черным шрифтом (каллиграфией) насталик над и под картиной; Картина оправлена в золото. Сефевидский период. Иран, Исфахан» (с.м. <https://asia.si.edu/object/F2000.3/>).

На данной миниатюре для нас интерес представляют знамена казахского хана, которые представлены желтым и розовым цветами (с.м.



Рис.11



Рис.12

рис. № 11 и № 12). Мы можем предположить, что одно из знамен все же имеет не розовый а красный цвет. На этот факт указывает другая миниатюра, которая описывает эти же события. Она представлена в другом списке рукописи «Алам Араи Шах Исмаил», хранящаяся в британском музее. На данной миниатюре (с.м. рисунок № 13) показано сражение между Шахом Исмаилом и Абулхайр ханом. С узбек-казахской стороны представлено два знамени, красное и желтое (с.м. рис. 13).

Также интересные сведения о знаменах казахского ханства представлены в «Бахр аль Асрар» Махмуд ибн Вали, где мы читаем: «И в тот же день в руки [яркендского] двора попало девять [казахских] знамен.... ». Далее автор пишет: «...И с того дня у казахов исчез обычай поднимать бунчук (туг) и возвышать знамя (алам). До сих пор их приметой служит то, что [у них] нет знамени и [у них] в обычае – формировать свое войско без [всякого] знамени» [11, с. 336].

Есть интересные сведения о флагах казахского ханства представлены в рукописном списке «Тарих» (Хроника) Шах Махмуда Чурса XVII века. В частности мы читаем: «Нанеся окончательный ущерб и поражение Хакк-Назар-хану и другим представителям торе

[чингизидам] которые были взяты в плен, также [вместе с ними] киргизские амиры попали в плен. После того как [Абд ар Рашид хан] простоял три дня в Амиле, он с победой вернулся в Яркенд, куда он привез с собой семь знамен и знамена царевичей джучидов. Указание на семь знамен, потому что казахские правители их и сейчас не имеют [не смогли их отвоевать] [19].

В «Тарих Шах Исмаил ва Шах Тахмасиб» (комментарий к «Хибиб ас Сияр») за авторством Амир Махмуда Хондемира, мы читаем следующие сведения о казахском хане Хакназаре и сражении у моста Хатун: «Хакназар оглан который перекрыл дорогу «чистым» [благородным] войнам, был стоек и тверд, он развернул военное знамя *رایت محاربه* [знамя войны] и приготовился к сражению и схватке»



Рис.13¹⁰

⁸ Абулхайр хан сын Касым хана правителя казахского ханства. Койричак был родным прадедом Касым хана, т.е. отцом Барака.

⁹ После сверки двух списков «Алам Араи Сафави» XVI вв с текстом «Алам Араи Шах Исмаил» XVII вв, /рукопись библиотеки исламского совета Тегеран /, мы выявили их схожесть. Таким образом, рукопись «Алам Араи Шах Исмаил» и «Алам Араи Сафави» как минимум имеют один источник, или же это одна и та же рукопись.

¹⁰ Данную миниатюру нам предоставил Атыгаев Н.А.




Рис.14

[20].

Все эти данные указывают на то, что в казахском ханстве знамена играли важную роль, и были символами власти и величия государства.

Особенности знамен, такие как цвет, символы на знамени можно идентифицировать посредством других исторических хроник.

Интересные символы власти приведены в сборнике «Дафтар Чингиз нама» XVII века, написанном на тюркском языке. В «Дафтаре Чингиз Нама» (парижский список) приводятся символы и атрибутика в виде деревьев птицы, тамги и ураны (боевой клич), того или иного предводителя Чингиз хана, в книге дается общее их значение и описание. Данные символы как указывается в «Дафтаре Чингиз нама», были обозначены самим Чингиз ханом для его предводителей–полководцев [21]. Так в частности в «Дафтар Чингиз Нама» (парижский список рукописи) мы читаем:

транслитерация: «Ine Genghis Khan nin ozinin uranu «Zhan Kaya» erdi ...».

Перевод: «У Самого Чингиз хана, боевой клич (уран) был: «Жан Кайя» [21, с. 32]. В другом месте мы читаем:

ينه معلوم اودكم جنگزخان نيك اوزنك آغاچي چينار ايردى

транслитерация: «Ine maglum udukum Genghis Khan nin uzinin agachi Chinar Irdi»

Перевод: «Стало ясно, что собственным деревом [древу] Чингиз хана был Платан-Чинар [21, с.33].

Далее:

ينه معلوم اودكم خان نيك اوزنك تمغاسى قولش باش ديكان تمغا ايردى

«Ine maglum udukum Khan nin uzinin tamgasi kulush bash dikan tamga irdi».

Перевод: «Стало ясно, что тамга самого хана

[Чингиз хана] это голова кречета¹¹[21, с.33].

Итак, три составные: дерево-Чинар¹², боевой клич (уран), и тамга как символы власти приведены в «Дафтар Чингиз нама». Вопрос достоверности как исторического источника данного произведения («Дафтара Чингиз нама»), отдельная тема, не относящаяся к данной статье. Мы только можем констатировать, что как и все казахские рода, род торе (чингизиды) среди казахов, имели и имеют свою отдельную тамгу. Чтобы понять значение символа данной тамги, мы привели на рисунке ниже форму птицы (кречета или сокола) в сравнении с чингизидской тамгой (с.м. рисунке № 14).

Выявленные в результате археологических раскопок монеты в присырдарьинских городах узкандского и сыгнакского чекана, периода конца XIV века, с чингизидской тамгой, указывают на то, что тамга помимо кланово-иерархических атрибутов, стала символом политической власти определенного правителя или целого клана.

На ниже приведенных монетах мы видим монеты узкандского и сыгнакского чекана периода конца XIV века. На лицевой стороне изображены тамги, которую ставили чингизиды ордаиды или тукай-тимуриды¹³.



#274545: ND. Pul. Temp. Toqtamish khan. Syghnaq mint.

Монета города Сыгнака периода конца XIV вв. (в описании указано имя Токтамышша).



#299148: 780 or 785 AH. Pul. Mint Syghnaq
Монета из города Сыгнака 780-785 годы

хиджры, что соответствует 1378- 1383 г.



#189464: Date? Pul. Anonymous issue. Syghnaq mint.

Монета из города Сыгнака конца XIV века.



#212652: Date? Pul. Anonymous issue. Syghnaq mint.

Монета из города Сыгнака конца XIV века.



#111292: ND. Pul. Anonymous issue. Syghnaq mint.

Монета из города Сыгнака конца XIV века.



#284233: ND. Pul. Anonymous type. Mint Syghnaq

Монета из города Сыгнака конца XIV века.



#284210: ND. Pul. Temp. Toqtamish khan? Syghnaq mint.

Монета из города Сыгнака конца XIV века.



#27668: ND. Pul. Temp. Toqtamish khan. Syghnaq mint.

Монета из города Сыгнака конца XIV века



#111374: 769 AH. Pul. Anonymous issue¹⁴.



#210087: Bird and Tamgha type. Pul. Urdu? mint¹⁵

Эмитентами могли быть как Урус хан, Токтакийя, Тимур Малик, Койричак, Токтамыш или Кунче¹⁶ [22]. Другими словами мы видим,

¹¹ Рукопись «Дафтар Чингиз Нама» нуждается в сравнительном анализе текстов и дополнительном археографическом исследовании.

¹² Дерево здесь выступает скорее как символ духовного покровительства и защиты.

¹³ Тема разновидности тамг (тамги) чингизидов и их особенности отдельная тема для научного исследования. Точный вид тамги ордаидов (орда-иженидов) или тукай-тимуридов пока не установлен.

¹⁴ Материалы нумизматики использованы с сайта: <https://www.zeno.ru/>

¹⁵ Материалы нумизматики использованы с сайта: <https://www.zeno.ru/>

¹⁶ Имя Кунче как правителя Ак Орды или Сыгнакского вилайята не приводится в исторических источниках (тема нуждается в отдельном исследовании).

что чингизидские тамги использовалась как один из видов атрибуции и символы политической власти уже в XIII-XIV веках, т.е. тамги использовались как на знаменах, так и монетах.

Интересные сведения о знаменах казахского ханства приводит Курбан Али Халиди в «Таварих хамса Шарки», где он пишет: «Я расспрашивал многих торе (чингизидов об их родословной) одни говорят одно, другие другое, и среди разных мнений я выбрал два и записал. И эти слова одного из этих двух мнений: «Наша родословная от Чингиз хана. Заканчивается Урус ханом. После Урус хана точно и в точном порядке не знаю. Урус хан, его сын Жас хан [?], его сын Бадакул хан, его сын Барак хан, его сын Жантакай хан, его сын Жадик хан, его сын Сыгай хан, его сын Ешим (Есим) его сын ... Его рост [Есим хана] был высокий... красное знамя Урус хана осталось у него в руках...»[23]. В другом месте он пишет: «Абул Мамбет-хан оставив красное знамя, передал Абылай хану зеленое знамя, поставив его [Абылай хана], вали (наместником) [казахских] племен. После этого Абылай-хан посредством своего таланта и способностей подчинил своей власти народы старшего, среднего и младшего жузов. Все чингизиды (торе) были подняты на достойное место и стали обращаться к Абылай-хану как «хану трех жузов». «Тугулк торе» относят зеленые знамена. Летописцы говорят, что три флага принадлежали роду Урус-хана. Поистине на основании мнения в Орде, ханы Сарая имели красное знамя, потомки и дети Чагатая – белое знамя, дети и потомки Укедея синее знамя [23 с. 248].

Указание Курбанали Халиди на красное знамя «ханов Сарая» т.е. по сути правителей Золотой Орды, не соответствуют данным приведенные на карте Каталонского атласа 1375 года Авраама и Ягуды Крескесов и братьев Пицигани 1367 года, но соответствуют миниатюрам эденбургской и парижской рукописям Рашид ад Дина первой половины XIV вв.

Согласно приводимому Ч.Ч. Валихановым преданию, потомки Ондан Султана¹⁷ были известны среди казахов как «султаны красного знамени» [24]. Ч. Валиханов писал: «Так, одна

линия кайсацских султанов известна под именем султанов красного знамени и происходит по преданию народа, от одного среднеазиатского выходца, искателя приключений. Родоначальник этой отрасли султанов Ондан по прозвищу «Длиннострелый» [24, с. 173].

Мы можем предположить, что с момента правления золотоордынского хана Уруса, как символ власти и государства, стал использоваться красный стяг (знамя) как особый флаг чингизидского клана урусидов. Данное знамя, как свидетельствуют Ч. Валиханов и Курбанали Халиди, было знаменем казахских султанов и как семейная реликвия перешло в руки Есим хану.

Таким образом, красный стяг эпохи Золотой Орды (периода Урус хана), затем периода казахского ханства с чингизидской тамгой выглядел примерно следующим образом (с.м. рисунки: № 15, № 16)¹⁸.

На основании «Мусахир аль Билад» Мухаммадийяра ибн Араба Катагана, флаг уже к XVI веку в Центральной Азии приобрел значения важного государственного символа власти. Как писал Катаган: «...Предметы власти [асбаб султанат] величия и доблести, такие как барабан и знамя...» [3, с. 290], таким образом, знамя играло большую и важную роль и как атрибут политической власти.

Кондыбай С. в своей книге «Жауынгерлик рух кітабы» указывает на то, что белое знамя перед сражением казахи опрыскивали кровью [25]. Белое знамя становилось алым, красным полотнищем. Возможно, именно этот факт, может разрешить некоторые противоречия в источниках, в частности замены белого золотоордынского знамени на красный, в период военных походов.

В книге «Кенесары и Садык» выпущенной в царской России в 1888-году о знамени султана Садыка есть следующая информация: «Когда султан Садык, идя впереди со знаменем, подвел своих джигитов на сто шагов, русские дали залп из трехсот ружей. Из джигитов, двигавшихся густою толпою, укрываясь друг за другом, первый ряд был распростерт на месте, задние же ряды, со страха, пали на землю. Из 1000 человек ни один не поднял головы!.. Только султан Садык



Рис.15



Рис.16

со знаменем в руке, простоял с час в ста шагах от русской линии. Солдаты стреляли в него так ожесточенно, что полотно знамени было все продырявлено подобно ситю, целого места на нем не осталось! Но Бог сохранил султана Садыка невредимым. Через час Мулла-Алимкул послал людей, чтобы отозвать его. Когда Садык пошел назад, то и лежащие горами джигиты поднялись и ушли с ним» [26].

В данном отрывке дается указание на знамя у султана Садыка (Сыздыка), однако не дается описания знамени, было ли это знамя самого Кенесары¹⁹, или это было знамя кокандского ханства?

Полученные результаты

Список литературы:

1. Морозова Л.А. Теория государства и права. – Москва: Российское юридическое образование 4-е издание. – 378 с.
2. «Алам Арай Сафави». – Тегеран: Изд-во «Бунъёд Фарханге Ирон», 1971. – 688 с. (текст на фарси непосредственный).
3. Мухаммадйяр ибн Араб Катаган «Мусахир аль Билад» Тегеран: Изд-во «Мирас Мактуб» 2022. – 487 с. (текст на фарси непосредственный).
4. Oldham, R.D. (May 1925). «The Portolan Maps of the Rhône Delta: A Contribution to the History of the Sea Charts of the Middle Ages». The Geographical Journal. Blackwell Publishing. 65 (5): 403-424.

¹⁷ Ондан султан — сын казахского хана Шыгая брат казахских ханов Тауакеля (Тавакул султан) и Есим хана и отец Ораз Мухаммад султана. Ондан султан был талантливым воином и метким стрелком за что получил прозвище «Длиннострелый», т.е. точно стреляющий на большие расстояния.

¹⁸ Информация о том что ордаиды или тукай-тимуриды имели «тарак тамгу» с кругом вверху или без такового нуждается в дополнительных исследованиях. П.Н. Петров сделал доклад в Казани в декабре 2022 г, где показал что ранее относимые к чеканке Гуюка монеты - скорее всего могут относиться к монетам эпохи ордаидов.

¹⁹ То, что знамя Кенесары было зеленого цвета, (т.е. знамя его деда Абылая), нуждается в дополнительных исследованиях.

²⁰ От Есим хана сына Шыгая потомки Жангир хана по линии Тауке – Абыльмамбет, а по линии Вали Баки - Абылай.

5. Каталонский атлас на сайте Национальной библиотеки Франции [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://expositions.bnf.fr>, дата обращения: 25.03.2022).
6. Юрченко А.Г. Улус Джучи на карте мира XIV в. (Знаки и символы Каталонского атласа 1375 г). //Золотоордынская цивилизация, выпуск 1, Казань.- 2008. - 175 с.
7. Сагдеева Р.З. Серебряные монеты ханов Золотой Орды каталожный. – Москва: изд-во «Горячая линия, Телеком» 2005 г. – 78 с.
8. David W. Tschanz «Ain Jalut» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://web.archive.org/web/20070912161811/http://www.saudiaramcoworld.com:80/issue/200704/history.s.hinge.ain.jalut.htm>
9. Рашид ад Дин Хамдани «Джамиу ат Таварих». Рукопись на фарси, французской национальной библиотеки Париж. – Франция, – С. 599. (Копия факсимиле была приобретена центром рукописей и редких книг в Астане в 2021 г).
10. «Таварих Гузида Нусрат Нама» рукопись на тюрки британского музея (Копия факсимиле была приобретена центром рукописей и редких книг в Астане в 2021 г).
11. Ибрагимов С.К., Мингулов Н.Н., Пищулина В.П., Юдин В.П. Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII веков / С.К. Ибрагимов, Н.Н.Мингулов, В.П.Пищулина, В.П.Юдин. – Алма-Ата, 1969. – 649 с.
12. Бимендиев А.Ш. К проблеме образа птиц в навершиях знамен у казахских правителей средневековья. //Отечественная история // Научный журнал. Алматы. – 2016. – № 2. (74). – С.12- 36.
13. Абд ар Раззак Камал ад Дин ибн Исхак Самарканди «Матлаи ас Саидайн ва Маджма аль Бахрайн» рукопись на фарси библиотеки конгресса США. 667 с, /331 листов/. (Копия была приобретена Центром Рукописей и редких книг 2023 г).
14. Гияс ад Дин Хондемир «Хабиб ас-сийар». В четырех томах. – Тегеран: «Хайям», – Т.3. – 796 с. (текст на фарси непосредственный).
15. Шараф ад Дин Али Йазди «Зафар Нама Теймури» (Зафан Нама Йазди). В двух томах – Калькутта: «Printed V.V. W. Thomas, Bartist Mission Press», 1887 – Т.1. – 813 с. (текст на фарси непосредственный).
16. Хафиз Аbru «Зубдат ат Таварих»: В двух томах. – Тегеран: изд-во Министерство Культуры 1372²¹/1994 г/. – Т. 2. – 1264 с. (текст на фарси непосредственный).
17. Мирза Мухаммад Йусуф Исфакхани «Хулд Барин». В двух томах. – Тегеран: издат-во «Мирас Мактуб» 1379/ 2000 г.Т.1. – 806 с. (текст на фарси непосредственный).
18. Атыгаев Н.А. «Об одной интересной миниатюре в рукописи сефевидского периода из музея Реза Аббаси (ИРИ Тегеран)» //edu.e-histiry.kz электрондық ғылыми журналы №1.
19. Шах Махмуд ибн Мирза Фазиль Чурос «Тарих» /Хроника-История/ рукопись на фарси библиотеки РГБ. Москва. – с. 169. (Копия факсимиле была приобретена центром рукописей и редких книг в Астане в 2022 г).
20. Амир Махмуд Хондемир²² «Тарих Шах Исмаил ва Шах Тахмасиб Сафави» (Зайл «Тарих Хабиб ас-сийар»). Тегеран издат- во «Накш Джахон» 1370²³/1991. – с. 301. (текст на фарси непосредственный).
21. «Дафтаре Чингиз Нама» (Ахвал Чингиз хан ва Аксак Тимур) рукопись XVII века, парижской национальной библиотеки [Электронный ресурс]. – Режим доступа:
22. Брагин А.О., Леонов Б. И. Медный чекан Кунче хана в Узкенде / А.О. Брагин, Б.И. Леонов // Археология Казахстана № 1 (7) изд-во Археология Казахстана 2020. – 167 с. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.archeokz.com/index.php/archeokz/issue/view/7> (дата обращения: 01.0.6.2023).

<https://cyberleninka.ru/article/n/ob-odnoy-interesnoy-miniatiyu-re-v-rukopisi-sefevidskogo-perioda-iz-muzeya-reza-abbasi-iri-tegeran>
<https://gallica.bnf.fr/ark:/12148/btv1b52513584p.r=D8%A7%D9%82%D8%B3%D8%A7%D9%82%20%D8%AA%D9%85%D9%88%D8%B1?rk=42918;4> дата обращения: 25.03.2022). . (текст на тюрки непосредственный).

23. Курбанали Халиди «Таварих Хамса Шарки» Казань издат-во электро-тип. «Урнэк» 1910. – с. 791. (текст на тюрки непосредственный).
24. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т. 4. Алма-Ата, 1985. 462 с.
25. Кондыбай С. Жауынгерлик рух кітабы. Алпамыс ғаламы- Алматы: Арыс, 2008. – 416 с.
26. Кенесарин А. «Султаны Кенесары и Сыздык». Алма-Ата изд-во «Жалын». 1992. – с. 143.

Түйіндеме. Бұл мақалада Алтын Орда және Қазақ хандығы кезеңіндегі тулар туралы тарихи дереккөздер көрсетілген. Атап айтқанда, мақалада Крескес және Пиццигани картасына сілтеме, миниатюралар мен олардың жалпы сипаттамасы берілген. Алтын Орда және Қазақ хандығы дәуіріндегі туға байланысты тақырып өте күрделі, өйткені бұл тақырып бойынша тарихи материалдар аз зерттелген болатын. Мысалы, кеңестік және посткеңестік тарих ғылымында Хафиз Абрудың «Маджму ат Таварих» еңбегі іс жүзінде зерттелмеген, әсіресе, Темірланның өміріне арналған үшінші бөлімімен қатар басқа да көптеген парсы тіліндегі тарихи шежірелер зерттелмеген, оларда Алтын Орда мен Қазақ хандығы туралы көптеген пайдалы мағлұматтар кездеседі. Бұл мақалада кейбір парсы тіліндегі тарихи деректер қарастырылып, соның негізінде Алтын Орда мен Қазақ хандығының тулары туралы жалпы тұжырым жасалған.

Summary. This article presents the data revealed as a result of research of various historical sources regarding the banners of the period of the Golden Horde and the Kazakh Khanate. In particular, the article provides a link to the Cresques map, miniatures, and a general description of them. The topic related to the flags and banners of the era of the Golden Horde and the Kazakh Khanate is very difficult, because insufficient historical material on this topic has been studied. So, in particular, the work «Majmu at Tavarikh» by Hafiz Abru, especially the third part dedicated to the life and work of Tamerlane, has not been practically studied in Soviet and post-Soviet historical science. Also, many other historical Persian-language historical chronicles have not been studied, in which there is a lot of useful information from the period of the Golden Horde and the reign of Tamerlane. In this article, only some Persian historical chronicles were considered, on the basis of which a general conclusion is made about the flags of the Golden Horde and the Kazakh Khanate.

²¹ Год солнечной хиджры

²² Сын известного историка Гияс ад Дина Хондемира автора «Тарих Хабиб ас Сийяр».

²³ Солнечная хиджра.





Бисенова

Гүлсім Алдабергенқызы

Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің жетекші сарапшысы, т.ғ.к, доцент

ҚОЛЖАЗБАЛАР ЖӘНЕ СИРЕК КІТАПТАР ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҚ ҚОРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНА ҚАТЫСТЫ СТАТИСТИКАЛЫҚ ШОЛУЛАР: 1906 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША СТАТИСТИКАЛЫҚ ШОЛУ.

Түйіндеме. Мақалада Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталық қорында сақталған 1906 жылға арналған Жетісу облысы бойынша статистикалық шолу талқыланады. Жетісу өлкесінің шекара аймақтары, халықтың шаруашылық қызметі, саны, тұрмыс-тіршілігі, оқу-ағарту мәселелеріне қатысты мәліметтер баяндалды.

Түйін сөздер: Жетісу облысы, көшпелілер, қоныс аударушылар, шаруашылық, өнеркәсіп, оқу-ағарту, гимназия.

Кіріспе

Қазақ жерлерін Ресей құрамына қосып алудың аяқталуы және империяның оңтүстік-шығыс шектерде орнығуы Қазақстанды басқаруды номадтардың әлеуметтік-экономикалық өмірінде қалыптасқан жаңа өзгерістерге сәйкес қайта құру міндетін алға тартты. Кең-байтақ өлкені әкімшілік-саяси және сот жағынан басқару жүйесін объективті түрде реформалау әкімшілік-саяси өкімет орындарының ескі тәртіптері мен капиталистік кәсіпкерліктің «кеңейе» дамуының өсіп келе жатқан мүдделері арасындағы сәйкессіздікті жоюға тиіс болды. «Уақытша ережелер» бойынша басқару жобаларын бекіте отырып, Петербург патша сарайы төңірегіндегілер

Қазақстанды империяның өскелең өнеркәсібі мүдделерін көздеп отарлау мен игеруді тездетуге үміт артты. 1899 жылы Жетісу облысы Түркістан генерал-губернаторлығына қайтарылды. 1881 жылы таратылған Орынбор генерал-губернаторлығына жоғары бұйрыққа сәйкес, Дала өлкесінің құрамына Орал және Торғай облыстары кірді. Бұл дала аймағын толық басқару 1891 жылы 25 наурызда император Александр III «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы» ережені (дала жағдайы) бекіткен кезде анықталды. Дала жағдайы қазақ қоғамының саяси, әлеуметтік-экономикалық және құқық жағдайын түбегейлі өзгертті. Дала өлкесін әр түрлі кездерде әр түрлі генерал-губернаторлар

Г.А.Колпаковский, М.А.Таубе, Н.Н.Сухотин, И.П.Надаров, Е.О.Шмит, Н.А.Сухомлинов басқарды. Аймақтардағы негізгі басқару генерал-губернаторларға тиесілі болды, ал облыстарды басқару әскери губернаторлар мен облыстық басқармаларға тиесілі болды (1906 жылдан бастап).

Ресей империясының қазақ өлкесіне қатысты стратегиялық жоспарында Ресейдің еуропалық бөлігінен орыс және украин шаруаларын көшіру саясаты маңызды роль атқарды. Оның басты міндеті әлеуметтік базаны кеңейту, жаңа жерлерді игеру және басып алу, табиғи ресурстарды пайдалану арқылы Ресейдің аймақтағы экономикалық позицияларын нығайту болды. Оның нәтижесінде ішкі нарықтың кеңеюі, ауыл шаруашылығы тауарларының өсуі, сондай-ақ халықтың ұлттық құрылымы өзгеріп, орыстар санының өсуі байқалды. Бұл мәліметтерді Ресей империясының XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында қазақ өлкесіне қатысты жасалған статистикалық шолуларынан көруге болады. Облыстардың статистикалық шолулары мен сипаттамалары губернаторлардың барлық есептеріне қосылып отырды. Аймақтар бойынша жасалған аталмыш статистикалық шолуларға: табиғат жағдайы мен облыстардың жер көлемі, шекара аймақтары, өндірістік күштері, халықтың шаруашылық қызметі, отырықшы және көшпелі халықтың саны, өнеркәсіптің, азық-түліктің, сауданың жай-күйі, халықтың тұрмыс-тіршілігі, денсаулық сақтау, білім беру және т.б. мәліметтер енгізілген.

Зерттеу әдістері

Бұл мақалада тарих және тарихи деректану ғылымының әдістерін ұтымды пайдалана

отырып, Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығындағы №2-ші қордың №2 тұрақты сақталатын, 1883-1917 жылдар аралығындағы қазақ даласына қатысты жасалған статистикалық шолуларына талдау жасалады. Атап айтар болсақ, Жетісу облысы бойынша 1906 жылға арналған статистикалық шолуларға қатысты нақты мәліметтер баяндалады.

Талқылау

Қазақ даласындағы аймақтар бойынша статистикалық шолуларда негізінен облыс аумағы, шекарасы, табиғаты, әкімшілік құрылымы, халқы, өндіріс пен сауда қатынастары, денсаулық пен халыққа білім беру мәселелері жөнінде мәліметтер қамтылған. Жетісу облысы бойынша 1906 жылғы шолуда Жетісу облысының аумағы оңтүстік-шығысында Қытай империясымен, оңтүстік-батысында Ферғана, батысында Сырдария, солтүстікте Семей облысымен шекаралас жатқан аумақ деп көрсетілген. Жетісу аймағының табиғаты мен ауа-райы алуан түрлі. Қытаймен шекаралас жатқан оңтүстігі таулы аймақ. Таулы аймақтардың биіктігіне қарай жер-жерлерде ауа-райының да айырмашылығы байқалады. Жетісудың Іле алқабында дәнді дақылдарды өсіру егістіктерді жасанды жолдармен суару арқылы ғана мүмкін болады. Бұл Жетісу далаларының топырақтық-климаттық жағдайларын, аталмыш аймақты Ресейдің ішкі губернияларынан келген орыс қоныстанушыларымен қоныстандыру мәселесін шешу кезінде ескеру қажет болды [1].

Жетісу облысының құрамындағы уездердегі халық саны кесте бойынша;

Уездер	Көшпелілер	Отырықшылар	
		Орыстар	Басқа ұлттар
Верный	163574	44657	42061
Қапал	146993	15441	3966
Лепсі	116569	30415	2700
Жаркент	96705	6743	49148
Пржевальский	132289	17702	13658
Пішпек	154268	25818	14756
Жалпы саны	810398	140776	126289

1861 жылы Жетісу аймағына Воронеж губерниясынан алғашқы қоныс аударушылар келді (242 отбасы). 1861-1868 жылдар аралығында Жетісу аймағына қоныс аударғандар негізінен Верныйға тұрақтады. 1868 жылы округтерде шаруа кенттері құрыла бастады, осы уақыттан бастап 1883 жылға дейін қоныс аударушыларды аймаққа қоныстандыру үздіксіз жалғасып, нәтижесінде 36 шаруалар кенті құрылды. 1877 жылдың қысында күтпеген жерден Қытай әскерлерінің зорлық-зомбылығынан қашып, Қашқардан қашқан – дүнгендер келіп, оларды қуғын-сүргіннен құтқарып, Ресей бодандығын қабылдап, Жетісуға қоныстануға рұқсат беруді сұрайды. Бір жағынан, қашқындарға деген жанашырлық сезімі және осыған дейін дәлелденген еңбекқор диқандар жергілікті халыққа үлгі болады деген үміт осы өтінішті қанағаттандыруға негіз болды. Бұл туралы хабар Құлжа аймағын мекендеген олардың руластарына да жетті, сондықтан 1881 жылы Ресей мен Қытай үкіметтері арасында Құлжа аймағын соңғысына қайтару туралы келісімге қол жеткізілген кезде, Құлжа аймағында қоныстанған дүнгендер – Қытай бодандығында қалудан бас тартып, Жетісуға көшу туралы нық шешім қабылдады. Олардың бұл өтініші қанағаттандырылып, жаңа қоныстанушыларға Қытаймен шекаралас Іле алқабынан ішінара жер бөлінді. Әкімшіліктің жерді орыс кенттерін (ауылдарын) құру үшін пайдаланудан алу туралы бұйрығына алғашында сабырмен қараған қырғыздар Құлжалықтарға жер телімдері беріле бастағанда қобалжып, бірқатар арыздар берді. Олардың өз арасында да ауыл шаруашылығы дамып, жыл өткен сайын кеңейе бастағанын, сонымен бірге ең қолайлы тау бөктеріндегі жерлерінің барлығы қоныстанушыларға бөлініп, нәтижесінде қырғыздар егістіктерін суаруға қажетті су көздерінен де, жазда малдарына жалғыз баспана болатын тау жайылымдарынан да айырылғандығы жөнінде наразылықтарын білдіре бастады. Бұл шағымдар, өлкені отарлау мәселесіне аса сақтықпен қарауға, Ресейден Жетісу аймағына келген шаруаларды облыс бойынша шақыру және орналастыру тәртібі туралы арнайы ережелер қабылдауға міндеттеді. Бұл ережелерде, Жетісу өлкесіне қоныс аудару

мәселесі қырғыз жерінің пайдаланылуын зерттеп, жер көлемін анықтағаннан кейін үкіметтің рұқсатымен жүзеге асырылуы тиіс деп тұжырымдалған. 1891 және 1892 жылдары Ресейде егіннің болмауына байланысты Жетісуға рұқсат етілмеген қоныс аударушылардың 1769 жанұясы келіп, оларды өлкеге көшіру туралы арыз жазды. Келгендердің қайғылы жағдайына байланысты оларға азық-түлік пен үй шаруашылығына арналған барлық жәрдемақылар берілді. Олардың Жетісу аймағына қоныстану жөніндегі өтініштері, Ыстықкөл маңындағы ауылдарда бос жатқан жерлер болса ғана қабылданатыны ескертілді. Қоныс аударушылар Ыстықкөл жағалауындағы ауылдарға қоныстанудан бас тартты, олар Шу өзені маңынан учаскелер бөлуді талап етті, бұл өтініштері қабылданбағаннан кейін қоныс аударушылар барлық қалалар мен ауылдарға тарап кеткен болатын [2].

1905 жылдың басында жергілікті әкімшілік қырғыз жерін зерттеу үшін арнайы экспедиция ұйымдастыру туралы өтінішіне рұқсат алды. 1905 жылғы 14 ақпанда Мемлекеттік Кеңестің шешімі бойынша уақытша Жетісу партиясы құрылды. Аталмыш партияға Жетісу облысы бойынша, Түркістан генерал-губернаторы белгілеген аумақтарда жергілікті табиғи-тарихи және шаруашылық-статистикалық зерттеулер жүргізу міндеті жүктелді. Партия өз қызметі барысында егжей-тегжейлі және күрделі бағдарлама әзірледі, бірақ оны орындай алмады, өйткені табиғи-тарихи және статистикалық зерттеулер кезінде партия шендері күтпеген қиындықтарға тап болды. Жыл соңында 1905 жылғы Ресейдегі қайғылы оқиғалар Жетісу өлкесіне өз әсерін тигізген еді, аталмыш себептерге қатысты партия таратылды. 1906 жылы партияның құрамы мен материалдық құралдары ұлғайтылып, партияның жұмысы жаңа негізде ұйымдастырылды. Қолданыстағы Дала ережесіне сәйкес, көшпелі (қазақтар) халықтың пайдалануындағы жерлермен қоса, сырттан келген қоныс аударушыларға бөлінген жер көлемін ескере отырып, Жетісу өлкесіндегі уездерге қатысты келесі мәліметтер кесте бойынша берілген [3].

ULY DALA MURASY

Уездер	Жер көлемі (десятины)	
	Көшпелі халыққа тиесілі бөлігі	Көшпелі халықтан пайдаланудан алынған
Верный	2956954	1008150
Қапал	5261466	266134
Лепсі	5511606	320610
Жаркент	2927088	368048
Пржевальский	3514499	169077
Пішпек	4544766	221866
Жалпы саны	24716379	2353885
Барлығы	27070264	

1906 жылдың көктемінде, жоғарыда айтылғандай, қоныс аудару партиясының жұмысы жерге орналастыру және егіншілікке қатысты жер бөлу партиялары мен жергілікті қоныс аудару ұйымдарының қызметін біріктіру негіздеріне сәйкес жаңаша ұйымдастырылды. 1906 жылы 14 қаңтарда аталмыш негіздерге сәйкес келесі бөлімдер бойынша жұмыстар жүргізіледі деген шешім қабылданды, олар: 1) аралық жұмыстар, 2) статистикалық, 3) агрономиялық, 4) гидротехникалық, 5) қоныс аударушыларға дәрігерлік көмек және азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесіне қатысты бөлімдер [4].

Жетісу өлкесінің әкімшілік құрылымы бойынша 1891 жылғы 25 наурызда қабылданған Дала ережесінің 138-бабы негізінде үш жылда бір рет Жетісу өлкесінің Қырғыз болыстарында қайта есепке алу санағы жүргізіліп, жергілікті әкімшіліктің жаңа лауазымды адамдары тағайындалады. Халық санына қатысты мәліметтер бойынша, Жетісу өлкесінің халқы

негізінен қоныс аударатын орыс шаруаларының есебінен көбейеді, аймаққа қоныс аударуға уақытша тыйым салынғанына қарамастан, қоныс аударушылар легі жалғасып, уездерге кіре алмағаны қалаларға қоныстанды [5]. Нәтижесінде, қалаларға қоныстанған шаруалар саны 1906 жылы 1657 жанға өсті. 1906 жылдың есебі бойынша, отбасылық тізімдерге сәйкес көрсетілген көшпелі халықтың азаюына әсер ететін эпидемиялық аурулар және т.б жағдайлар орын алмаған. Бүкіл болыстар аймағынан болыс билеушілері жеткізген мәліметтерге қажетті түзетулер енгізе отырып, уездер бойынша халықтың нақты санағы бойынша мынадай деректерді аламыз: [6]

Облыс халқының негізгі кәсібі ауыл шаруашылығы болып табылады, оның әртүрлі салаларынан барлық жерде егіншілік пен мал шаруашылығы бірінші орынды алады. Қазақ егіншілігінің тез дамыған ошақтарының бірі Жетісу аймағы болды. Егіншілік Жаркент уезіне тез қарқынмен таралды, 1883 жылдан

Уездер	Көшпелі халық саны	Уездердегі жалпы халық саны
Верный	161001	209325
Қапал	149770	166840
Лепсі	138000	165603
Жаркент	93404	125342
Пржевальский	155952	172988
Пішпек	147216	175821
Барлығы	845348	1015919

кейін патша өкіметі уезд аумағынан бірде-бір десятина жер алмаған еді, Верный уезінен қазақтардың егіс егу қарқынының баяулығы байқалды, мұнда алаптың 25%-ынан астамын әкімшілік казак станицалары, шаруалардың поселкелері және басқа мақсаттар үшін алып қойған болатын, ал Қапал және Лепсі уездерінде жер көлемінің 5%-ы тартып алынып, қазақтардың егіншілікпен шұғылдандуының көлемі де соған сай келді [3]. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының басында егіншілікпен тек қана отырықшы халық айналысқан болса, Құлжадан келген қоныс аударушылармен қатар Ресейден келген қоныс аударушылардың арасында да егін шаруашылығы тез тарала бастады. Екінші жағынан, отырықшы халық бір егіншілікпен айналысуға тиімсіз деп тауып, өз шаруашылықтарында мал шаруашылығына бет бұра бастады, бұл үшін қажетті жайылымдарды қырғыздардан жалға алды. Қазіргі уақытта облыста бір егіншілікпен немесе бір мал шаруашылығымен арнайы

айналысатын шаруашылықтар аз. Уақыт өте келе, Жетісу аймағында егіншілік пен мал шаруашылығы қатар жүргізілген уездердің саны көбейе бастады. Ауыл шаруашылығының кішігірім салалары болып табылатын – бал арасы шаруашылығы, бау-бақша дақылдарын өсіру, темекі, жүзімдіктер алқабы уездерде бұл тек жалпы шаруашылық жүйесіне көмек ретінде қосалқы тіршілік көзі болып саналды. 1906 жылғы климаттық жағдайлар ауыл шаруашылығы үшін қолайсыз болды. Бұрынғы жылдармен салыстырғанда ауа-райы қолайсыз болғанына қарамастан, 1906 жылы облыста нан өнімі, артық жиналған астық мөлшері халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыруға жеткілікті болды. Барлық сұлы мен картоп өнімдерін алып тастап, қалған нан өнімдерін отырықшы және көшпелі тұрғындарды бөлек есептей отырып, қала тұрғындарын қоса есептегенде, аймақтың азық-түлікпен қамтамасыз етілуі бір жанға шаққандағы мөлшері (пұт) кесте бойынша көрсетілген: [7]

Уездер	Отырықшы халық	Көшпелі халық
Верный	53,9	14,3
Қапал	77,8	11,3
Лепсі	43,4	14,3
Жаркент	24,4	4,7
Пржевальский	46,1	19,3
Пішпек	43,9	37,6
Облыс бойынша	48,3	16,9

Облыстың көшпелі халқы үшін ет пен сүт өнімдері негізгі азық-түлік болып табылады, нан өнімдері дәмдеуіш ретінде қызмет етеді. Сондықтан көшпелі халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету дәрежесі туралы мәселені шешкен кезде, жылдық астық мөлшері ерекше мәнге ие болмайды.

Дала тұрғындарының бүкіл өмірі мал шаруашылығының жай-күйіне байланысты еді, ол кедейлер үшін тіршілік, ал ауқаттылар үшін байлық көзі бола отырып, номадтардың көпшілік бөлігі үшін тірліктің ең маңыздысы болды [8]. 1905-1906 жылдың қысы бұрынғыға қарағанда ұзағырақ болғанына қарамастан, бірақ ол көктайғақпен бірге жүрмегендіктен

және көктемде көп қар жауып, ұзақ аяз болмағандықтан, қырғыз малы өткен жылға қарағанда қауіпсіз әрі аса шығынсыз қыстан шықты. Көшпелі мал шаруашылығы нашар күтім мен қадағалаудың нашарлығынан жабайы аңдардан және әртүрлі кездейсоқ, түсініксіз себептерден айтарлықтай көп зиян шегеді. 1905 жылмен салыстырғанда малдың шығыны көп болғандықтан, оның көшпелі тұрғындардағы жалпы саны 1907 жылдың 1 қаңтарына қарай 30,671 басқа азайды. Көшпелі халық қолда бар малдың санын көбейтуге аз күш жұмсайды дегенмен, оны қажеттіліктері үшін пайдалану барысында, малдың жылдық өсіміне (көбеюіне), қыстан шығынсыз шығуына


және де кездейсоқ себептерден азаюын ескере отырып қажетіне жұмсайды. Мұндай құбылыс табиғи жағдай, өйткені көшпелі халық үшін мал шаруашылығы оның әл-ауқаты мен тіршілігінің негізгі көзі болып табылады. Қырғыз өмірінің барлық жағдайы мал шаруашылығы өнімдеріне негізделген, олардан – тұрғын үй құрылғылары (киіз, киіз үйдің қажетті керек-жарақтары ретінде қызмет ететін әртүрлі жүннен жасалған бұйымдар), киім, ыдыс-аяқ және басқа да шаруашылық заттары жасалады. Мал қырғыздарды киіндіріп қана қоймай, оны ет және сүтпен қамтамасыз етеді. Мал сонымен қатар көшпелі халыққа үй шаруашылығында қажетті заттарды сатып алу үшін де, алымдар мен міндеттерді төлеуге ақша алу үшін де айырбас бірлігі ретінде қызмет етеді [9].

Бау-бақша үшін есепті жыл өте қолайлы болды. Көктемгі суық гүлденуден бұрын өтті, аналық бездердің түсіне де, қалыптасуына да әсер етпеді, мамырдың аптап ыстығы жеткілікті жасанды суарумен бау-бақшаға тіпті пайда әкелді. Жемістердің өнімділігі 1905 жылмен салыстырғанда барлық жерде көп болды, бірақ сапасы жағынан және есепті жылы жиналған жемістер мінсіз болмады. Бірақ өткен жылдардағы шолуларда айтылғандай, бұған бау-бақша иелерінің өздері кінәлі, олар бақшаларға дұрыс күтім жасауға аз күш жұмсайды және жеміс зиянкестерімен күресу үшін тиісті шараларды дер кезінде қабылдамайды. Жетісу аймағында жүзім өсіру шаруашылығына тек Пішпек, Верный және Жаркент уездерінің ауарайы қолайлы болып келеді.

Отарлық Қазақстанның сан-салалы экономикасының құрамдас бөлігі жергілікті өнеркәсіп болды, оның біркелкі емес, өтпелі, ең алдымен ұсақ тауарлы деңгейі мен мәні бірқатар қарама-қарсы пікірлер туғызды. Қазіргі түсінік мағынасында алғанда, сол дәуірдегі осы саланы, зауыттар мен фабрикаларды өнімділігінің мөлшері, шығаратын өнімнің көлемі жөнінен ең алдымен қолөнер кәсіпшілігі қатарына жатқызуға болатын еді [10]. Өздерінің көлемі, құрылысының қарапайымдылығы жағынан, сондай-ақ оларда жұмыс істейтін жұмысшылар саны бойынша шағын бұл «зауыттар» шын мәнінде XIX ғасырдың аяғы


– XX ғасырдың басында ғана өнеркәсіптің қарапайым бастамалары болды. Жетісу аймағы бойынша, 1906 жылы әр түрлі қолөнершілер мен шеберханалар 9786-ға жетті, бірақ олардың барлығы басқа кәсіптерден бос уақытты аз табыспен қанағаттандыратын қолөнершілер кәсібі еді. Өндіріс шарттары өзгерген жоқ және ешқандай жетілдірулер енгізілген жоқ. Сыра қайнату зауыттарының алтауы жұмыс істеді, 1906 жылдың есебі бойынша, жаңадан бір сыра қайнату зауыты қосылды. Атап айтар болсақ, Никольскийдің Пішпек қаласында жаңа зауыты ашылды. Үш темекі фабрикасы жұмыс істеді олар: мұрагер көпес Гавриловтың және Илларион мен Порфирия Романенковтың өнеркәсібі, олардың барлығы Верный қаласында орналасты. Барлық зауыттар өндірушілердің өздеріне тиесілі жергілікті плантациялардың темекісін қайта өңдеді. Жетісуда ең қарапайым құрылғы және өте қарапайым өнімділікке негізделген диірмендердің саны өсті [11].

Қазақ өлкесінің бірте-бірте капиталистік қатынастар өрісіне тартылуы халықтың экономикалық өміріне, атап айтқанда, сауданың нысаны мен мазмұнына аз өзгеріс енгізген жоқ. Ішкі сауда екі нысанда: айырбас және ақша арқылы жүзеге асырылды. Егер соңғысын көбінесе бүкіл өлкені жайлап орналасқан орыс-украин шаруа тұрғындары және казак станицалары жүргізсе, айырбасты көбінесе көшпелілер жасады. Географиялық орналасуы себепті Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның



1-сурет

жаңадан құрылған қалалары, көп адам тұратын қыстақтары айырбас саудасының орталықтары болды [12]. Жетісу өлкесіне қатысты, облыстың 1905 жылғы шолуында сауда-саттық үш санатқа бөлінген және сауда-саттық саласындағы қолданыстағы сауда айналымдарының егжей-тегжейлі сипаттамасы берілген олар: ішкі, сыртқы және шекаралық сауда-саттық түрлері. Ішкі сауданың мөлшері нақты есепке алынбайды, бірақ олардың біртіндеп өсуі сауда мекемелері санының жыл сайынғы өсуінен байқалады. 1907 жылдың қаңтарына қарай тіркелген әр түрлі сауда мекемелерінің саны 4416-ға өскен, 1906 жылдың қаңтарына қарағанда сауда мекемелерінің саны 353-ке көбейген. Сауда түрі бойынша олар келесідей топқа бөлінеді: сырттан әкелінетін тауарлармен сауда жасайтын мекеме – 2232, жергілікті тауарлармен – 1112, аралас тауарлармен сауда жасайтын мекемелер саны – 1072 [13].



2-сурет

XIX ғасырдың ортасына дейін Қазақ даласында байырғы халықтың балаларын оқытуға арналған еуропалық үлгідегі мектептер жоқ болатын. Қазақ ауылдарында XIX ғасырдың 80-ші жылдарының орта шенінен бастап мектептер ашыла бастады. Жетісу облысының аумағында алғашқы мектептер 1868 жылдан бастап ашыла бастады. Верный және Қапал бекіністерінде приход мектептері құрылды. Облыстың қалған уездерінде 12 станицалық және поселкелік бастауыш мектеп болған еді. Қоғамдық қаржылардың есебінен ұсталған бастауыш селолық және қалалық мектептер ашыла бастады [14]. Жетісу облысында XX ғасырдың басына қарай келесі типтегі оқу орындары ашыла бастады: халыққа білім беру министрлігінің ерлер мен әйелдер гимназиясы, приходтық мектептер, шіркеу мектептері. Верный ерлер гимназиясы 1876 жылдың 1 қыркүйегінен бастап жұмыс істейді және 1881 жылдың 1 шілдесінен бастап толық классикалық үлгідегі гимназияға айналды. 1907 жылдың қаңтарына қарай оқушылар саны – 391 болса, өткен жылмен салыстырғанда 23 оқушыға көбейген. Верный жеті жылдық әйелдер гимназиясы келесі сыныптардан тұрады: бір дайындық және бір қосымша немесе педагогикалық бөлім. 1906 жылдың 1 қаңтарына қарай гимназиядағы барлық оқушылар 415 болды, оның ішінде 7-уі жылдық педагогикалық сыныпты бітірген, 8 оқушы үй тәлімгерлері және 8 оқушы үй мұғалімдері мамандығына ие болды. Шіркеу мектептерінің саны өскен жоқ. Барлық шіркеу мектептерінде оқушылар саны: 1448 ер бала және 1268 қыз бала болды, 1906 жылдың жалпы есебі бойынша барлығы 2716 оқушы болған. 1903 жылы жергілікті тұрғындар арасында орысша сауат ашуды кеңінен тарату шаралары туралы мәселені әзірлеу кезінде, жергілікті әкімшілікпен келісім бойынша аймақтағы оқу орындарының Бас басқармасы жергілікті мектептер ашу туралы шешім қабылдаған болатын. Бірақ қырғыз болыстарында орналасқан мектептерде оқушыларға, әсіресе мектептен алыс жерлерден келген оқушылар үшін пәтер, жатахана мәселесі қиындықтар туғызды. Осы орайда, 1905 жылы Пржевальск және Пішпек уездік мектептерінде

интернаттар ашылды. Бұл мектептердің барлығы бірден оқушылармен толықты сонымен қатар кейбір интернаттарға шамадан тыс оқушылар қабылдауға да тура келді. 1906 жылы қалалық мектептердегі барлық орыс және жергілікті мектептер мен интернаттардағы оқушылар саны 332 оқушыға жетті, 1905 жылдың есебімен салыстырғанда 42 оқушыға саны көбейген [15].

Қорытынды

Қорыта келгенде, Жетісу облысына қатысты 1906 жылға арналған статистикалық шолудан аталмыш аймақ халқының тұрмыс-тіршілігі, ұлттық құрылымы, шаруашылығы, өнеркәсібі, сауда-саттық және оқу-ағарту мәселелері бойынша нақты мәліметтер алуға болады. Осы орайда, оларды жан-жақты зерттеп-зерделеп, ғылыми айналымға енгізу, тарихшылар үшін басты мақсат болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Обзор Семиреченской области за 1906 год // Верный. – 1907.- 2,3-б
2. Бұл да сонда, 8-б.
3. Бұл да сонда, 10,13-б.
4. Бұл да сонда, 14-б.
5. Бұл да сонда, 21-б.
6. Бұл да сонда, 32-б.
7. Бұл да сонда, 46,47-б.
8. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін бес томдық. Т.3 – Алматы «Атамұра», 2010. – 477б.
9. Бұл да сонда, 53,54-б.
10. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін бес томдық. Т.3 – Алматы «Атамұра», 2010. – 507б.
11. Бұл да сонда, 69-б.
12. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін бес томдық. Т.3 – Алматы «Атамұра», 2010. – 507б.
13. Бұл да сонда, 70-б.
14. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін бес томдық. Т.3 – Алматы «Атамұра», 2010. – 525б.
15. Бұл да сонда, 108,109,110,111-б.

Резюме. В статье обсуждается статистический обзор Семиреченской области за 1906 год, которые хранятся в Национальном Центре Рукописей и редких книг. Обсуждены сведения, касающиеся пограничных зон Жетысуского края, вопросов хозяйственной деятельности, численности, быта, образования населения.

Ключевые слова: Жетысуская область, кочевники, переселенцы, хозяйство, промышленность, образование, гимназия.

Summary. The article discusses the statistical survey of the Semirechensk region for 1906, which are stored in the National Center of Manuscripts and Rare Books. Information was reported concerning the border zones of the Zhetysu region, issues of economic activity, the number, life, education of the population.

Keywords: Zhetysu region, nomads, migrants, economy, industry, education, gymnasium.





Жәди Шәкенұлы

Жазушы-тарихшы, академик.
Қазақстан жазушылар одағының мүшесі,
Еуразия жазушылар одағының мүшесі.

ТҮРКІ САРБАЗЫНЫҢ АЙБАТЫ МЕН КӨРКЕМДІК ТҮЛҒАСЫ

Түйіндеме: Ежелгі жұрттар, тасқа басылған таңбалар, балбал тастар бағзы түркілердің ізі болып тас бетінде қалды. Соның ішінде сонау шыңғыс моңғол өлкесінен Каспийге дейінгі тас балбалдар бейнесі әлі де болса ежелгі болмысын, рухын, өр, тақпаптар айбынын көрсетіп тұр. Соларға, солардың кесек кескініне қарап кешегі бабалар болған дала перзентінің ерлігі көз алдыға келеді. Ұлы даланың ұлы батырларының мәңгілік бейнесі ұрпақ жадынан өшпейді.

Түйін сөздер: Түркі дәуірі, Алаш тарихы, балбал тас, мүсін, Алтай, Низами

Тас мүсін аталатын адам бейнелі тас ескерткіштерді ғалымдар негізінен түркі дәуіріне тәуелдейді. Тіпті түркі дәуірінен бұрын-соңды деп қарастырылса да, түркілердің ата-бабалары болған байырғы елдердің немесе олардан кейінгі түркі ұрпақтарының өшпес мұрасы екені анық. Төл бабасына теліген өз ғалымдарымыз болсын, өзгеге телігісі келген өгей ойлылар болсын тасқа айналған баба бейнелерді бізден бөлек қарауға дәрменсіз. Сондықтан да тасқа айналған мәңгілік бейнелер ұрпағы болған – біздерге «жылы шыраймен» қарап, «сырласқысы» келеді.

Түркі дәуіріндегі тас тұлғалардың тұлғалық айбаты мен көркемдік бейнесі біркелкі бола бермейді. Кейде таста тек бас бөлімі ғана бейнеленіп, төменгі жағы қарапайым күйінде қалады, бірақ олардың ішінен, мәселен, үш мүйізді тәж кигізілген белгілі бейне секілді

нағыз өнер туындылары да кездеседі. Мүсіндер көбінде қыр мұрынды немесе жалпақ дөң мұрынды, қалың біткен қасты, қабағы түнеріңкі, көз ұясы кең болып көрінеді. Пішіні, әдетте мойынсыз, бірақ, иықтары көтеріңкі және ұзын иекті, ат жақты болады. Тұтастай көз жүгірткенде ғасырлар сынына қарамай сұлулық, тақпаптарлық, өрлік пен ерлік менмұндалайды.

Түркі дәуіріндегі тас қашаушылар қолынан шыққан адам мүсініне зер салсаңыз ежелгі заманның алыбын, батырды, атақты билерді, абыздарды, жыршылар мен малшылардың бейнесін көз алдыңызға елестетесіз .

«Мен тас емес, рух іздеп жүрмін» деп аталатын сұхбатында Ерлан Қарин: «Балбал тастардан жауынгердің қаһарын, мысын, даналығын көресің де ата-бабаларымыздың мінезін елестетесің! Кейде балбал тастарға археологиялық нысан ғана емес, ғажайып өнер

туындысы ретінде де қарау керек деп санаймын. Тасқа адам баласының түр-түсімен бірге мінезін де көрсете білген. Мәселен, бірінде адамның қайғысын, мұңын көрсетсе, тағы бірінде қаһарын, батырлығын әйгілейді...

Әрине, мен тас емес, рух іздеп жүрмін... Алаш тарихын оқып және өзгелерді де осы тақырыпқа ден қоюға шақырудағы мақсатым – осы рухты іздеу» дейді.

Мұртты, сақалды, бас киімсіз, төбесінде айдары, желкесінде бұрымы бар, ер тұлғалы тас мүсіндер, әдетте, денесімен дене болып тұратын шекпен (сауыт) киіп, кісе белдік буынып тұрады. Белдікке қос құрсаулы қылыш, қанжар, оқшантай, т.б. керек-жарағы ілінеді. Бас киім кигендері сирек, кейде шашы көрсетілгендері бар. Көп мүсіннің арқасына бұрым қашалған, бұрымның саны бойынша қай түркі тайпасына тиесілі екенін меңзесе керек. Құлағына сырға, мойнына тұмар тағып, алтын кесе ұстаған оң қолы кеуде тұсына көтеріледі; сол қолы қылыштың сабын немесе белдігін ұстап тұрады. Ер адамдардың құлағына сырға салуы ақсүйек, ханзада, бегзада мағынасын береді.

«Көне наным бойынша сақал-мұртпен де ер адамның күш-қуаты байланыстырылатын. Көшпенділер батырлары мұрттарын ұзын қылып өсіріп, сұсты, айбарлы көріну үшін оны жоғары қарай қайырып, тікірейтіп қоятын» болған.

Түркі даласына тараған тас мүсіндерде мұртты тұлғалар өте көп кездеседі. Шығыс Қазақстан жерінен «мұртты обалар» да табылды. Тас мүсіндер мен «мұртты» обалардың бір жерде орналасуы белгілі бір ғұрыптық маңызға ие болған. Орталық Қазақстанның әртүрлі аймақтарында кездесетін биік мүсіндер кейінгі түркі дәуірінің балбал тастарының немесе қыпшақтардың тас мүсіндерінің прототипі болып табылады. Сондықтан олар сақ дәуірінің тікелей мұралары ретінде қарастырылады.

Демек, сақ дәуірінен жалғасқан мұртты тұлғалар бейнесі ата-бабалық ұрпақ жалғастығымен түркілер бойынан табылса оған еш таңдануға болмас.

Ежелгі түркілердің кісіні жерлеу рәсімінен де олардың ерлік кескіні анық аңғарылады. Өлген адамдардың басына ескерткішті өзінің

тірі күнінде жасаған үйіне ұқсатып қою көшпелі елдің ежелгі салты болған. Сондықтан үйген оба, тұрғызған дың, ұйтастардың бәрі де түр жағынан жазғы киіз үйге ұқсаған. Бұл құрылыстардың қызықты болуы тас мүсіндердің бір тобы осы айтылған оба, дың, ұйтастардың қасында кездеседі.

Қытайдың «Тан-Шу» атты шежіресінде «Олардың әдеті қабір үстіне үй жасап оның ішіне жерленген кісінің тасқа қашап түсірген тұлғасын қояды, сонымен қатар оның соғыста істеген ерліктерін жазады. Егер әлгі кісі жаудың бір адамын өлтірген болса, оның ескерткішінің алдына бір тас қояды, көп өлтірсе көп қояды. Мұндай бағана тастың саны оларда кейде жүзге, кейде тіпті мыңға жетеді» делінген. Көне түркілерді дәл осындай жерлеу дәстүрін көзімен көрген XIII ғасырда француз королы Людовик тапсырмасымен 1253 жылы Орталық Азиядағы Моңғол ордасы Қарақорымға барған Г.Рубрук қазақ жерінен өткенде жергілікті тайпалардың өлген адамды жерлеуі жайында: «Өлгендердің үстіне топырақ үйіп, бетін күн шығысқа қаратып, кіндігінің тұсында тостаған ұстап тұрған мүсін орнатады» деп жазыпты. Түркілік ұғым бойынша күш немесе билік белгісі ретінде балбал бір қолына көзе, екінші қолына семсер ұстап тұруы керек сияқты.

Тас мүсіндерде кездесетін кеуде тұсына оң қолымен, кейде қос қолымен ұстаған ыдыс – табанды, бүйірі шығыңқы, ернеуі қайырылған, тік мойынды болып, ортағасырлық алтайлық түркілердің тұрмыстық бұйымдары болған. Юстыд қорымынан табылған осы формадағы күміс ыдыстар Алтай түркілері үшін ерекше маңызды. Себебі, Алтайда сақ дәуірінен бері осыған ұқсас пішінді керамикадан немесе ағаштан жасалған бүйірлі ыдыстар болған және түркі ақсүйектері қорымынан шыққан көптеген ыдыстардың аналогтары Алтай тас мүсіндерінде бейнеленген ыдыстардың пішіндерімен сәйкес келеді. Түркілердің мұндай кеуде тұсына ғұрыптық ыдыс пен киелі суды (Жер-Су белгісі) ұстаған бейнесі ант беру және мәңгілік келісім-шартқа беріктіліктің белгісіндей көрінеді. Осыған ұқсас қыш, ағаш, металл бұйымдарынан жасалған ыдыстардың түрлері Монғолия, Алтай, Қазақстан территорияларында көп таралған.

Алтайлықтар қорымындағы зерттеулер нәтижесі бойынша балбалдағы адам кескінін марқұмның бейнесі деп таныған. Олардың қолындағы ыдыс, осы аймақтағы қабір ішінен табылған ыдыстардың сыңары десе болады. Бұл ұқсастықты зерттеуші, ғалым Л. Р. Қызласов та аңғарған.

Аяқ киімі жағынан қарағанда да – қонышы қайырылған, өкшесіз, қайқы тұмсық етік кигені байқалады. Түркілерде «...шалбардың балағы былғары етіктің қонышына сұғылған. Етік өкшесіз, ұлтаны жұқа және тұмсығы қайқы етіп тігілген» болып келеді.

Шығыс Қазақстанның Алтай бөлігінде зерттеу жүргізген ғалымның бірі З.Самашев түркі дәуіріндегі петроглифтер мен таңбалардың, тас мүсіндер мен ғұрыптық қоршаулардың дүниетанымдық маңызын ашып, ежелгі түркілердің қазіргі қазақ халқымен тарихи-мәдени сабақтастығын жақсы қырынан көрсетті. Алтайдағы ежелгі түркілік жерлеу орындарынан табылған заттар көптеген дерекпен қамтыды.

Беделді және ауқатты түркілердің жерлеу орындарынан сом алтыннан жасалған және алтын жалатылған белдіктер, күмістер, сауыт-сайманның бөлшектері, қытай импортының заттары кездескен. Бүгінгі күнде түркілердің жерлеу орындарынан табылған қытай жібегінің саны және ондағы ою өрнектердің түрлері Қазақстандағы Бобровск қорымынан табылған жібектермен салыстыруға тура келеді.

«VII ғасырдың бас кезінде Батыс Түркі қағаны Ябғудың ордасында болған будда монахы Сюан Цзанның жазғандары біраз ұғым береді. Қағанды аң аулап жүрген жерінде кездестірген саяхатшы аңшылар киімдерінің сәнділігіне таң-тамаша қалады. «Қаған жасыл жібек желбегей киген, – дейді ол. – Оның қасына ерген екі жүзден астам тарханы бар, олар қалқа желбегейлер киген, шаштарын бұрымдап өрген».

Мұның өзі түркілердің алтынмен апталып, күміспен күптеліп қана қалмай, алыс-жақын көршілермен тығыз сауда-саттық байланысында болып, «үлде мен бұлдеге оранып» отырғанын көрсетеді.

«Түркі дәуірінен қалған тас мүсіндердің ерекшелігі, олар қашан да әскери қарулармен –

қылыш, қанжар, жорық, белбеу құты сауытпен бірге суреттеліп отырады. Алып қолбасы не батырлар құты сауытын әдетте оң қолымен көтеріп, сол қолымен белбеуіне қылыштың сабын ұстап тұрады. Хан, бек, биге арналған мүсіндерді шеберліктің бірталай жоғарғы сатысына жеткізіп, олардың айбынды, байсалды түрін жақсылап келтірген. Оларға тән ерекшелік басындағы алтын айдары, құлағындағы сырғасы, қолындағы асатаяғы, беліндегі кісесі болып табылады. Көне дәуірдің безеушілері бұл айтқан тәптіштерді аса қадағалап, кеңіл күйінің шалқуымен келістіре безеген».

Тас тұлғалардың айбатты кескіні ұрпақтан-ұрпаққа жалғанатын ұлылық пен ерлік, еңсені тік ұстаған бекзаттық сынды болмыс жағынан кейінгі буын ұрпаққа ескірмес ескерткіш, ес қатар баба бейнесіндей мәңгілік рух сыйлап келді.

Шығыстың ұлы шайыры Низами балбал мүсіндер хақында: «Қыпшақтардың барлық тайпалары ол жерге барған кезде, ...мүсіндерінің алдында барынша иіледі. Жолдан жаяу келсе де, атпен келсе де оған табынады» деген екен. Бұл сөзден түркілердің ата-бабасына деген құрмет пен сенім бейнеленіп қалмастан, ата-бабасының рухынан рухани күш-қуат алатын ежелгі дәстүрі жатыр. Әрі бүгінгі қазақ ұғымымен қабысқан, үндескен алтын арқау бар.

Тас мүсіндерде кездесетін түркі сарбазының өр, асқақ бейнесі жарғас суреттері мен басқа да сызба деректерде кездеседі. Еуразия көшпелілерінің бейнелеу өнеріндегі салт атты жауынгер бейнесі дала мемлекеттерінің әскери-саяси сипатын көрсетеді. Түркілердің салт аттылары ұзын шекпен түріндегі қорғаныс сауытын киген. Олар мықты аттарға мінген, ат әбзелдеріне ер, үзеңгі, өмілдірік пен құйысқан, жүген, жабу кіреді. Аттың жалын үш немесе одан да көп тісті етіп әдемілеп күзеу, құйрығын күзеу мен ерекше әдіспен өру оны әсемдеудің міндетті элементтері болған. Салт атты үш бұрышты ұшы бар найзамен қаруланған, ол оны бір қолымен белдемше тұсында, не қос қолымен кеуде тұсында ұстап отырады. Қылышы, садағы бар жауынгерлердің бейнелері де кездеседі. Кейбір жауынгерлердің белдіктеріне қорамсақтар ілінген. Салт аттылар дулығаларының төбесі

үшкіл болып келеді, бірқатар жағдайларда үкі тағылады.

Түркі жауынгерлерінің асқақтығы, өрлігі, ерлігі сынды аңыздар сол замандардың өзінде жалпақ жаһанға жетсе керек. IX ғасырдың араб шежірешісі аль-Джазих түркілердің орасан зор арынды жігері мен күшін, сонымен бірге сол уақыттағы қарсы күресе алатын қоғамдық-саяси топ екенін атап көрсеткен. Сол себепті, Мәңгі

түркі елі – «Мәңгі ел» туралы Ұлы жазықтың ғұламалары мен ұлдары ойлауды тоқтатпады.

Осылайша, кескінделген бабалар бейнесі – туған даласын күзетіп қана қалмастан, бізге өткенді, өр рухты бейнесін ұмыттырмау үшін сынай қарап тұрған сынайлы. Сондықтан да сол бір сөнбес алау, өлмес ерлік дала төсінде әліге дейін қасқайып, ұрпақ бойына ұлы жігер, айнымас асқақтық сыйлап келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Маргулан А. Х. Третий сезон археологических работ в Центральном Казахстане // Изв. АН КазССР. Серия археол. Вып. 3., 1951. – С. 30
2. Ерлан Қарин: «Мен тас емес, рух іздеп жүрмін...» (Өңгімелескен: Е.Қуатайұлы). Абай-Ақпарат (<https://abai.kz/index.php/post/2300>). 16 Қараша, 2009.
3. Ахметжанов Қ.С., «Жараған темір кигендер», Алматы, 1996, 213-б.
4. Марғұлан А.Х. Отчет о работах ЦКАЭ за 1947 год. // Архив ИА им. А.Х.Маргулан КН МОН РК. – Фонд № 11. – Описание 2. – Дело № 83. – 61 с.
5. Ажигали С.Е. «Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии (памятники арало-каспийского региона)». – Алматы: Ғылым, 2002. – 654 с.
6. Досымбаева А.М. «Батыс Түрік қағанаты. Қазақ даласының мәдени мұрасы». – Алматы, 2007. – 168 б.
7. Кызласов Л.Р. «История Тувы в средине века». – М.: МГУ, 1969. – с.212.
8. «Қазақстан тарихы», 1-том, Алматы, 1996, 365-б.
9. Самашев З., Фаизов К., Базарбаев Г. «Археологический памятники о палеочвы Казахского Алтая». Алматы, 2001. С. 64-68.
10. «Қазақстан тарихы», 1-том, Алматы, 1996, 301-б.
11. Марғұлан А. Х. Шығармалары: 4 Т. Ұлытау төңірегіндегі тас мүсіндер / Құраст. Д. А. Марғұлан, Д. Марғұлан. - Алматы: Дайк-Пресс, 2003. 23 бет.
12. «Қазақстан тарихы» (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. – Алматы: Атамұра, 2010.–59 ISBN 978-601-282-026-3.
13. А.Куркчи, С.Примбетов. Великий Тюркский Эль. // Казахстанская правда, 1997, 28 февраля.

Резюме. Древние народности, знаки, напечатанные на камнях, балбал камни, являются следом, оставленным древними тюрками на каменных поверхностях. Среди них изображения каменных балбалов начиная от востока Монголии до Каспийского моря до сих пор показывают свою древнюю сущность, дух, гордость и предубеждение. На них, на их образах, предстаёт подвиг степного сына, вчерашнего предка. Вечный образ великих героев Великой степи не исчезнет из памяти поколений.

Summary. Ancient nationalities, signs printed on stones, balbal stones, are the trace left by ancient Turks on stone surfaces. Among them, the images of stone balbal stones from the east of Mongolia to the Caspian Sea still show their ancient essence, spirit, pride and prejudice. On them, on their images, the feat of the steppe son, yesterday's ancestor, appears. The eternal image of the great heroes of the Great Steppe will not disappear from the memory of generations.





Ермұханова

Хадиша

гуманитарлық ғылымдар магистрі,
Мемлекет тарихы институты

АҚТӨБЕ ӨңІРІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ: ШЕТЕЛДЕРМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖҮЙЕ НЕГІЗІНДЕ

Түйіндеме. Мақалада Қазақстанның шетелдермен ынтымақтастық мәселесі мен өңірлік тарих жөніндегі мәліметтер қамтылған. Ақтөбе өңірі тарихына байланысты жазылған еңбектер мен материалдар, архивтік құжаттар негізінде тұжырымдамалар жасалды. Аталған тақырыпты зерделеу нәтижесі өңірдің саяси, экономикалық-әлеуметтік жағдайына талдамалық шолу жасауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: сыртқы саясат, экономикалық байланыс, ынтымақтастық жүйе, инвестициялық әлеует, минералды-шикізат базасы, индустриялық-инновациялық даму.

Материалдар мен методология

Мақала методологиялық жағынан талдауға негізделіп, архивтік құжаттардан алынған материалдар мен статистикалық деректер, тарихи еңбектерге сүйене отырып жазылды, Ақтөбе өңірі тарихындағы экономикалық-әлеуметтік мәселелер қарастырылды. Өңір тарихына бекініс құрылысынан басталып, қысқаша тарихнамалық шолу жасалынды.

Нәтижелер және талдаулар

Ақтөбе өңірі Қазақстанның солтүстік-батысында орналасқан, территориясы бойынша ең үлкен облыс болып табылады. Солтүстігінде Ресей Федерациясының Орынбор облысымен, оңтүстігінде Өзбекстан Республикасының құрамындағы Қарақалпақстанмен, батысында Маңғыстау, Атырау және Батыс Қазақстан облыстарымен, шығысында Қостанай

облысымен және оңтүстік-шығысында Ұлытау мен Қызылорда облыстарымен шектеседі. Әкімшілік орталығы – Ақтөбе қаласы ірі өнеркәсіп және мәдени орталық, темір жол, әуе және автомобиль қатынастарының маңызды торабы.

Өңір тарихына қысқаша тарихнамалық шолу жасап өтейік.

Қаланың негізі 1869 жылы Ресей империясының қарулы жасағымен Ақтөбе бекінісі (Ақ-Тюбе) ретінде Елек өзенінің сол жағалауында қаланды. 1891 жылдың 25 наурызында Ақтөбе Торғай облысының құрамындағы уездік қала мәртебесін иеленіп, орысша атауы Актюбинск болып өзгертілді. Қала 1921 жылдан бастап Ақтөбе губерниясының әкімшілік орталығы, ал 1928 жылы Ақтөбе губерниясы таратылғаннан кейін

Ақтөбе округінің орталығы, 1932 жылдан бастап жаңадан құрылған Ақтөбе облысының әкімшілік орталығы болды. 1991 жылы Кеңестер Одағы ыдырағаннан бастап Ақтөбе тәуелсіз Қазақстан Республикасының құрамындағы Ақтөбе облысының орталығы болып танылды [1].

Қазіргі таңда Ақтөбе қаласы химия, тамақ және жеңіл өнеркәсібі дамыған Қазақстанның ірі индустрия және мәдениет орталықтарының бірі болып саналады және Қазақстан қалаларының арасында халық саны бойынша төртінші орындағы Батыс Қазақстан өңірінің ең ірі қаласы.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстандағы экономикалық белсенділік Қарағанды мен Шымкент сияқты өнеркәсіп орталықтарынан елдің батысындағы мұнайлы облыстардың орталықтарына (Ақтөбе, Ақтау, Атырау) ауысты.

Ақтөбе облысының инвестициялық тартымдылығы мына факторларға байланысты:

- әуе, темір жол, көлік магистральдары қиылысында және Каспий теңізінің айдыны жанында бірегей географиялық орналасуы, Орта Азияның көптеген облыстары мен өңірлері арқылы еуропалық өңірлермен байланысуы;
- дамығын көліктік және өндірістік инфрақұрылымы;
- минералдық-шикізаттық базасының болуы;
- ТМД елдерінің өтім рыноктарының жақындығы;
- тұрақты әлеуметтік көрсеткіштер мен демографиялық әлеует;
- электр қуаты, газ және су сияқты негізгі қорлармен қамтамасыз етілуі.

Ақтөбе облысы теңдессіз минералды-шикізат базасын иеленіп жатыр. Әлемде хром рудасы қорының – шамамен 400 млн. тонна көлемінде бірінші орынды, мыс рудасы – 100 млн. тонна және өндірістік мұнай қорының - 900 млн. тонна көлемінде үшінші орынды, ал газ қоры бойынша республика бойынша төртінші орынды иеленеді.

Облыс тау-металлургия, химия, мұнай өнеркәсібі және аспаптық жабдықтаудың қуатты

базасы болып табылады. Осыған орай өңірдің инвестициялық әлеуеті де зор.

Шетелдік инвестициялар – Қазақстан Республикасының экономикалық дамуының маңызды факторы, елде шетелдік инвестициялардың қатысу ауқымы ең алдымен өндіру саласында көп, бұл – шетелдік инвесторлар үшін ең тартымды сала.

Көпэтносты еліміздің экономиканы нарық талаптарына сай жолға қоюы және жаһандану заманындағы басқа елдермен тиімді экономикалық байланыс жасауы ең алдымен, оның сыртқы саясатына байланысты. Сондықтан тәуелсіздігін алған алғашқы күндерінен Қазақстан Республикасының сыртқы саясаттағы қызметінің белгілі саласы әлемнің дамыған мемлекеттерімен және халықаралық саяси, экономикалық ұйымдармен жан-жақты байланыс орнатуға бағытталды.

Еліміз нарықтық экономикасы бар демократиялық мемлекет құру жолына түсе отырып, күш-жігерін бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді сақтау мен нығайтуға, тату көршілік қатынастарды орнатуға және әлемнің барлық елдерімен тең құқықты және өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға жұмылдыруға бет алды [2].

Осы бағытты ұстана отырып, Қазақстан алыс-жақын мемлекеттермен сыртқы экономикалық байланыста ынтымақтастықты кеңейту жолында келісімдер жасап, нәтижесінде көптеген жұмыстар атқарылды.

1993 жылы АҚШ пен Қазақстан арасындағы мемлекетаралық байланыста АҚШ Президенті Билл Клинтон: «Біздің өзара қарым-қатынасымыздың басты мәселесі – сіздің еліңіздің ядролық қарусыз мемлекет болу міндеттемесі. Біз сіздермен осы салада да, мәдени, экономикалық және саяси салаларда да ынтымақтастықты дамыту бойынша бірлесіп жұмыс істеуге үміттенеміз» - деп мәлімдеген болатын [3].

Көлік магистральдарын, энергия жүйелерін, қайта өңдеу кәсіпорындары кешендерін салудың бірлескен жобалары жасалып, соның бірі, Ақтөбе облысындағы кен орындарын игеру бойынша шетелдік фирмалармен келісімшартқа 1993 жылы қол қойылды [4].

Бұл Қазақстан үкіметінің экономиканы көтеруге, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған сыртқы экономикалық саясатты жүзеге асырудағы бастамаларының бірі болып табылады.

1996 жылы Қазақстан үкіметімен БҰҰ-ның Азия және Тынық Мұхит елдеріне арналған Экономикалық және Әлеуметтік комиссиясының Атқарушы Хатшысы Андреанус Муи арасында Орталық Азия аймағының экономикалық және саяси потенциалын жандандыру қажеттігі барысында дипломатиялық келісімдер жүргізілді [5].

2000-жылдары индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы шеңберінде облыста жалпы сомасы 1,3 млрд АҚШ доллары болатын 45 инвестициялық жоба іске асырылды.

2005 жылы өнеркәсіпке тартылған инвестиция көлемі 1,4 есеге ұлғайса, өңдеу саласында - 5,6 есеге артты. Индустриялық-инновациялық Стратегия басымдықтарына сәйкес, жыл басынан бері өңірде 13 жаңа өндіріс бой көтерді.

Бұдан басқа, облыстың негізгі капиталына 40,2 млрд теңге инвестиция тартылу нәтижесінде өндірістік және әлеуметтік бағытта 36 объект іске қосылып, 5 мыңға жуық жаңа жұмыс орны құрылды [6].

Өңірде мұнай, газ, ферроқорытпа өндірісі, электр және жылу энергиясын өндіру, құрылыс материалдарын, тамақ өнімдерінің кейбір түрлерін шығару көлемін өсіруіне қол жеткізілді.

2005 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысына сәйкес, республика аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуын рейтингтік бағалау нәтижесі бойынша Ақтөбе облысы бірінші орынды иеленді. Бұл аймақтық Бағдарламалардың тиімділігін және нәтижелілігін көрсетеді.

Аймақтың энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2005 жылы облыс көлемінде нақты тәжірибелі кадамдар жасалды. Қандыағаш қаласында қуаты 100 МВт газтурбиналық электр станциясын салу басталды [6]. «Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы» аймақаралық электр өткізгіш желісін салу Ақтөбе энергия торабын Қазақстанның біртұтас энергетикалық жүйесіне қосылуды

қамтамасыз етті. Сонымен бірге, Павлодар – Екібастұз отын-энергетикалық кешенінен біршама арзан электр энергиясын алуға және аймақтың электр энергиясына деген қажеттілігін толығымен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Қазақстанның 2015 жылға дейінгі Көліктік даму Стратегиясын іске асыру мақсатында бірқатар ірі инфрақұрылымдық жобалар іске асырылды.

Автожол саласында халықаралық стандарттарға сәйкес, ұзындығы 446 км «Ақтөбе-Қарабұтақ-Комсомол-Қостанай облысының шекарасы» автожолы қайта жаңғыртылып, пайдалануға берілді. Теміржол көлігі саласында «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ мұнай өндіруші аудандармен көліктік қатынасты жақсартуға көмегін тигізетін, ұзындығы 80 км жаңажол – Жем теміржолы салынды. «Жезқазған-Шалқар-Бейнеу» маршруты бойынша Трансқазақстан теміржол магистралын салу жөніндегі ҚР Үкіметі қабылдаған шешімінің Ақтөбе облысының оңтүстік аудандарын дамыту үшін аса үлкен маңызы болды [6].

Осы жоба бойынша, Шалқар стансасы аса қуатты транзиттік әлеуеті бар, торабтық станса мәртебесін алды. Бұл жүздеген жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік берумен қоса, аймақтың экономика секторларын дамытуға жаңа импульс берді. Теміржолды электрлендіруде «Қостанай облысы - Хромтау - Қандыағаш - Мақат» бөлігінде жүргізілген жұмыстар оның өзіндік құнының біршама төмендеуіне алып келді.

Халықаралық көліктік коридорларын тиімді пайдалануды арттыру және авиатранзиттік тасымалды дамыту мақсатында жобалар іске асырылды. Ақтөбе қаласының халықаралық әуежайының ұшып-қону желегін қайта жаңғырту жобасына құны 3 млрд теңге бөлінді [6].

Маңызды инфрақұрылымдық жобалар жалғасып жатты. Соның бірі ретінде, ұзындығы 155 км болатын «Жаңажол - КС-13» газ құбырының құрылысы аяқталды. Бұл құрылысқа 95 млн АҚШ доллары жұмсалды [6].

Салынған газқұбырының әлеуметтік маңызы трасса бойында орналасқан бірқатар елді мекендерді әрі қарай газдандыру жұмысын

жалғастыру және арзан мұнай газын жеткізу есебінен облыстың газға деген барлық қажеттілігін қамтамасыз ету болып табылады.

Қорытынды

Географиялық жағынан қолайлы орналасқан Ақтөбе облысында транспорт байланысы желісі жақсы дамыған. Орал және Маңғыстау, Орта Азия және Еуропаға қарай маңызды бағыттағы теміржолдар 1000-нан астам шақырымға созылып жатыр. Облыс территориясы арқылы Шымкент-Самара трансконтинентальді автокөлік магистралі өтеді. Ақтөбе халықаралық әуежайы Қазақстанның батыс өңірі бойынша әуе қозғалысын басқаруда қазіргі заманғы автоматтандырылған жүйемен жаратқандырылған. Бұл жерде Орта Азияны Ресейдің Еуропалық бөлігімен және Өзбекстанмен байланыстыратын транзиттік авиа және автомобиль магистральдарының бірнеше бағыты қиылысады.

Облыс әлемдік атағы бар кәсіпорындарымен белгілі. «Қазхром» трансұлттық компаниясы, Ақтөбе ферроқорытпа зауыты, «Ақтөбе хром қосындылары зауыты», «Актюбрентген», «Ақтөбе мұнай құрал-жабдығы зауыты», «Ақтөбе металл құрастыру зауыты», Ақтөбе рельс-арқалығы зауыты дамып келеді. 80 кен

өндіруші қатарында «СНПС-Ақтөбемұнайгаз», «Қазахойл Ақтөбе» ЖШС, «Урихтау Оперейтинг» ЖШС және т.б. аталады.

Осындай атқарылған істер нәтижесінде Ақтөбе өңірі жан-жақты дамып келеді. Ақтөбе қаласы еліміздің батыс өңірінің ірі мәдени, білім және ғылым орталығы болып саналады. Қалада 11 жоғарғы, 16 арнаулы оқу орны бар. Қазақстанға ғана емес, шетелдерге де танымал оқу орындарының қатарында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті, М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина Академиясы, Ақтөбе жоғары әскери авиация училищесі бар.

Қазіргі Ақтөбе өңірі — күн санап көркейіп, өте күшті қарқынмен дамып, халқының әлеуметтік, мәдени, рухани дәрежесі үздіксіз шарықтап келе жатқан аймақ.

Түйіндей келе, айтарымыз, шет мемлекеттермен саяси-экономикалық байланысты жандандыру экономикалық-әлеуметтік ахуалды жақсартудың негізгі тетігі болып табылады. Бүгінгі таңда Қазақстан дүние жүзінің көптеген елдерімен тең деңгейде дипломатиялық және экономикалық қарым-қатынастар орната отырып, маңызды мәселелерді шешуге мүмкіндік алуды жалғастыруда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ақтөбе энциклопедиясы. Ақтөбе: «Отандастар-Полиграфия», 2001. – 312 б.
2. АП РК. Ф. 5-Н, Оп. 1, Д. 1828.
3. АП РК. Ф-Н, Оп. 5, Д. 2052.
4. АП РК. Ф. 5. Н. 1993 г. Оп. 1. Д. 1795. Л. 1-11.
5. АП РК. Ф.5-Н, Оп.1, Д. 6111. 32 лист.
6. АОМА, Қор 815, Т. 1, Іс 95-а, 2-10 пп.
7. Батыс Қазақстан тарихы // Жалпы ред. басқарған Бисембаев А.А. Екі томдық. I том. – Ақтөбе: «Принт А», 2006. – 436 б.

Резюме. Статья посвящена вопросам сотрудничества Казахстана с зарубежными странами и содержит сведения по региональной истории. Для достижения намеченной в статье цели были использованы труды и материалы, а также архивные документы, связанные с историей Актюбинского региона. Результатом изучения выбранной темы является возможность провести анализ политической, экономической и социокультурной ситуации региона.

Summary. The article examines Kazakhstan's international collaboration and provides insights into regional history. To achieve the set goal, works and materials, as well as archival documents related to the history of the region of Aktobe were used. The result of the study provides an opportunity to analyze the political, economic, and socio-cultural context of the region.



Бауыржан Мырзақұл

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, гуманитарлық ғылымдар магистрі, ақын

БЕЛГІСІЗ АҚЫННЫҢ БЕЛГІЛІ ҚИССАСЫ НЕМЕСЕ ЗЕРЕНДІЛІК ИБРАХИМ КІМ?

Түйіндеме: Зерттеу жұмысында ХХ ғасыр басында Қазанда жарық көрген діни шығармалардың бірі – «Қожа Баһауддин хазіреттерінің қиссасы» хақында сөз болады. Бұл дастан «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында шығарылған «Бабалар сөзінің» 16-томында қайта жарияланды. Шығарманың асыл нұсқасы «Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапханасының Қолжазба қорында сақталған. Ал көшірмесі М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының сирек қорында бар. Бұл жұмыста аталмыш қиссаға қатысты табылған тың деректер зерделеніп, кейбір текстологиялық мәселелер өз шешімін тапқан.

Кілт сөздер: Ибраһим ақын, Бабалар сөзі, Мәдени мұра, Баһауддин Нақшбанд, қисса, Қазан, Рисалаи Азиза, Сопы Аллаяр, Нақшбандия тариқаты, сопылық

Еліміз тәуелсіздіктің он жылдығына аяқ басқан тұста, барымызды бағалап, жоғымызды түгендей бастағанымыз рас. Осы кезеңде «Мәдени мұра» бағдарламасы қолға алынып, рухани жаңғырудың даңғыл жолына түстік. Бабадан жеткен асыл мұраларымыз бен құнды жәдігерлеріміз – ұлттық сананы оятудың таптырмас құралы екеніне көзіміз жетті. Қоғамдық-гуманитарлық ғылым салаларында айтулы еңбектер жарияланып, қорымызды байытатын қазыналарға кенелдік. Соның ішінде қазақ әдебиетінде қыруар жұмыс атқарылып, жүз томдық «Бабалар сөзі» жарық көрді. Осы арқылы біз сөз өнері мен ауыз әдебиеті ең жақсы дамыған халық ретінде көпке танылды. Бұл басылымда батырлық, ғашықтық тарихы,

діни жыр-дастандар, қиссалар мен хикаяттар және мақал-мәтел, бата-тілек, шешендік сөздер сияқты ұлы дала фольклорының сан алуан үлгілері қамтылды. Бүгінде жүз томға енбей қалған, елішінен, отандық және шетелдік мұрағат қорларынан табылып жатқан шығармалар да аз емес. Әрине, ғылым – бір орында тұрмайды, ол үздіксіз жетілу үстінде дамиды. Мәселен, зерттеушінің кез келген тақырыпта сыни ойлауы, түрлі көзқарасты саралап, синтездей білуі, оның ғылыми мәселелерді қырағылықпен шешуіне оң әсерін тигізери анық. Біз бүгін ғылымдағы осы критерийлерге жүгіне отырып, «Бабалар сөзіне» енген бір қисса хақында сөз қозғамақпыз.

«Қожа Баһауддин хазіреттерінің қиссасы»

– 1902 жылы Қазан қаласындағы ағайынды Каримовтар баспасында алғаш рет басылды. Араға 103 жыл салып, «Бабалар сөзінің» 16-томында қайта жарияланды. Осы томға енген аталмыш қиссаның ғылыми түсінігінде кітаптың жалғыз нұсқасы Алматыдағы «Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапханасының Қолжазба қорында сақтаулы тұр делінген [1, 278 б.]. Дегенмен қазіргі таңда бұл кітаптың тағы бір данасы табылып отыр. Жырда Бұхараның ұлы әулиесі Қожа Баһауддин Нақшбандиге (1318-1389) байланысты аңыздардың бірі сөз болады. Зікірмен жеті жылда тоқыған бөрігін алты тозақпен айырбастап, мұсылман үмбетін от азабынан құтқарғысы келген әулиенің әрекеті әсерлі баяндалған. Қисса бір Құдайға мақтау, Хақ елшіге салауат айтумен басталады. Ары қарай шығарма иесі Пайғамбар мен шаһариярлардан медет тілеп, Қожа Баһауддин хазірет туралы жазуға кіріседі. Автор әулие туралы аңызды Сопы Аллаярдың (1644-1724) «Сәбәтул әжизин» (Дәрменсіздер тірегі) еңбегіне түсініктеме жазған Тәжүддин Жалшықұлдың (1768-1838) «Рисалаи Азиза» кітабынан алғанын айтады:

...«Рисалаи Азизада» көріп едім,

Қожаны қисса қылып шығарайын [1, 105 б.].

Әлбетте, Қожа Баһауддин хазірет есімі, ең алдымен, Сопы Аллаяр шығармасында келеді. Ал Тәжүддин Жалшықұл бұл тұлғаның XIV ғасырда өмір сүрген Қожа Баһауддин Нақшбанд Мұхаммед әл-Бұхари екенін нақтылайды. Айта кету керек, Нақшбандия сопылық ілімі біздің елімізге Қазақхандығы құрылған кезеңдерде кіріп келді. Киелі топырағымызда Ясауи тариқатымен қанаттаса дамып, ел билеген хандарымыздың, қара қылды қақ жарған билеріміздің, найзасына үкі таққан батырларымыздың, аузымен құс тістеген ақын-жырауларымыздың бас қойған рухани кәусарына айналды. Алайда, 2013 жылы «Қазақ қолжазбаларының» 7-томында жарық көрген Сопы Аллаярдың «Сәбәтул әжизин» (Дәрменсіздер тірегі) кітабының ғылыми қосымшасында Қожа Баһауддин хазірет туралы ақпарат бұрмаланып берілген. Яғни, Қожа Баһауддин хазіретті IX ғасырда өмір сүрген Қожа Баһауддинмен (Исфиджаби) қасақана шатастыру орын алған [2, 403 б.]. Мәселен, Тажүддин Жалшықұлдың кітабына мұқият

зер салсақ, Сопы Аллаярдың өзі мен Шейх Хабибулла секілді пірлерінің Нақшбандия сопылық тариқатында болғанын көреміз. Бұны растайтын біздің қолымызда ғылымға әлі белгісіз жаңадан табылған силсилә (рухани тізбек) құжат та бар. «Рисалаи Азизаның» 1909 жылғы Қазан басылымында Қожа Баһауддин хазірет есімі жеке тақырып күйінде төрт орында келеді:

– Қожа Баһауддиннің екі мүридінің хикаясы [3, 140 б.];

– Хикаят Қожа Баһауддин рахматуллаһ тағала алейһи [3, 168 б.];

– Хикаят Қожа Баһауддин рахимаһуллағауаниға (сақшыларға) жолыққаны [3, 239 б.];

– Мінәжат Қожа Баһауддин рахматуллаһ тағала [3, 239 б.].

Ал Сыр өңірінің айтулы шайыры Тұрмағамбет Ізтілеуұлының «Әбибулла мен Аллаяр хикаясына» үңілсек, Шейх Хабибулла мен Сопы Аллаярдың Нақшбандия сопылық бауырластығының өкілдері екендігі мәлім болады:



Бар еді Әбибулла деген бала,
Қайғырып қылушы еді күн-түн нала.
Бір апат Бұхараға болады-ау деп,
Кетіп еді кенттен шығып, кезіп дала.
Кешіне сәрсенбінің бір күндері,
Қабіріне Баһауддиннің барып жана.
Сыйынды шырақ жағып, шашып қайыр,
Көрсет деп кәраматпен бір нышана... [4, 115-116 бб.].

Сондай-ақ Қарнақтағы Нақшбандия-Мужаддия тариқатының өкілі Халифа Қозы Түркістани ашқан «Халпе» және Шаяндағы Аппақ ишан медреселерінде білім алған Сармолданың (Балмағамбет Балқыбайұлы) жырында Қожа Баһауддин хазіреттің қиссасы былайша көрініс тапқан:

Дүнияда диуанадан болса қалған,
Қалар ед Баһауддин Балағардан (бәлені қайтарушы – Б.М.).

Жеті жыл бір тақияны өзі тігіп,
Тозақтың алты есігін сатып алған [5, 71].

Сонымен қатар 16-томдағы ғылыми түсініктеме Қожа Баһауддин хазіретті Касри Хиндуван ауылында тәжік қолөнершінің отбасында дүниеге келген деп пайымдалады. Бұл – жаңсақ



«Қожа Баһауддин хазіреттерінің қиссасы».
«Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапханасының
Қолжазба қоры, № 7718

тұжырым. Өйткені, Қожа Баһауддин хазіреттің Мұхаммед пайғамбардың ұрпағы, яғни сейіт қожа екендігі насабнамалық шежірелерден белгілі [6, 254-255 бб.].

Сонымен біз қиссаның Қазан нұсқасын қайта сараптап, «Бабалар сөзіндегі» аудармамен салыстырғанымызда, төмендегідей текстологиялық мәселелер ортаға шықты.

Қиссаны жазған кім?

Ғылыми түсінікте қиссаның жырлаушысы Шәкіржан әл-Хамиди [1, 278 б.] деп көрсетілген. Өкінішке қарай, қиссаны «Бабалар сөзінің» 16-томына дайындау кезінде кітаптың соңғы екі беті аударылмай қалып қойған. Яғни қиссаның сегіз бетінің алты беті ғана томға енген. Зерттеушілердің назарынан тыс қалған екі бетте шығарманың авторы туралы нақты деректер орын алған:

Зеренді болысымыз осы күнде,

Тағат қыл Ибраһим күндіз-түнде... [6, 7 б.].

Демек, қиссаның авторы – Зерендіде өмір сүрген Ибраһим есімді ақын. Ол өзінің тегі туралы ашып айтпаса да, туған жерін былайша жырға қосады:

Ақмола облысым үлкен қала.

Ойласам өлең шығар сала-сала... [6, 7 б.].

Уезімді сұрасаң Көкшетауда,

Қиссаны шығарайын денім сауда... [6, 7 б.].

Содан кейін ақын өзі жазған екі қиссаны (біріншісі – «Қожа Баһауддин хазіреттің қиссасы», екіншісі – белгісіз) Сандықтаудың поштасынан Қазандағы ноғай Ахмет-Кәрім байға салып жіберуді Қасым молдаға сеніп

тапсырады. Жырлары кітап болып басылып жатса, жақсы хабармен қуантуын өтінеді:

...Шаһар Қазан келген соң Қасым мырза,
Бұл өлеңнің хабарын берші маған [6, 7 б.].

Жалпы Ибраһим ақынға қисса жаз деп өтініш білдірген Қасым молда болған:

Қисса жаз деп бұйырдың Қасым батыр,
Ажал жеткен дүниеден қайтты ақыр.

Үшбу өлең шап келсе баспашыға,
Әңгіме біз шығарсақ толып жатыр [6, 7 б.].

Жырда әрі молда, әрі мырза, әрі батыр ретінде сипатталған тұлға – Керекудің діни қайраткері Қасым қажы Мұстафаұлы Ертісбаев (1870-1932) болуы әбден мүмкін. Ол өз медресесінде оқыған шәкірті Сәбит Дөнентаевтың «Уақ-түйек» кітабын (Уфа, 1915) демеушілікпен шығарып берген. Айналасына қайырымдылық ісімен үлгі көрсеткен меценат Қасым қажы жасы келген Ибраһим ақын қиссаларын да бастыруға қол ұшын берген деген ойдамыз. Зеренділік Ибраһим ақын жырға қосқан Қасым молда басқа адам болуы да ғажап емес.

Ал Шәкіржан әл-Хамиди есімі кітаптың соңында, жыр аяқталған жерде келеді: «Матбаға мусаххихы (баспа редакторы): Шәкіржан әл-Хамиди әт-Тюки» [6, 7 б.]. Бұдан шығатын қорытынды, Тюкиден шыққан Шәкіржан әл-Хамиди қиссаны жырлаушы емес, баспа редакторы немесе кітаптың жауапты шығарушысы болған. Ол 1899 жылы ағайынды Каримовтар баспасында жарық көрген «Қисса-и Біржан сал менен ақын Сараның айтысқаны» кітабының екінші басылымы мен «Таһир мен Зүһра» сынды қисса-дастандардың редакциясын басқарды. Өкініштісі, қазақ тілінде Шәкіржан әл-Хамиди туралы мәлімет жоқтың қасы. Сондықтан да біз ол жайында қысқаша ақпаратты аударып беруді жөн көрдік.

Шәкіржан әл-Хамиди (Шәкірзян Асадулаұлы Хамидуллин) – 1878 жылы 29 немесе 30 тамызда Ресейдің Симбирск губерниясының Буинск ауданына қарасты Тюки ауылында дүниеге келді. 1896 жылы Қазан қаласындағы Усманов медресесін бітірді. 1897-1899 жылдары татар мұғалімдер мектебінде білімін жалғастырды. 1899-1903 жылдары Чувашлы селосында орналасқан жаңа әдістемедегі мектепте мұғалім болып жұмыс істеді. 1903 жылдан

Ертіс ауылындағы мешітте имам-хатиб болды. Осы жылдары Қазан қаласына қоныс аударып, ағайынды Каримовтардың баспаханасында шығыс кітаптарының корректоры қызметін атқарды. Ол жәдидтік қайта құрулар дәуірінде жаңашыл ұстаз, бірқатар жаңа әдістемелік оқулықтар мен оқу кітапшаларының авторы ретінде кең танылды. 1921 жылы дүниеден өтті... [7].

Қорыта айтқанда, біздің төл әдебиетімізде әлі

де шешімін таппаған мәселелер көп. Зеренділік Ибраһимақын секілді тарих қойнауына жұтылып, шығармалары басқа біреулерге телініп немесе толық ғылыми айналымға енбей, іздеушісін күтіп жатқан қаншама автор бар. Біз осы зерттеу жұмысы арқылы қалың жұртшылықты рухани мұраларымызды аса ұқыптылықпен жан-жақты зерделеуге шақырып, өскелең ұрпақтың бойына отансүйгіштік пен өткенге құрметпен қарау сезімін ұялатсақ дейміз.


Список литературы:

1. 1. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2005. Т. 16: Діни дастандар. – 2005. – 328 бет, суретті.
2. 2. Қазақ қолжазбалары. «Көне түркі және қазақ жазба әдеби мұралары» (б.д.д. V ғ. бастап – б.д. XX ғ. Дейін) 10 томдық басылым. Софы Аллаяр. Сәбәт-ул әжизин (Әлсіздердің тірегі). Мәснәуи дастан. Түпнұсқа, жолма-жол аударма, көркем аударма. – Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚ, 2013. Т. 7: – 408 б.
3. 3. Рисалаи Азиза шарх сәбәт-ул әжизин. Тәжуддин ибн Ялчиғул. – Казань, типография Б.Л. Домбровского. – 1909, 251 с.
4. 4. Тұрмағамбет Ізтілеуұлы. Шығармалары. – 3 том: Айтыстар, аралық сөздер, мысалдар, хикая-дастандар / Құраст.: Мардан Байділдаев, Алмас Алматов. – Алматы: «Жазушы», 2007. – 296 б.
5. 5. Балқыбайұлы Б. 1-том. Хадис-назым. Алматы: «Алаш», 2005. – 288 б.
6. 6. С. Саттаров. Мұхтар Әуезовтің ататегі. Тарихи-құжаттық, танымдық кітап. – алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2010. – 340 б.
7. 6. Хожа Баһауддин хазреттерінің қиссасы. Қазақ тілінде (1-рет басылуы). – Қазан, Типография Торгового Дома Братьев Каримовых. – 1902, 8 б.
8. 7. Шакирзян Хамиди: судьба забытого джадида <http://rdums.ru/stati/10040312/>

Резюме: В исследовательской работе рассматривается одно из религиозных произведений, изданных в Казани в начале XX века - «Эпос о Хазрате Ходже Бахауддине». Этот эпос был переиздан в 16-м томе «Бабалар сөзі», изданном по программе «Культурное наследие». Драгоценный вариант произведения хранится в Рукописном фонде Научной библиотеки Научной библиотеки «Ғылым ордасы». Экземпляр имеется в редком фонде Института литературы и искусства имени М. О. Ауэзова. В работе проанализированы новые данные, обнаруженные в связи с упомянутым рассказом, и решены некоторые текстологические проблемы.

Summary: The research work examines one of the religious works published in Kazan at the beginning of the 20th century - “The Epic of Hazrat Khoja Bahauddin”. This epic was republished in the 16th volume of “Babalar Sozi”, published under the “Cultural Heritage” program. The precious version of the work is kept in the Manuscript Fund of the Scientific Library of the Scientific Library “Gylym ordasy”. A copy is available in the rare collection of the Institute of Literature and Art named after M. O. Auezov. In this work, the new data found in relation to the mentioned story were analyzed and some textological problems were solved.





Бегарисов

Рамазан Айқабылұлы

Абай атындағы Қаз ҰПУ-дың 2 курс магистранты, №19 ЖББ мектептің тарих пәні мұғалімі.

ҚАЙРАТКЕР ҚАБЫЛБЕК САРЫМОЛДАЕВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ КӨЗҚАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Түйіндеме: Бұл мақалада көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Қабылбек Сарымолдаевтың өскен ортасы, қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуы талқыланады. Мақала оның қоғамдық-саяси көзқарастарын, 1916 жылғы көтеріліс пен 1918-1919 жылдардағы ашаршылық сияқты маңызды оқиғалар кезіндегі қосқан үлесін және жас ұрпаққа маңызды құндылықтарды сіңірудегі күш-жігерін көрсетуге бағытталған.

Түйін сөздер: Қабылбек Сарымолдаев, ашаршылық, Меркі көтерілісі, Кеңес өкіметі, «Бұқара» ұйымы, Бірлік туы газеті, Түркістан АКСР.

Жамбыл топырағы халқымыздың абыройын жаһандық аренаға көтерген талай дара тұлғаларды дүниеге әкелді. Олардың ішінде ерекше мемлекет қайраткері, қоғам қайраткері, көрнекті қаламгер, дарынды экономист, ұлттық болмысымыздың шынайы көрінісі ретінде Қабылбек Сарымолдаев ерекше көзге түседі. Оның еліміздің экономикасының орнығып, өркендеуіне қосқан үлесі теңдессіз.

Жиырма жыл ішінде Қабылбек Сарымолдаев елінің өсіп-өркендеуіне атсалысып, түрлі мемлекеттік қызметтер атқарып, іскерлігімен танылды. Оның мемлекеттік қызметке деген мызғымас адалдығы және жоғары лауазымды қызметтердегі мол тәжірибесі қоғамымыздың ілгерілеуіне зор үлес қосты.

Расында да, Қабылбек Сарымолдаевтың мұрасы—елге деген адалдықты, парасаттылықты,

терең сүйіспеншілікті бейнелейтін мұра. Оның күш-жігері еліміздің өркендеу траекториясын қалыптастыруда шешуші рөл атқарды және оның қосқан үлесі ұрпақтар жадында қалатыны сөзсіз.

Қазақстанның көрнекті мемлекет қайраткері Қабылбек Сарымолдаев 1898 жылы 20 ақпанда Жамбыл облысына қарасты Меркі ауданындағы Ойтал ауылында дүниеге келген [1,6 б.]. Оның тарихына тереңірек үңілу үшін Қ.Сарымолдаевтың отбасына қатысты деректер келтірейік:

Қабылбектің әкесі 1848 жылы Сарымолда туылып, 1920 жылы дүниеден өтті. Қ.Сарымолдаевтың анасы Айнуш 1879 жылы дүниеге келген. Қабылбектің әке-шешесі де өз елінде беделді болған. Олардың ықпалымен Қабылбектің болмысы, құндылықтары мен



1-сурет. Қабылбек Сарымолдаев

ұмтылыстары қалыптасты.

Өмірбаянында Қабылбек Сарымолдаев 10 жасында Меркідегі орыс-қазақ училищесіне түсіп, бір жылда екі сыныпты бітіргенін айтады. 1907-1910 жылдар аралығында Қабылбек Сарымолдаев қазақ тарихындағы көрнекті тұлғалармен қатар білім алу мүмкіндігіне ие болды. Бір айта кетерлігі, ол елеулі саяси қайраткер Т.Рысқұловпен бір мектепте оқыды [2, 157 б.].

1910 жыл – 1912 жылы 28 сәуірде Меркідегі интернатта екі сыныпты орыс-қырғыз мектебін барлық пән бойынша өте үздік аяқтап, мақтау қағазымен бітірді.

Сондай-ақ, Қабылбек Меркі мектебін бітірген соң Әулиеатадағы жоғары бастауыш төрт жылдық мектепке түсіп, 1912-1914 жылдары сонда оқығаны, жазғы каникулда түрлі жұмыстар атқарғаны белгілі, соның ішінде жер өңдеу, төменгі сыныптарға көмектесу сияқты жұмыстар атқарған. Оқу жылдарынан кейін қаражаттың жетіспеушілігінен ол бір жылдай әкесінің шаруашылығына көмектесіп жүрді. 1915 жылы Меркідегі пошта-телеграф кеңсесінде пошташы болып жұмысқа кірісіп, 1916 жылдың соңына дейін қызметте болды.

1916 жыл Меркідегі ұлт-азаттық көтеріліс

кезінде Қабылбек төрт орыс пошташысымен бірге тамыз айынан қазан айының соңына дейін Верныйға (қазіргі Алматы қаласы) іс-сапарға жіберілді. Алайда іс-сапардан қайтып келе жатқанда Қабылбек жол үстінде қатты суық тиіп ауырып қалды. Денсаулығына байланысты 1917 жылдың қаңтарынан бастап қызметінен кетуге мәжбүр болды.

Меркіге келгеннен кейін Қабылбек патша жарлығына қарсы шыққандарға қосылып, көтеріліске қатысады. Нәтижесінде көтерілісті қолдаған әкесі патша әкімшілігінің қуғын-сүргініне ұшырап, бар мал-мүлкінен айырылады. Қабылбектің өзі болыстық басқарушыға тіл тигізгені үшін жауапқа тартылып, үстінен іс қозғалды [3,9 б.].

Бір айта кетерлігі, Қ.Сарымолдаевтың «1916 жылғы Меркідегі қазақтардың көтерілісі жайында есімде қалғандары» [4] деген мақаласында Меркідегі көтеріліске тарихи баға беріп, көтеріліс басшыларын ерекше атап көрсетеді. Қ.Сарымолдаевтың мақаласы оқиғалар мен тұлғалардың естелігін, мұрасын сақтауда шешуші рөл атқарады. Көтерілісшілердің санын, басшыларын айта отырып, Сарымолдаев олардың есімдері мен азаттық үшін күрестегі рөлдерінің уақыт өткен сайын ел есінде сақталуын және құрметтелуін қамтамасыз етуге ұмтылды.

Қабылбек Сарымолдаевтың саяси көзқарасы мен тұлғалық қалыптасуына қоғамда болып жатқан оқиғалар шешуші рөл атқарды. Меркі көтерілісі және жақындап келе жатқан ашаршылыққа қарсы ел арасасындағы белсенділігі оның ерте жетілуіне әсер етті. Бұл оқиғалардың барлығы жас Қабылбектің саяси шыңдалуына ықпал етті. Осы қалыптастырушы тәжірибелердің үйлесімі Сарымолдаевтың саяси көзқарастарына тұрақты әсер етіп, мемлекеттік қызметке және қоғамды жақсартуға деген ұмтылысын арттырды.

1917-18 жылдары «Бірлік туы» серіктестігіне мүше болып, Ташкентте шығып тұратын «Бірлік туы» газетінің өркендеуіне өз үлесін қосты. Сарымолдаев газетке қаржылай қолдау көрсетіп, он сомнан қаржы құйып, ақпаратты жеткізуге, ауызбіршілікті нығайтуға, азаттық пен өзгеріс жолындағы ауқымды ақпаратты

таратуға атсалысты [5]. Бұл газет 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін ел ішіндегі әлеуметтік-экономикалық ахуал туралы хабарларды жариялап, елді бірлікке шақырып, азаттық жолындағы күрестің жаршысы болды. Міне, осындай ел мүддесі үшін шығып тұратын баспаға қолдаушы ретінде белсенді қызмет атқарды.

1917 жылдың наурыз-тамыз айларында Қабылбек Сарымолдаев Қорағатыда болыс атқару комитетінің хатшысы қызметін атқарды. Бұрынғы болыс әкімшілігінің жақтастары мен контрреволюциялық күштердің қарсылығына карамастан, ол өзіне жүктелген міндеттерді абыроймен атқарып, жұмысында белсенділік танытты. Қабылбек Сарымолдаев болыс атқару комитетінің хатшысы қызметін атқара отырып, елеулі саяси өзгерістер кезінде жергілікті басқару мен шешім қабылдауда маңызды рөлдер атқарды. Ол мемлекеттік қызметке ерте араласып, сол кездегі қоғамдық-саяси жағдайды реттеуге дайын екендігін көрсете білді.

1917 жылдың мамырында Қ.Сарымолдаев Меркіде Т.Рысқұловпен бірге «Бұқара» (Қазақ жастарының революциялық одағы) ұйымын құрып, уездегі қазақ революцияшыл жастарының басын қосу жолында үлкен қызмет атқарады. 1917 жылы Меркіде «Қазақ жастарының революциялық одағы» атты жастар ұйымының құрылуының тарихи маңызы зор болды. Бұл ұйым орыс түзеу училищесін бітірген Тұрар Рысқұлов пен Қабылбек Сарымолдаев сынды жастардың саяси тұрғыдан дамуы мен көзқарасының қалыптасуына маңызды рөл атқарды. Ұйым осы белсенді жастардың саяси тәжірибе жинақтауына, революциялық мұраттарын нығайтып, патшалық жүйені ыдыратып, жаңа үкімет орнатуға белсене атсалысуға мүмкіндік туғызып, оларды дайындау алаңы болды. Жастар ұйымының мақсаттары саяси құқықтарды, әлеуметтік әділеттілікті, білім алу мүмкіндіктерін және мәдени дамуды ілгерілету сияқты бірқатар міндеттерді қамтыды. Ұйымға атсалысу арқылы Қабылбек Сарымолдаев, Тұрар Рысқұлов сынды белсенді жастар біртұтас майдан құрып, өз қоғамына оң өзгерістер енгізуді мақсат етті. Міне оның қоғамдық қызметке араласуы осылай

басталады.

1917 жылы 2-5 тамызда Ташкентте өткен Түркістан өлкесіндегі қазақ-қырғыз халықтарының бірінші басқосуына белсене қатысты. Бұл айтулы жиынды өлкенің көрнекті қайраткері М.Тынышбаев жүргізді. Кездесу барысында Ресейдегі саяси жағдайға қатысты түрлі маңызды мәселелер мен қазақ-қырғыз халықтарын толғандыратын нақты мәселелер талқыланды. Олар Орынборда өткен I жалпықазақ съезі, Түркістанды басқару, жер-су құқығы, қоныс аударушылар мәселесі, оқу-ағарту, халық соттарын құру, әйелдер құқығы және т.б. барлығы 18 негізгі тақырыпты қарады. Түркістан өлкесіндегі қазақ-қырғыз халықтарының іс-әрекеттерін үйлестіріп, күш-жігерін біріктіру мақсатында Түркістан өлкелік қазақ-қырғыз орталық кеңесі деп аталатын қоғамдық-саяси ұйым құру туралы шешім қабылдады. Бұл ұйым қазақ-қырғыз қауымдастықтарының мүдделерін білдіріп, олардың өзекті мәселелерін шешуге бағытталды [6, 20-22-п.].

1917-1918 жылдары Түркістанда болған ашаршылық, шынында да, аймақтағы көптеген адамдардың өміріне әсер еткен қоғамдағы дағдарыс болды. Бір айта кетерлігі, Қ.Сарымолдаев сол кезеңде түрлі қоғамдық-саяси жұмыстарға белсене араласып, жергілікті халықтың алдында тұрған міндеттерді шешуге елеулі үлес қосты. Т.Рысқұловпен бірге Әулиета уезіндегі аштыққа қарсы күрес шараларын ұйымдастыру жолында көзге түскен Қ.Сарымолдаев 1918 жылы 5-14 қазанда өткен Түркістан республикасы кеңестерінің VI съезіне қатысып, Түркістан Орталық Атқару комитетіне, артынан Түрікатком шешімімен Түркістан Азық-түлік халық комиссариаты коллегиясына мүше болып сайланып, 1919 жылдың сәуіріне дейін осы қызметті атқарды.

Сол уақытта Түркістан АКСР-інде арзан және тегін асханалар ашылған еді. Мұрағат құжаттары 1918 жылы 1000000, ал 1919 жылдың алғашқы бес айында 25000000 ашыққан адамдар республикалық тамақтандыру бөлімдерінде ауқаттанды. Бұл сандар көзге көп көрінгенімен, шын мәнісінде орта есеппен аша адамға тамақтану бір аптада 1,5 рет берілген. Ашаршылық кездері



1-сурет. Меркідегі Қ.Сарымолдаев оқыған мектеп.

алыпсатарлардың да көбейгені мәлім. Осы өлкедегі алапат аштықтың, жұттың болуы үлкен қасірет әкелді. Осындай қиын қыстау заманда Қабылбек Сарымолдаевтың ерен еңбегін айтпасқа болмайды. Ол мектептен бірге оқыған замандасы Тұрар Рысқұловпен ашығушыларға көмек қолын созды. 1918 жылы өлкедегі ең шешімі табылмай жатқан мәселелердің бірі халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету еді. Бұл өзекті мәселе бойынша жаңадан түзілген Түркістан азық-түлік Халық комиссаратының мүшесі ретінде Сарымолдаев Қабылбек елеулі мәселелерді амалға асырды. 1918 жылдың қыс айының жақындап келе жатқандығын ашаршылық ажалынан халықты сақтап қалу шараларын іздестірді, жер-жерлерде ашаршылыққа қарсы күресу бейімдерін ұйымдастыруда жетекші рөл атқарды. Сол кездегі Түркістан өлкесінде ашаршылыққа қарсы күрес орталық комиссияның төрағасы Тұрар Рысқұловпен қоян-қолтық жұмыстар атқарып, осы комиссияның басқау жұмысында 6 ай қызмет етті. 1918-1919 жылдардағы әрекеттер нәтижесіне көптеген ашаршылыққа ұшыраған кісілерді, әсіресе жас балаларды өлім ажалынан алып қалумен бірге олардың келешегіне мүмкіншіліктер тудырды.

1919 жылы 7-31 наурызда өткен Түркістан АКСР кеңестерінің төтенше VII съезінде Түркістан АКСР ОАК мүшесі болып сайланды. 1919 жылдың сәуірінен 1919 жылдың тамызына дейін «Туркомголада» (Аштықпен күрес) комиссиясының төрағасы қызметін атқарды. Ол Тұрар Рысқұловпен бірлесе отырып, аштықпен

күресу шараларын жүзеге асырып, мұқтаж жандарға көмек көрсетіп, халықтың өзекті мәселелерін шешуде аянбай еңбек етті.

1921 жылы 10 мамырда Қабылбек Сарымолдаев Түркістан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары С.Қожановқа хат жазып, 1917-1918 жылдардағы ашаршылық кезінде жапа шеккен қазақ босқындарының ауыр жағдайын баяндайды. Сарымолдаев хатта қуаңшылықтың кесірінен ашаршылықтың жойқын зардаптарын, малдың, азық-түліктің тапшылығына тоқталған. Ол осы аштықта қазақ халқының шамамен 40-50 пайызы аштықтан қырылғанын айтты. Сарымолдаевтың бұл хаты халықтың мұң-мұқтажына назар аударып, көмек қажеттігін алға тартып, әрекетке шақырды. Ол ашаршылықтың жан түршігерлік көріністерін, арық бойында аштыққа ұшыраған түркістандықтардың жансыз денелерін суреттеп жазды. Хатта ашаршылықтың халыққа тигізген зардабы туралы хабардар болу мақсаты қойылып, олардың қасіретін жеңілдету үшін шұғыл шаралар қабылдауға шақырды. Бұл Қабылбектің ашаршылыққа ұшырап қырылған халыққа ара түсіп, аман сақтап қалу үшін дабыл қаққан хаты болатын. Адам тағдырына араша түсуден артық азаматтық міндет жоқ екенін жастайынан терең түсінген жас қайраткердің осы хатынан-ақ тау тұлғалы болмыс бітімін тануға болады. Және оның бұл қырын, болмыс-бітімін, іскерлігін С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» атты мемуарлық көркем шығармасынан да байқауға болады [7,268 б.].

Қорыта келе, қайраткер тек ашығушыларға ғана көмек беріп қойған жоқ, ғұмырының барлығын мемлекеттік қызметке арнады, түрлі жоғарғы салаларда өз еңбегі арқылы үлкен жетістіктер қалдырып кетті. Қабылбек өзінің қысқа өмірін толығымен ұлтына, оның болашағына арнады. Сол бір аласапыран заманда Кеңес Үкіметінің басшылық қызметтерін атқарды. Қабылбек Сарымолдаев өз елінің, қазақ халқының мәдениеті мен ағарту саласының өсуіне, туған өлкенің дамып, гүлдене түсуіне үлкен еңбектер сіңірді. Оның қалдырған мұрасы мен өнегесі кейінгі ұрпаққа үлгі болып, мақтаныш болып қалады. Оның мемлекеттік қызметке деген адалдығы, көшбасшылығы

және халқына жасаған қамқорлығы мәңгілік аталып өтілуінің өзі, оның еліне, халқына ұрпақ жадында сақталды. Бүгінде Қабылбек сіңірген ықпалының айғағы. Сарымолдаевтың туғанына 125 жылдығының

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қайраткер Қабылбек Сарымолдаев. / Құрастырған: Данияров Б., Қазыбек М. – Алматы, 2011. – 204 б.
2. Қазыбек М. Дауылда туған дарын. – Алматы, 2011. – 352 б.
3. Қабылбек Сарымолдаев: құжаттары мен материалдар жинағы = Кабулбек Сарымолдаев: сборник документов и материалов / Құрастырған: С.Қ. Шілдебай, О.М. Қоңыратбаев, Т.А. Замзаева, С.О. Смағұлова. – Алматы, 2023. – 442 б.
4. Қызыл Қазақстан. – 1925. – №15-18. – 166-172 б.
5. Бірлік туы. – 1917. – 29 август. – №7.
6. ҚР ПА, 141-қ., 1-т., 11542-іс, 20-22-п.
7. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу: (1916-17-18-19 жылдар) – Қызылорда: Қазмембас., 1927. – 427 б.

Резюме: В данной статье обсуждается рост, формирование общественно-политических взглядов видного государственного и общественного деятеля Кабылбека Сарымолдаева. Статья направлена на демонстрацию его общественно-политических взглядов, его вклада во время таких важных событий, как восстание 1916 года и голод 1918-1919 годов, а также его усилий по привитию важных ценностей молодому поколению.

Summary: This article discusses the rise, formation of socio-political views of the prominent statesman and public figure Kabylbek Sarymoldayev. The article aims to demonstrate his socio-political views, his contributions during important events such as the 1916 uprising and the 1918-1919 famine, and his efforts to instill important values in the younger generation.





Қамысбек

Гүлзат Нұрмаханбетқызы

Абай атындағы Қазақ ҰПУ-дың магистранты, Алматы мемлекеттік көлік және коммуникациялар колледжі-нің тарих пәні мұғалімі

Ж. ҚАСЫМБАЕВ ЗЕРТТЕУІНДЕГІ АҚМОЛА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ АСПЕКТІСІНЕ ҚАТЫСТЫ ТҰЖЫРЫМДАРЫН ТАЛДАУ

Түйіндеме: Бұл мақалада Ж.Қасымбаевтың зерттеуіндегі Ақмола қаласының әлеуметтік-экономикалық және мәдени аспектілеріне қатысты тұжырымдарға тарихи талдау жасалады. Ақмола – саяси маңызы бар қала ретінде ғалымның ерекше назарын аударды, өйткені ол Қазақстанның экономикалық және мәдени өмірін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Ж.Қасымбаев Ақмола қаласының тарихын зерттеу барысында жиналған деректерге, оның әлеуметтік-экономикалық саласына, сондай-ақ халықтың мәдениеті мен мәдени бірегейлігіне қатысты ауқымды талдау жүргізді.

Түйін сөздер: Жанұзақ Қасымбаев, Ақмола қаласы, экономика, мәдениет, әлеумет, қалалар тарихы.

Ақмоланың (қазіргі Астана қаласы) – Қазақстан тарихында алатын орны ерекше. Тас дәуірінен бастау алған, орта ғасырлардағы қуатты дала мырзаларының орталығы ретінде танылған бұл аймақ ұлт тарихын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды.

XIX ғасырда Ақмола әскери бекінісінің құрылуынан кейін елді мекен және округтік қалаға айналды. Бұл Ресейдің Қазақстандағы саяси және экономикалық ықпалының шешуші кезеңі болды. Тіпті Батыс Сібір генерал-губернаторлығының резиденциясы мен шекара бөлімін Омбыдан Ақмолаға көшіру туралы ұсыныс та болған еді.

Кеңес өкіметі тұсында Ақмолаға Целиноград

ретінде ерекше назар аударылды, ол үкіметтің арнайы шешімімен Қазақстанның кең байтақ аймағының әкімшілік орталығына айналды.

Қазақстан астанасын Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы түпкілікті шешім тарихи және геосаяси факторлардың әсерінен жасалған маңызды қадам болды. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен қолға алынған бұл таңдау қаланың уақыт өте келе дамуының шарықтау шегін көрсетті.

Ақмоланың мәртебесі астанаға ауысқаннан кейін оның тарихына деген қызығушылықтың артуы авторларды тақырыпты тереңірек ашуға итермеледі.

Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан кейін

қалалар тарихына қатысты тарихи зерттеулер жанданды. Қазақстанның XIX-XX ғасыр басындағы әлеуметтік-экономикалық дамуы Ресейге қосылу кезінде пайда болған қалаларды жан-жақты зерттеуді қажет еткені сөзсіз. Осы есеппен Ж.Қасымбаев қаланың экономикалық, мәдени және әлеуметтік ландшафтын қалыптастыруда шешуші рөл атқаратынын және әлеуметтік-экономикалық дамудың әртүрлі деңгейлерімен байланысты түрлі ерекшеліктер мен сипаттарды көрсететінін анықтаған. Ж.Қасымбаевтан бөлек бұл тақырыпты Н.Ж.Ағубаев «История Акмола: XIX - нач. XX вв.: исследования, источники, комментарии», М.Әбсеметов «Город тысячелетней истории», Г.А.Алпыспаева «Торговля как фактор социокультурного развития города на материалах города Акмолинска XIX - нач. XX веков», Г.Ю.Бородин «Хронология дела купца Кубрина», К.В.Джумағалиева «Состояние торговли в Степном крае в конце XIX - нач. XX вв. на основе обзоров Акмолинской области», З.А.Махмудова «История татар Астаны (XIX - нач. XX вв.)» және т.б. зерттеді. Осы зерттеушілердің еңбектеріне сілтеме жасай отырып, Ақмола өлкесінің экономикалық тарихы, көпестер әулеттерінің маңызы, уақыт өте келе оның дамуына әсер еткен сауда-



1-сурет. Жанұзақ Қасымбаев.

саттықтың күрделілігі туралы құнды мәліметтер алуға болады. Бұл ғылыми жұмыстар ұжымдық түрде аймақтың тарихи контекстін және экономикалық динамикасын тереңірек бағалауға ықпал етті.

Ақмола қаласының тарихын зерттеу Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының (ҚР ОМО) қорларындағы архивтік құжаттарға негізделеді.

ҚР ОМА-да 369 “Ақмола облыстық басқармасы (1815-1920 жж.)” қорының материалдары пайдаланылды, оның істерінде Ақмоланың статистикалық сипаттамасы, қалалық қоғамдық басқармалардың есептері туралы мәліметтерді алуға болады.

1911 және 1914 жылдары Ақмола облысында жүргізілген зерттеулерді тарихи дереккөз ретінде пайдаланудың сол кезеңдегі аймақтың экономикалық, әлеуметтік және әкімшілік жағдайларының әртүрлі аспектілерін түсіну үшін маңызы зор. Бұл зерттеулер Ресей империясы жағдайында Ақмола облысының экономикалық өмірін, сауда-саттық, оқу-ағарту және басқару мәселелеріне қатысты құнды түсініктер береді.

П.М.Головачев, Н.Коншин, М.Красовский сияқты XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы зерттеушілердің еңбектері экономикалық, әлеуметтік және қалалық аспектілер туралы түсінік алу үшін құнды дереккөздер болып табылады. Бұл Ақмола қаласының экономикалық жағдайын, сыртқы келбетін, қала өмірін, көгалдандыруын тереңірек түсіну үшін құнды мәліметтер береді.

Зерттеудің негізі тарихи зерттеулердегі оқиғаларды, құбылыстарды және процестерді, олардың нақты тарихи контекстінде талдауды қамтитын тарихи принципке негізделген. Бұл тәсіл зерттеушілерге тарихи оқиғалар мен өзгерістердің белгілі бір уақыт, әлеуметтік, экономикалық және мәдени жағдайлармен қалай байланысты екенін түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістерін таңдау тек ғылыми танымның міндеттерімен ғана емес, сонымен бірге дереккөздің сипатымен де анықталады. Құжаттық дереккөздермен жұмыс істеуде зерттеудің жалпы ғылыми әдістері (талдау,

синтез, жалпылау, жүйелеу және т.б.) және арнайы тарихи әдістер (мұрағаттық қорларды зерттеу, мұрағаттық материалдарды дискурсивті талдау әдісі) қолданылды.

Ақмола – 1832 жылы Ресей империясының Орта Азияға экспансиясы кезінде әскери форпост ретінде құрылған. Қаланың сауда орталығы ретінде өсуіне теміржол бойында және Есіл өзенінің жағасында стратегиялық орналасуы ықпал етті.

Зерттеушінің еңбектерінде Қазақстан мен Ресей арасындағы әскери және саяси-экономикалық байланыстардағы қалалардың рөлі, сауда орталықтарының қалыптасуы мен дамуындағы маңызы жан-жақты талданған. Ж.Қасымбаев өз еңбектерін өлкедегі тарихи оқиғаларды жүйелі түрде зерттеуді мол архивтік құжаттарға негіздеп жазған.

Ақмола қаласының маңында Транссібір темір жолының құрылысы жергілікті экономиканың дамуында маңызды рөл атқарды. Патша үкіметінің саяси мақсаттарынан басқа, бұл магистраль шикізатты, малды экспорттауға және Ресей өнеркәсібінің өнімдерін жеткізуге ықпал етті. Тек 1911 жылы Петропавл, Омбы және Есіл көл станцияларынан 37 215 мал басы теміржолмен жөнелтілді, оның 37 071-і Санкт-Петербургке, ал 144-і Мәскеуге жөнелтілді [1, 47 б.].

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қала сауда орталығы ретінде рөлі өркендей бастады. Қалада екі жәрмеңке Константино-Еленевская және Дмитриевская жәрмеңкелерінің болуы бұл кезеңнің әлеуметтік-экономикалық және мәдени өміріндегі тарихи маңызын көрсетті. Бастапқыда бұл жәрмеңкелер тек сауда жиыны ретінде ғана емес, сонымен қатар жергілікті халық үшін сол аймақта орналасқан әскерлердің әскери жаттығуларын тамашалауға келген көрермендермен толыққан. Жәрмеңкелер көшпелілердің әдет-ғұрыптарына сәйкес ұйымдастырылған халықтық мерекелерді өткізу орны ретінде де қызмет етті. Фестивальдер бәйге, күрес және басқа да гимнастикалық жаттығулар сияқты түрлі шараларды қамтыды. Мұндай шаралар облыстың мәдени-әлеуметтік құрылымының маңызды бөлігі болды. Уақыт өте келе бұл жиындар ұйымдастырылған сауда



2-сурет. Ақмоладағы жәрмеңке.

жәрмеңкелеріне айналды. 21 мамыр мен 26 қазаннан басталып 10 маусым мен 10 қарашада аяқталатын жәрмеңкелер ауыл шаруашылығы өнімдері мен басқа да тауарлардың болуына сәйкес келетін сауда қызметіндегі маусымдық заңдылықтармен ұйымдастырылды [2,140-п].

Ж.Қасымбаевтың зерттеуіндегі қаладағы сауданың маңызын К.Джумағалиеваның еңбектері де дәлелдей түскендей. Автор өз зерттеулерінде тарихи мол құжаттық архивтік деректерге сүйенеді.

Батыс Сібір генерал-губернаторы А.С.Дюгамель Ресей империясының Ішкі істер министрі П.А.Валуевке хат жазған. Хатта генерал-губернатор Дюгамельдің Ақмола ауылының қысқа мерзімде гүлденген сауда нүктесіне айналуға мүмкіндігі бар деп есептегені айтылады. Бұл дерек генерал-губернатор Дюгамельдің Ақмоланың экономикалық болашағына оң көзқараспен қарағанын аңғартады. Ол ауылда сауда айтарлықтай өсу мен даму болады деп күтті. Сауда нүктелері сол дәуірде экономикалық қызмет үшін өте маңызды болды және генерал-губернатордың Ақмоланың сауда орталығы ретіндегі әлеуеті туралы оптимизмі оның ауылдың экономикалық болашағына деген үмітін көрсетеді [5,262-п].

Ж.Қасымбаевтың «История города Акмолы» еңбегінде XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Ақмоланың экономикалық дамуына капиталистік қатынастардың өнуінің әсері көрсетілген. Қазақ өлкесінің біртіндеп капиталистік қатынастарға араласуы көшпелі қазақ халқының шаруашылық өміріне елеулі

өзгерістер әкелді.

Капиталистік қатынастар аймақта орныққандықтан, қала тұрғындары мен көшпелі қазақтар арасындағы сауданы реттеуде және жеңілдетуде шешуші рөл атқарды. Бұл сауда екі қауымдастық үшін де маңызды болды. Себебі тауарлар мен ресурстарды алмасуға мүмкіндік бере отырып, экономикалық өркендеу мен мәдени алмасуға ықпал етті.

Көшпелілердің көші-қон жолдары ірі жәрмеңкелерге жақын орналасқандықтан сауда айналымына үлес салмағы маңызды болды. Жәрмеңкелердің болуы отырықшы қала халқы мен көшпелі малшы қауымдар арасындағы сауданы жеңілдетті. Сонымен қатар, Ақмола қаласы аймақты Ресейдің кең экономикалық саласымен байланыстыруда маңызды рөл атқарды [4,148 б.].

Дамудың капиталистік кезеңі қалалар мен оған жақын орналасқан ауылдар арасындағы сауда байланыстарын күшейтті. Қала – ауыл шаруашылығы өнімдерінің, шикізаттың және дайын өнімдердің негізгі нарықтық орталықтарына айналды. Бұл қала мен ауыл арасындағы экономикалық интеграцияны күшейтті.

Қазақ ауылының экономикасына капиталистік ықпалдың әсері ауылдағы дәстүрлі экономикалық тәжірибелердің маргиналдануына алып келді. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен қазақ халқының қоғамдық құрылымында елеулі өзгерістер болды. Бұл өзгерістерге әсер еткен негізгі факторлардың бірі қазақтардың капиталистік қатынастардың таралуына және Ресейдің отаршылдық саясатына байланысты нарықтық қатынастарға тартылуы еді [7,166 б.].

Осы процестің нәтижесінде келесі өзгерістер болды:

Әлеуметтік мәртебенің өзгеруі: көшпелілер мен жартылай көшпелілерге дәстүрлі әлеуметтік бөлінудің орнына жаңа әлеуметтік топтар пайда болды. Қазақтардың мәртебесі олардың шығу тегі мен рулық қатыстылығымен емес, олардың экономикалық жағдайымен, байлығымен және Ресей билігінің байланыстарымен айқындала бастады.

Сауда мен қаланың рөлін күшейту: нарықтық қатынастарды енгізу қазақтар арасында сауда мен қаланың дамуына ықпал етті. Оған дәлел XIX ғасырдың аяғында Ақмола қаласына орыс тарихшысы, публицист П.М.Головачев келген. Ол «жатақтардың» пайда болуын және олардың шағын саудамен айналысатынын немесе қала тұрғындарына жалдамалы жұмысшылар есебінде жалданатынына таңданған [6,298 б.].

Қоғамның экономикалық және мәдени түрінің өзгеруі: дәстүрлі көшпелі өмір салты мен экономикалық жүйелер нарықтық қатынастар мен жұмыспен қамтудың жаңа формаларының әсерінен өзгере бастады. Қазақтар жаңа қоғамға бейімделіп, бұл олардың шаруашылық және мәдени тәжірибелеріндегі өзгерістерге алып келді.

Отаршылдық саясаттың әсері: Ресейдің отаршылдық саясатындағы басқару мен салық салудың жаңа нысандарын енгізу қазақтардың әлеуметтік құрылымының өзгеруіне, экономикалық жағдайы мен әлеуметтік мәртебесіне әсер етті.

Ресей империясындағы отаршылдық саясаты қала тарихына өз әсерін тигізді. Бұл әсерді қала өмірі мен шаруашылық қызметінің әртүрлі аспектілерінен көруге болады. Бұл жайында Ж.Қасымбаев XIX ғасырдағы Кенесара Қасымов бастаған қазақ көтерілісіне қатысты тарихи жағдайды көрсетеді. Бұл көтеріліс сол кездегі отаршылдыққа қарсы ең ірі қозғалыстардың бірі болды және орыс отарлауы әкелген өзгерістерге байланысты көшпелі қазақ қоғамы қиындықтарға тап болды.

XVIII ғасырдың аяғында казактардың шекаралық әскери шептердің қалыптасуы, жайылымдарды шектеуі қазақ көшпелілерінің дәстүрлі тұрмыс-тіршілігін бұзды. Осы жолдар бойында құрылған әскери бекіністер көшпелілердің қозғалысын бақылауға арналған, бірақ олар бұл шараларға жиі қарсылық көрсетіп, патша үкіметіне қарсы шықты.

XIX ғасырдың басында қазақ даласында бекіністердің құрылуы жағдайды одан әрі ушықтырды. Бұл әкімшілік өзгерістер басқару жүйесін бұзып, өзара алауыздық пен әлеуметтік-экономикалық күйзелістерге алып келді. Жергілікті халықтың қарсылығы мен Ресей

билігінің бақылау жүргізудегі қиындықтары кең байтақ қазақ даласын басқарудың қиындығын көрсетті [3,42 б.].

1868 жылғы Батыс Сібір генерал-губернаторлығындағы далалық облыстарды басқару реформасына байланысты екі облыс Ақмола мен Семей құрылды. Реформа – жергілікті феодалдық құрылысқа және сұлтандарға айтарлықтай әсер етті. Сонымен қатар, қазақ қоғамында маңызды болған билердің рөлі мен қызметі біршама төмендеді.

Билер функцияларының төмендеуі жергілікті халық үшін ауқымды әлеуметтік және экономикалық зардаптарға душар еткізді. Бұл жер меншігіндегі ресурстарды бөлуде және әлеуметтік иерархиядағы өзгерістерге алып келді [3,42 б.].

Ж.Қасымбаевтың еңбегінде Ресей империясының метрополияға қатысты әсерін тарихи талдауға ерекше мән берген. Бұл өзгерістердің әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктермен қалай қалыптасқанын және олардың қазақ халқының өміріне қалай әсер еткенін зерттеу болып табылады. Ж.Қасымбаевтың зерттеулері осы әртүрлі субъектілер арасындағы күрделі динамикаға ерекше назар аударып, олардың рөлі мен аймақтың әлеуметтік-экономикалық өміріне қосқан үлесін ашады.

Сонымен қатар, Ж.Қасымбаев нақты мәдени механизмдерді дамыту арқылы адамдар өздерінің табиғи ортасына бейімделеді

деген тұжырымдамаға ерекше мән берген. Мәдениеттің белгілі бір түріне байланысты бұл бейімделу механизмі адамдардың қоршаған ортамен қарым-қатынасын қалыптастыруда және олардың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін қанағаттандыруда маңызды рөл атқарады.

Қорыта келгенде, Ж.Қасымбаев XIX және XX ғасырдың басындағы Ақмола қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуын өз еңбектерінде «История города Акмолы», «История Акмолы: XIX – нач. XX вв.» тарихи тұжырымдаған. Осы кезеңде пайда болған әлеуметтік топтар Қазақстандағы қала өмірінің мәдени аспектілеріне айтарлықтай әсер еткендігі нақтыланған. Жалпы, автордың еңбектерінде осы кезеңдегі Қазақстанның экономикалық ландшафтының қалыптасуындағы қалалардың тарихи маңызы және олар аймақтың Ресей империясының үлкен экономикалық шеңберіне интеграциялануындағы рөлі туралы құнды түсініктер береді. Ж.Қасымбаевтың қызметіне берілгендігі кеңестік дәуірге дейінгі қазақ тарихының егжей-тегжейлі және жан-жақты зерттеуінен көруге болады. Түрлі тарихи дереккөздер мен дәлелдерді мұқият талдай отырып, ол өз еңбектерінің академиялық тұрғыдан қатаң болуын және ғалымдарға, зерттеушілерге және өлке тарихына қызығушылық танытатын кез келген адамға құнды білім беретіні сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қасымбаев Ж. История города Акмолы. 1832—1917 гг. Алматы, 1995. Б. 47.
2. ҚРОМА. 45-қор. 1-тізім. 753-іс. 140-п.
3. Қасымбаев Ж.К., Агубаев Н.Ж. История Акмолы: XIX – нач. XX вв.: исследования, источники, комментарии [Текст]: – Алматы: Жеты жарғы, 1998 – с.176
4. Дубицкий А.Ф. Город на Ишиме. –Алма-Ата: Казахстан, 1986. -148 с.
5. Джумагалиева К.В. Состояние торговли в Степном крае в конце XIX – нач. XX вв. на основе Обзоров Акмолинской области [Текст] / Вестник ЕНУ им. Л.Гумилева. – 2015. -№5. – С. 258-262
6. Головачев П. М. Сибирь: Природа. Люди. Жизнь [Текст] / П. М. Головачев. – М.: Изд.: Базановой, 1902. – 298 с.
7. Чесноков Н. Уральску 350 лет. – Алма-Ата:Казгосиздат, 1963. -166 с.
8. Махмудов З.А. История татар Астаны (XIX – нач. XX вв.). [Текст]: – Казань: Татар. кн. изд-во, 2017. – 223 с.
9. Бородина Г.Ю. Хронология дела купца Кубрина [Текст] / Недбаевские исторические

чтения. – Омск, 2012. – С.453-460.

10. Алпыспаева Г.А., Саяхимова Ш.Н., Краснова М.Н. Торговля как фактор социокультурного развития города На материалах города Акмолинска XIX– нач. XX веков [Текст] / Вестник КарГУ, -2016. -№4. – С. 22-32.
11. Абсеметов М. Город тысячелетней истории [Текст]: – Астана, 2009. – 320 с.

Резюме: Данная статья посвящена историческому анализу выводов, касающихся социально-экономических и культурных аспектов города Акмолы в исследовании Ж. Касымбаева. Акмола как город политического значения стала предметом особого внимания ученого, так как сыграла важную роль в формировании экономической и культурной жизни Казахстана. Ж.Касымбаев провел масштабный анализ данных, собранных в ходе изучения истории города Акмолы, его социально-экономической сферы, культуры и культурной самобытности населения.

Summary: This article is devoted to the historical analysis of conclusions concerning socio-economic and cultural aspects of the city of Akmola in the study of Zh. Kasymbaev. Akmola as a city of political importance became the subject of special attention of the scientist, as it played an important role in shaping the economic and cultural life of Kazakhstan. Zh. Kasymbayev conducted a large-scale analysis of the data collected in the course of studying the history of the city of Akmola, its socio-economic sphere, culture and cultural identity of the population.





Баймұханов Мұхамедқали

Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының қызметкері, шығыстанушы, гуманитарлық ғылымдар профессоры, Қазақстанның құрметті журналисі

МӘШҮР АДАМДАР ЖӘНЕ ҰЛЫҚ – ХАНДАР

Түйіндеме. Мақалада «Архив-2025» жобасы аясында Башқұртстан Республикасы, Уфа қаласына жасалған іссапар барысында көшірмесі әкелінген, Орынборда 1908 жылдан бастап шығарылып тұрған «Шора» журналында жарияланған Шыңғыс ханға қатысты деректері бар мақаланың аудармасы берілген.

Түйін сөздер: Тарих, Шыңғыс хан, Жошы хан, қыпшақ, жорық.

Шыңғыс хан

Туған; 1155-549

Өлгені; 1227-624

Ең алдымен құрметті оқушыларымызға «Шора» журналы туралы дұрыс әрі, айқын мәліметтер бергіміз келеді. 1908 жылдардың басында шыға бастаған осы журналдың мақсаты сол кезде Ресей империясын мекендеп отырған түркі халықтарының санасын көтерумен бірге, олардың әлеуметтік-саяси ахуалы, халық денсаулығы жөнінде сол уақыттың өлшемімен алғанда әжептәуір құнды дүниелер жазғанын бүгіндері зор ризашылықпен айтуымызға болады.

«Шора» журналын өмірге әкелудегі мақсат түркі халықтарын сол кезде басып кеткен қараңғылық түнегінен құтқаруды алдымен татар оқымыстылары қолға алды десек, бұған қосымша әзірбайжан, қазақ, башқұрт оқымыстылары да қолдап үн қосқан.

Сол кездері түркі халықтарына жарық жұлдыздай болып ғылым-білім сәулесін шашқан

«Тәржіман» журналымен қатарлас «Шора» журналы да өмірге келді. Бұл жерде айтатын маңызды нәрсе «Тәржіман» журналының жүздеген мың данамен шыққанын айтсақ – бұл оқиға сенімсіздеу көрінген болар еді. Түркі-мұсылман халықтарының жарық жұлдызындай жарқырап шыққан Исмайл Гаспринский осы «Тәржіман» арқылы түркі халықтарының бүкіл мұң-мұқтажын, өмірін, әдебиетін, салт дәстүрін әлемге таныту миссиясын көтеріп шыққан болатын. Осы бір аяулы ғалым, биік адамгершіліктің адамы кезінде 1911 жылы Нобель сыйлығына да ұсынылған екен. Өткен заманның белгілі қазақ интеллектуалы Шәкәрім Құдайбердиевтің «көп нәрсені Тәржіманнан ұқтым» дегенін еске алсақ та жарап жатыр.

Міне, құрметті оқушылар «Тәржіманды» неге айтып отырмыз – өйткені «Шора» журналы да осы миссияны дамыту үшін өмірге келген, жарқын дүние.

Сол заманда түркі халықтарының өміріне үлкен жаңалық әкелген бұл журналға түркі

халықтарының ең озық интеллектуалдары үн қосып мақалаларын жариялап тұрған. Негізінен қазақ авторларынан Ахмет Байтұрсынов пен Жақып Ақбаевтың әлеуметтік мақалалары шыққаны белгілі. Бір қызық жері ел ойлағандай емес, «Шора» журналының Қазаннан да, Уфадан да емес, сол кезде қазақ қаласы есебінде болған, тіпті қазан төңкерісінен кейін қазақ елінің астанасы болған Орынбор қаласында «Уақыт» деген кәдімгі баспаханадан шығып тұрғаны қызық.

Біздің қолымызда, Уфа қаласынан Қолжазбалар және сирек кітаптар орталығының қызметкерлері алып келген осы «Шора» журналының төрт саны бар. Алғашқы саны 1908 жылы шыққан, нөмірдің алғашқы санын шығарған татар ғалымы Зәки Рамиев. 1917 жылға дейін 240 саны шыққан. Тіпті кітап қылып түптеген әр жыл сайынғы қосымшалары да шығып тұрған. Негізінен әдеби журнал деп аталған. Он бес күнде бір шығып тұрған. Сонымен оқушыларымызға журнал туралы айтарымызды осымен шектегіміз келеді. Орталық зерттеуге, аудармаға бейім болғандықтан, «Ұлы дала мұрасы» журналына арнап осында жарияланған Шыңғыс хан және Жошы хан туралы сол заман ғалымдарының шағын мақалаларын аударуға талап қылдық. «Шора» журналының тілі қазіргі татар тілінен алыстау, сол кездегі ескі татар, кейде түркі деп аталатын шағатай элементтері көбірек қолданылған тіл. Неге олай десек, шығарушылар сол кездегі түркі халықтарының бәріне түсінікті болсын деген ниеттен туған болу керек.

Мақалада араб, парсы тілінен кірген сөздерге сол уақыттың стилін білдіріп тұрғаны үшін аса тиіспеуге тырыстық.

Дүнианың ең мәшһүр адамдарының және ең биік даңқты адамдарының бірі болған үшбу зат, моғол төрелерінен Есукай баһадүр бин Туманоғлы болып «Байқал» көлі жанабынде және бұ күнде Шин (Қытай, ауд) хукіматы қарамағында болған Моғылстанда (1155-549) тарихта Зулқағде-Януар айларында дүниеге келді. Асыл есімі Темужин болып, Шыңғыс атауы-өзінше бір титул (ғануан) дүр.

Бұ күнде моғұлдар мекені «моғұлстан» деп мағрұф болған биік атақ. Ілкі уақыттарда қалыс

түркілер мекені еді.

Бұны айтсақ, үшбу күндерде сол жерлерде табылмақ болған түркі тілдері жазылған әсер ғатике әсбәт болады.

Тәмужин (Шыңғыс хан) 13 жасқа жеткенде атасы Есукай баһадүр опат болған. Ол өлген соң жеріне таласушылар өзара қырқысқанмен ол жердегі бұрынғы бағыныштылар жаңа басып алушыларға бағынудан бас тартады.

Осы кезде Шыңғыс хан осыларды өзіне бағындыру үшін әртүрлі тәсілдер ойластырады. Бағзыларына салық салу арқылы, бағзыларына күш көрсету арқылы өзіне бағынуға оларды мәжбүрледі. Жас Шыңғыс ханның осы тәсілдері мемлекетін нығайтуға, зор етуге бұдан былай да әсер етті. Бұдан соң 1213-599 тарихында «Қарақорым» шаһарында таққа отырып «фәән» (ван болуы керек, ауд.) аталып ол халыққа жарияланды.

Орыс тарихшысы Карамзин – Езукей деп жазады.

Арамызда Есукей есімді адамдар көп. Мәшһүр хатунлардан болған «Аланхуа» Шыңғыс тұқымы. Жазба Шыңғыс тарихы.

Шин (Қытай, ауд) тілінде «Хуа лин» деп белгілі болған бұ шаһар (Қарақорым, ауд) сегізінші ғасырдан (миләдж) белгілі болған, бұл күнде орны болуы керек.

Үшбу күннен айтсақ, «Мәлік-Мұзафар», «Мұстақал хан» мағыналарында болған Шыңғыс хан бәдәун тұрақтарынан әскер жинап алып, Шығыс Түркістан үстінен жүріп өтіп, «Қашқар» секілді бірталай қалаларды басып алды. Осыдан кейін солтүстік тарапындағы Шин мемлекетіне кіріп, тіпті Пекин шаһарын басып алды. Мұнда Жошы хан есімді ұлын қаланың уәлиі етіп қойды. Бұл кезде Шин елінің халқы саны ең көп дүние елдерінің бірі еді.

Шинды басып алған соң Шыңғыс хан «Қоре» мемлекетін жаулап алды, бірақ қиратып, бүліншілік жасаған жоқ. Бұл халық Шыңғыс ханға әртүрлі себептермен ұнаған болу керек.

Ислам және түрік патшаларынан болған Хатиб-әддин Мұхаммедтен соң, бүкіл мұсылман патшалықтарының есігі ашылғандай болғанмен, басып алған мемлекеттердің барлығын ұлан-ғайыр өз мемлекетіне қосып ала берді. Хорезм шахының нәсілінен болған атақты Хатиб-әддин

Мұхаммед 1200-596 жыл тарихында «Хорезм» шаһарында таққа отырып, өкімет құруға бастайтын, Хорасан және Мауреннаһр және де Ирак пен Парсы елдерін қол астына кіргізіп мемлекетті жария етті. Енді осы уақытта 1219-616 жыл тарихта Шыңғыс хан ұлан-ғайыр жерге: соғыс майданын тастап Хатиб-әддин Мұхаммед Қашқари және бүтін Мауреннаһр, Хорезм және Хорасан, Қандағар және Малман, Бұхара, Самарқанд және Балхқа иелік етті.

Герат секілді шаһарларды бүтіндей талқандап Шыңғыс тарафынан тас үстінде тас қалмады. Ислам мұралары сақталған хабарларға қарасақ, тұтастай қалалар қарсылықсыз берілген жағдайда қылыштан кешірілді. Сәби балалар, қыздар, қатындар жесір болып әскерге сый ретінде таратылды. Осы соғыстарда Хорезмнің күллі әскері 500 мың, ал Шыңғыс хан әскері 700 мың еді. Бұл жерлерден босаған соң, 1223-620 жыл тарихында Шыңғыс хан-Хазар теңізінің солтүстік тараптарын жауламақ ойға бекініп, сафар етіп «Шамаху», «Дербент» қалаларын қарамағына алды. Және бұдан соң «Қыпшақ» түркілері үстіне сафар етті.

Қыпшақ түркілері, үшбу ғасырларға Еділ бойларынан бастап Қырым уәлаяты жерлеріне дейін созылған кең сахарда өмір сүрушілер еді. Шыңғыс хан әскері Қыпшақ түркілеріне бара жатқанда жол көрсетушінің жаңылуына байланысты «Алан» (Яса) есімінде болған тау халықтары үстіне келіп шығады. Бұл уақытта «аландар» мен «қыпшақтар» бұлардың келе жатқанын естіп өз сахараларында қатты майданға дайындауда еді. Істерінің қиындап бара жатқанын білген Шыңғыс хан мен оның әскер басылары ақылдасып, «Қыпшақ» түркілеріне елші жібереді. Онда: «Біздер әрқайсымыз түрік қауымы болуымыз себепті бір-бірімізбен соғысуымыз ешбір дұрыс болмайды. Сондықтан да өздеріңізге бүтіндей қарсы жыныстағы «Алан» халқына іш тартуларыңыздан пайда болмас, «сіздер біздерге қарсы тұрмаңыз» дейді. Осыны естіген соң қыпшақтар-аландарды жайына қалдырып өз жерлеріне қайтып кетті. Осыдан кейін Шыңғыс хан әскері аландарды быт-шыт қылып жеңіп алып, мұнымен қоймай Азов теңізіне дейін жайлап жатқан «абазин», черкес халықтарын бағындырды.

Орыс кінәздары ерте ме, кеш пе, әйтеуір Шыңғыс хан әскерінің келетінін біліп өздерінше «Киев» шаһарында бас қосып кеңес қылды. Олар бұл кеңесте Қыпшақ түркілерін өз жақтарына тарту үшін аянбау керектігін айтысты. Осы себептен орыстар және қыпшақтар Шыңғыс хан әскеріне қарсы тұру үшін әзірлене бастады. Орыс әскері «Днепр» жылғасы бойына тығыла орналасып болған соң, енді кезуіл жасап жан-жағын барлай бастады. Олар сафар шегіп, 9 күнде «Қалха» өзені жағалауына келіп жетті. Және олар осы жерде Шыңғыс хан әскерін қарсы жолықтырды (1223 жылы 3 мамырда). Міне, осы жерде бір тарапта орыс және қыпшақ әскері, екінші тарапта Шыңғыс хан әскері арасында аса жойқын ұрыс басталды. Басынан ақырына қарай тахым көтере алмаған қыпшақ әскері тым-тырағай ұрыс даласын тастап қашты, Шыңғыс әскері «Днепр» өзеніне дейін қуып келді. Әскер осы жерден Шыңғыс хан құзырына қайтып келді. Олар Киев шаһарын басып алуға бармады. Осы соғыста орыстардың 6 топ кнәздері және 70-тен аса баһадүрлері опат болды. Бұдан басқа олардың қысым және зиян көруінің есебі жоқ. Бұл уақытта Дешті-Қыпшақ, Орал және Еділ, Дон бұлғарларының бояр, Бұхар құзырындағы, Шин жерлерінен бастап, Анадол жеріне дейін Шин (Қытай, ауд.) теңізінің арасына дейін орасан аймақ – Шыңғыс хан қол астында болды. Осы жорықтарды тәмәм еткеннен кейін Шыңғыс хан өзінің тахыты (астанасы, ауд.) болған Қаракорым шаһарына қайтып кетті, онда 2-3 жыл тұрып 1227-624 тарихында рамазан Шариф (оразгесей, ауд.) (тамыз) айында 73 жасында екінті уақытында опат болды. Тәнін бір сандық ішіне салып, өзінің өсиет еткені бойынша бір ағаш ішіне көтеріп апарып жерледі. «Бурхан-Халдун» атанған осы қабірстанға бұдан кейін де көп хандар жерленіп, мәшһүр бір орынға айналды. Бұл жер хүлкім етілуі бойынша 25 жылға дейін жасырын болды.

Ескі Ислам мұралары Шыңғыс хан хақында анық мәліметтер бере алғандай еді. Білімді ғалымдар Ислам үшін осы күнді кезінде мейрам еткен. Осы хабарларды біле келе мәлім болған бір зат – ханның залым және қаталдығы. Бейкүнә сәби балалардың, хатын

және қыздардың да басын алып, аямай өлтіруі. Тіпті, сол кезден жеткен хабарларда жүкті әйелдердің ішін жарып, сәбиін найза ұшына іліп қызықтауын немен ақтауға болады. Басын алған жерлерінің бәрінде Ислам өркениетіне қатты бүлікшілік жасаған, мешіт, медреселерді талқандаған, бүтін қалаларды қиратып шаң-тозаңға айналдырып жіберген. Оның соғыстарынан жауынгерлерінің қылыштарынан сорғалап аққан қан жылғаларға айналды. Алты жүз жыл медетінде неқатар машаққаттармен Исламды қолданған халықтар жадында қалған жағдайлар; мешіт, медреселердің талқандалуы болған жоқ делінеді. Сондай-ақ расытхана (обсерватория, ауд.) кітапханаларға тиіспеген. Қаншама Ислам шаһарларын алғанда осындай орындарға тиіспеген. Ислам ғалымдары және хакімдері дүние жүзінен исламның өркендеуіне және сақталып қалуына Шыңғыс хан ұрпақтарының үлкен себепші болғанын айтады. Шыңғыс хан ғасырында үлкен бір тарихи кітап шығармақ болған Имам әл-мұрхин-Әбу-хасан-Ғазатдин-ибн-Ләсир былай деген: Қилы уақыттар өтіп кетті, Ислам үстіне Шыңғыс тарапынан келтірілмек болған өсиеттерді жазуға қабілетім жетпес еді, бұл мәртебеде болған істерді түсініп жазу, жеткізу жеңіл істерден болмақ емес. Келешек ислам үстіне келген фитнеларды көргенде анадан туғандай болып бұны көрместен ілкі опат болғандарды ойламас

еді!- деген. Ләкин жазбай тәрк етпегенде де бір пайда болады екен. Шүбә жоқ екен, адам мақлұқ болуға тіл жетпейтін қаталдықтар жасалады екен.

Осыларды айтып отырғанымызда, тарихта осыған ұқсас қырғындар болғанынан хабарымыз бар. Хадистерде ерте замандағы Бани-Исраил елінде болған уақиға осыған ұқсас. Осы бір Бахтанасардың Бани-Исраил елін қырғынға ұшыратқаны айтылады. Енді осыларды өлшемге салсақ, Шыңғыс хан қырғыны мен Бахтанасар ғаріп еткен адам санының айырмашылығы жер мен көктей. Сондықтан да Шыңғыс хан қырғыны адамзат тарихында ең көп адамдар өлтірілген соғыс болған. Айтсақ, Ибн Әсир түгелдей Ислам мұрағаттарының Шыңғыс хан хақында жазғандарын мұхтасар реуіште бұл жерде баян еттік. Бұл оқиға шаһарлар және мемлекеттер құрылғанда, дұшпандарын ұстаған уақытта Шыңғыс хан тарапынан бір жақсылық кешірім болды дегенді естімедік. Ескендір Әл-Македони, Наполеон Бонапарт және Надршахтың фәтуа хаттарының Шыңғыс хан фәтуә хаты жанында күші жоқ болып қалар. Ескендір-Әл-Македонидың он жыл құрған мемлекетінің бір мысалын алсақ, Шыңғыс ханның оны небәрі екі-үш жылдың ішінде құрғанын көреміз.

(Жалғасы бар)

Автор: Ж.Әлкәмал

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шора журналы, 1909ж. №4 саны, «Вакть» баспасы, Орынбор.

Резюме. В статье представлен перевод статьи, содержащей данные, относящиеся к Чингисхану, опубликованный в Оренбурге с 1908 года в журнале «Шора», копия которой была привезена в ходе командировки в г. Уфа, Республика Башкортостан, в рамках проекта «Архив-2025».

Summary: The article presents a copy of the article containing data related to Genghis Khan, published in Orenburg since 1908 in the "Shora" magazine a copy of which was brought during a business trip to Ufa, Republic of Bashkortostan, as part of the "Archive 2025" project.





**Маусым-Мамыр
Сұңғатқызы**

Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы Жариялау-баспа бөлімінің басшысы

**«АРХИВ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ ҰРПАҚ» ЖОБАСЫ
АЯСЫНДАҒЫ «АШЫҚ ЕСІК КҮНІ»**

Еліміздің Президенті Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2022 жылғы 19 қаңтардағы № 780 «Балалар жылын жариялау туралы» Жарлығын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 20 наурыздағы № 148 «Балалар жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» қаулысын іске асыру шеңберінде Мәдениет және ақпарат министрлігі «Архив және болашақ ұрпақ» жобасын ұсынды.

Жобаның басты мақсаты мен идеясы – жыл сайын 21 қыркүйекте еліміздің барлық мемлекеттік архивтерінде түрлі жастағы балаларды кеңінен қамтитын іс-шаралар кешенін өткізу.

Президентіміздің архив істері аясындағы ауқымды бағдарламалары – жастарымыздың тамыры терең тарихымыздан сусындауына мол мүмкіндік беретіні анық. Мемлекет басшысының айтуымен тарихтың ашылмай қалған ақтаңдақ беттерін қалпына келтіру, сондай-ақ, ХХ ғасырдың басындағы қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселесінің қолға алынып жатқандығы қуантады. Осы орталықта сирек деректердің сақталуы да тарихымызды түгендеуге жасалған сәтті қадам екендігі сөзсіз.

Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы «Архив және болашақ ұрпақ» республикалық жобасы аясында 2023





жылдың 21 қыркүйегінде Ашық есік күнін ұйымдастырды. Іс-шараға еліміздің болашақ жастары, студенттер, оқушылар мен ұстаздар қауымы қатысты.

Ашық есік күні Ұлы дала елінің жазба тарихынан көрініс тапқан тарихи мұра мен бүгінгі күн арасындағы өзара сабақтастық байланысты дамыту, қазақ халқының жазба мәдениетін дәріптеу, қоғам қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығын, тәуелсіздіктің жетістіктерін насихаттау мақсатында ұйымдастырылды. Іс-шараға Астана қаласының 200-гежуық мектеп оқушыларымен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Тарих, Физика факультеттерінің 1-3 курс студенттері, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті Ветеринария факультетінің 1 курс студенттері, Astana International University-нің 3 курс студенттері, ЖОО оқытушылары мен ғалымдары келді.

Ашық есік күніне келушілер ұлттық орталықта көне қолжазбаларды қалпына келтіру

жұмыстарымен, зақымдалған қағаздарды қорғау әдістерімен, құжаттарды қалпына келтіру тәсілдерімен, заманауи сканер технологиясын қолдану арқылы қолжазбалар мен сирек кітаптарды электронды форматқа көшіру жұмыстарымен толықтай танысты. Сонымен қатар, орталықта «Ұлы дала тарихындағы жазба мұралар» көрмесі ұйымдастырылып, келушілердің көңілінен шықты. Қатысушылар «Тұғыры биік тұлғалар» әдеби-викторинасы мен «Атадан қалған асыл сөз» интеллектуалды ойындарында өз білімдерімен сайысқа түсті, жеңіске жеткендер мекеме атынан алғыс хаттармен марапатталды.

«Архив және болашақ ұрпақ» жобасы бойынша іс-шараларды тұрақты өткізу өскелең ұрпақ үшін құнды тарихи мұраларды, ұлттық дәстүрді, қазақ халқының тарихы мен әдет-ғұрпын біліп құрметтеуге, өз Отанының тарихына бей-жай қарамай, елінің патриоты болып өсуіне септігін тигізері анық.





**Сая
Мұратқызы**

Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының қызметкері

ЖАПОН ТАРИХШЫСЫ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҚТА

Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығына арнайы қонақ жапон тарихшысы Хироюки Нагаминэ келді.


Алыстан келген Хироюки Нагаминэ – қазақ хандығының тарихы мен Алтын Орда кезеңіндегі деректерді зерттеген ғалым, Жапония Ұлттық техникалық институтының доценті.

Жапон елінің ғалымы Алтын Орда дәуірі жайында көптеген мақалалар мен монографиялар авторы. Рашид ад-Диннің «Жамиғат-ат тауарих» атты кітабы бойынша көлемді мақала мен «Алтын Орда өркениеті» атты ғылыми монография жазған. Тарихшы ұлттық орталық ұжымымен арнайы кездесіп, тарих саласындағы соңғы жаңалықтар мен

зерттеу жұмыстары туралы баяндады. Ғылыми саланы терең зерттеп жүрген Хироюки мырза орталық мамандарымен өз тәжірибесімен және кеңестерімен бөлісті.

Орталық мамандары қонақты қор жұмысымен, құнды сирек кітаптар сақталған көрме залымен таныстырды. Реставрация зертханасы туралы мәлімет беріп, кітап реставрациялауда қолданылатын жапон қағазының маңыздылығы жөнінде айтты.

Кездесу соңында Жапон тарихшысы ұлттық орталық ұжымына зор ілтипатын білдірді. Тарихи құндылықтарымызды мәңгі сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде, игі істерді дамытуда шығармашылық табыстар тіледі.



«ULY DALA MURASY» ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛЫ

2019 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығында тоқсан сайын «ULY DALA MURASY» атты ғылыми-танымдық журнал басылып шығады.

Мақалаларға қойылатын талаптар: «ULY DALA MURASY» ғылыми- танымдық журналының редакциясы әрбір нөмірінде шетелдік авторлардың мақалаларын, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде ғылыми мақалаларды қабылдайды. Журналдың бір санына автордың тегімен (немесе қосалқы авторлықта) бірден артық емес қолжазба беру ғана қарастырылған. Барлық талаптарға сай рәсімделген мақалалар талқылауға қабылданады, редакциялық алқа қолжазбаны іріктеп жариялауға құқылы. Мақалаға автордың келісімінсіз (стилистикалық) шағын түзетулер енгізіледі, ал маңызды түзетулерді талап ететін мақалалар қайта қарау үшін авторға қайтарылады.

Автор (авторлар) журналға жариялау үшін ілеспе хат ұсынуға міндетті. (rarebooks.kz)

Мақаланы редакцияға жолдамас бұрын, ережемен таныс екеніңізге көз жеткізіңіз және ғылыми мақаланы жариялау үшін қойылатын талаптардың толық орындалуын ескеріңіз. (rarebooks.kz)

Мақала мазмұны үшін автор (авторлар) жауапты.

Мақаланы рәсімдеу ережесі: Электрондық нұсқада MS Word (кез келген нұсқада) форматында, Times New Roman, 14 қарпімен интервал – бір, шеті – 2 см., азатжол – 1,25 см.

- көлемі – 0,5 б.т. кем емес (7-8 компьютерлік парақша);
- бірінші парақтың үстіңгі сол жағында ЭОЖ индексі көрсетіледі;
- келесі жолдың оң жағында – автордың тегі, аты-жөні, ғылыми дәрежесі мен қызметі, жұмыс орны;
- келесі жолда мақаланың атауы БАС әріппен жазылады;
- аңдатпа (аннотация) берілуі керек (180-200 сөз); қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде.
- түйінді сөздер. 10-ға дейін кілт сөздерді көрсету керек.
- екі интервал арқылы мақаланың мәтіні орналасады;
- әдебиеттер тізімі, ГОСТ 7.1-2003 талаптарына сай рәсімделеді (әдебиеттер тізімінде дереккөз бір рет беріледі, «Сонда» деген сілтеме қабылданбайды);
- сілтемелер мен нұсқамалар нөмірленген дереккөздерге тік жақшаларда дәйексөздердің соңынан беріледі (үлгі: [1,28 б.]);
- кестелер, формулалар, суреттер беруге рұқсат етіледі. Мақала мәтініне сурет және кесте астына жазылған жазумен бірге орналастырылады (үлгі: Сурет 1. Атауы; Кесте 1. Атауы);
- көрнекті материалдардың (сканерленген түрлі-түсті және ақ-қара графикалық суреттер, диаграммалар) көрінісі 300 dpi-ден кем емес, RGB түрлі-түсті, Gray ақ-қара түсті TIFF форматтарында электрондық тасымалдаушыларда жіберілуі қажет;
- мақала мәтіні автор тарапынан мұқият тексеріліп редакциялануы тиіс. Мақалаға автор туралы келесі қысқаша мәліметтер 3 тілде жазылуы керек. (қазақ, орыс, ағылшын)қоса тіркеледі: тегі, аты-жөні, ғылыми дәрежесі мен қызметі, жұмыс орны, телефон нөмірі, e-mail.

Байланыстар: Астана қ., 010000, Нұржол желек жолы, 12 үй, «Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы» РММ. Тел: (+7172) 769027; 8 705 5460545 E-mail: sirek.kitap@bk.ru, ulydalamurasy@mail.ru;

НАУЧНО-ПОПУЛЯРНЫЙ ЖУРНАЛ «ULY DALA MURASY» (Наследие великой степи)

*С 2019 года в Национальном центре рукописей и редких книг
Министерства культуры и информации Республики Казахстан
ежеквартально выходит научный журнал «ULY DALA MURASY».*

Требования к статьям: Редакция научного журнала «ULY DALA MURASY» в каждом номере принимает статьи зарубежных авторов и научные статьи на казахском, русском, английском языках. В номер допускается подавать не более одной рукописи с фамилией автора (или в соавторстве). Статьи принимаются к рассмотрению при соответствии всем требованиям, редакционная коллегия оставляет за собой право отбора материалов для публикации. Небольшие исправления (стилистического или формального характера) вносятся в статью без согласования с автором, статьи, требующие серьезных исправлений возвращаются авторам на доработку.

Автор обязан представить сопроводительное письмо для публикации научной статьи в журнале. (rarebooks.kz)

Прежде чем отправить статьи в редакцию, убедитесь, что вы ознакомлены с положением и учитываете полное выполнение требований, предъявляемых к публикации научной статьи. (rarebooks.kz)

Ответственность за содержание статей несет автор (авторы).

Правила оформления статей: В электронном виде в формате MSWord (любая версия), Times New Roman, кегль – 14, интервал – одинарный, поля – 2 см., отступ строки абзаца – 1,25 см.

- объем - не менее 0,5 п.л. (7-8 компьютерных листов);
- на первой странице вверху по левому краю указывается индекс УДК;
- на следующей строке справа – инициалы и фамилия автора, ученая степень и должность, место работы;
- на строке ниже ПРОПИСНЫМИ буквами – название статьи;
- аннотация должна быть представлена (180-200 слов); на казахском, русском, английском языках.
- ключевые слова, должны указать до 10 ключевых слов.
- через двойной интервал располагается текст статьи;
- список литературы, оформленный в соответствии с ГОСТ 7.1-2003; (в списке литературы источник указывается один раз, не допускается указания «Там же»);
- сноски и ссылки на источники с нумерацией по мере упоминания даются в квадратных скобках после цитаты (образец: [1, с.28].);
- допускается наличие таблиц, формул, рисунков. Размещаются в тексте статьи, обязательно наличие подрисуночных подписей и подписей к таблицам (образец: Рис.1. Название; Таб.1 Название);
- иллюстративные материалы (отсканированная цветная и чернобелая графика, диаграммы) должны отображаться в наборах электронных данных в цвете RGB, черно-белых форматах TIFF с градациями серого и разрешением не менее 300 dpi;
- текст статьи должен быть тщательно проверен и отредактирован автором.
- Сведения об авторе статьи должны быть написаны на 3 языках. (казахский, русский, английский): фамилия, имя, отчество, ученая степень, ученое звание, должность, место работы, номера служебного и домашнего телефонов, e-mail.

Контакты: г. Астана, 010000, Бульвар Нуржол, д.12, РГУ «Национальный центр рукописей и редких книг». Тел: (+7172) 769027; 8 705 5460545 E-mail: sirek.kitap@bk.ru, ulydalaturasy@mail.ru;

**«ULY DALA MURASY (HERITAGE OF THE GREAT STEPPE)»
SCIENCE-POPULAR JOURNAL**

Since 2019, the National Center of Manuscripts and Rare Books of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan has been publishing a quarterly scientific journal “ULY DALA MURASY”.

Requirements for articles: The editorial board of the scientific journal «ULY DALA MURASY» accepts articles by foreign authors and scientific articles in Kazakh, Russian, and English in each issue. It is allowed to submit no more than one manuscript with the name of the author (or in co-authorship) in the number. Articles are accepted for consideration when all requirements are met, the editorial board reserves the right to select materials for publication. Small corrections (stylistic or formal) are made to the article without the consent of the author, articles requiring serious corrections are returned to the authors for revision.

The author is obliged to submit a cover letter for the publication of a scientific article in the journal. (rarebooks.kz)

Before submitting articles to the editorial office, make sure that you are familiar with the regulations and take into account the full fulfillment of the requirements for the publication of a scientific article. (rarebooks.kz)

Responsibility for the content of articles carries the author (authors).

Formation requirements for the article: The materials in electronic form in MS Word format (any version), Times New Roman, size - 14, line spacing - single, margins - 2 cm, paragraph indent - 1.25 cm.

- total volume should be - not less than 0.5 p. (7-8 computer sheets);
- on the first page at the top, left corner should be UDC index;
- on the next line to the right - the initials and surname of the author, academic degree and position, place of work;
- on the line below in CAPITAL letters - the name of the article;
- the abstract should be submitted (180-200 words); in Kazakh, Russian, English;
- keywords, must specify up to 10 keywords.;
- list of references, prepared in accordance with GOST 7.1-2003; (in the list of references, the source is indicated once, the instructions “In the same place” are not allowed);
- footnotes and references to sources with numbering as far as mentioned are given in square brackets after the quotation (example: [1, p.28].);
- availability of tables, formulas, figures is allowed. Placed in the text of the article, the presence of figure captions and captions to the tables is obligatory (example: Fig.1. Name; Tab.1 Name);
- illustrative materials (scanned color and black and white graphics, charts) should be displayed in electronic data sets in RGB color, black and white TIFF formats with grayscale and a resolution of at least 300 dpi;
- the text of the article should be carefully verified and edited by the author.
- Information about the author of the article should be written in 3 languages. (Kazakh, Russian, English): last name, first name, patronymic, academic degree, academic title, position, place of work, office and home phone numbers, e-mail.

Contacts: *Astana, 010000, 12 Nurzhol Boulevard, National Center for Manuscripts and Rare Books. Tel: (+7172) 769027; 8 705 546 0545 E-mail: sirek.kitap@bk.ru, ulydalamurasy@mail.ru;*

Бас редактордың орынбасары: *К.П. Пәрімбекова*
Жауапты редактор: *М.С. Калиева*
Корректор: *А.Б.Ермишова*
Дизайнер-беттеуші: *С.Ф.Халилов*

Формат 297x42999850 офистік басылым. Қағазы офистік.
Шарты б.т. 20,8.

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі 2019 жылғы 13 ақпанда тіркелген, оған № 17514-ж куәлігі берілген.

Шығу жиілігі: үш айда бір рет шығады.

Журнал Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының жариялау-баспа бөлімінде басылды. Журналдың электронды нұсқасын төменде көрсетілген ресми сайттан көре аласыз.

Автордың көзқарасына редакция жауап бермейді.

Мекен-жайы: Астана қ., 010000, Нұржол желек жолы, 12 үй,
«Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы» РММ.

Тел: (+7172) 769027; 8 705 5460545

E-mail: ulydalamurasy@mail.ru; sirek.kitap@bk.ru

sirek.kitap@bk.ru



<https://rarebooks.kz/>

@sirekkitap



+7 7172 769027

@sirek_kitap



Қолжазбалар және сирек кітаптар

ҚОЛЖАЗБАЛАР ЖӘНЕ СИРЕК КІТАПТАР ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
ЖАРИЯЛАУ-БАСПА БӨЛІМІ
АСТАНА ҚАЛАСЫ. 2023 ЖЫЛ